Ұйымның беделіне неліктен баса назар аударамыз? Осы сұраққа Вейгельт пен Крамерердің еңбегінен жауап тапқандай боламыз. Зерттеушілердің пікірінше, ұйымның беделі кей жағдайларда актив және міндеттеме орнына да жүреді (Weigelt, K., & Cramerer, C.; 1988). Кең таралған пікір бойынша, ұйымның беделіне ішкі және сыртқы факторлар әсер ететіні белгілі (Dutton, J. E., & Dukerich, J. M.; 1991, сондай-ақ Dutton, J. E., Dukerich, J. M., & Harquail, C. V.; 1994).

Қысқа қайырғанда, ұйымның абырой-беделі бәсекелік ортада бірқатар жеңілдіктер немесе басымдықтар береді (Van Riel, C. B. M., & Balmer, J. M. T.; 1997).

Қазіргі прагматикалық өмірдің қарқыны, бүгінгі заманның диалектикасы кез келген зат немесе құбылыстың жылдам ескіріп қалатынын күнбе-күн дәлелдеп отыр. Сондықтан да өзге жоғары оқу орындарымен бәсекеде үнемі жеңіске жетіп отыру үшін әлемнің іргелі жоғары оқу орындары ғылыми-зерттеу қызметімен қатар имидждік саясатқа да ерекше назар аударып келеді.

Өйткені, имидждік саясат жоғары оқу орнының басқару қызметіндегі маңызды құралдардың бірі болып табылады. Жоғары оқу орны сыртқы имидждік саясатының негізгі мазмұнын «Ашық есіктер күні», түрлі жарыстарды, кештерді ұйымдастыру, ғылыми-практикалық конференциялар, байқаулар, олимпиадалар, имидждік жарияланымдар секілді коммуникация арналары құрайды. Сонымен қатар ішкі имиджді қалыптастыру бағытында студенттермен, бітірушілермен, оқытушылармен жұмыстар жүргізіледі.

Зерттеуші Е.А. Какоткинаның айтуынша, «мұндай шаралар екі түрлі функцияны атқарады: біріншіден, жоғары оқу орнының ішінде ортақ мақсат-мүддені көксеген пікірлестер командасын құруға септігін тигізеді; екінші жағынан, жоғары оқу орнының сыртқы беделін нығайтуға, қоғамдағы танымалдылығын арттыра түсуге жағдай жасайды» (Какоткина Е.А., 2016). Н.К. Моисеева «Совокупность представлений, выявленная на основе концепции построения системы формирования имиджа» атты еңбегінде жоғары оқу орны имиджінің құрамдас бөліктері ретінде:

1) студенттер мен оқытушылардың ЖОО туралы түсініктері ретіндегі ішкі имидж, әлеуметтік-психологиялық орта;

2) ЖОО ректорының және ғылыми кеңестің имиджі;

3) білім беру қызметтерінің имиджі;

4) ЖОО қызметін тұтынушылардың имиджі;

5) профессор-оқытушылардың имиджі;

6) әлеуметтік имидж;

7) визуалдық имидж;

8) бизнес-имидж сияқтыларды атап көрсетеді (Моисеева Н.К., 1999). Е.А. Какоткина бұған қосымша түрде ғылыми имидж (жоғары оқу орны ғалымдарының ғылыми жаңалықтары, зерттеулері, т.б.) бен сыртқы атрибутикалардың имиджі (гимн, герб, символика, сәулет, дизайн) де университеттің жалпы имиджін қалыптастыруда ерекше рөл ойнайтынын тілге тиек етеді.

Жоғары оқу орнының имиджін қалыптастыруда онда жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарының өнімділігі, оның қызметтеріне деген өнеркәсіптің сұранысы басты рөлге ие. Бұл аспект имидждің қалған құрамдас бөліктеріне негіз болады (Горчакова В.Г., 2015). Айталық, абитуриент өзі түскелі отырған жоғары мектепті (университет, институт, академия, колледж,) бітіргендер қай салаларда, қандай жоғары лауазымдарда жұмыс істеп жатқанына бірінші кезекте мән береді (Георгий Г.Г., 1998). Мамандық таңдау күрделі әрі қиын процесс екені өздігінен түсінікті. Кәсіби қызмет адам өмірінің үлкен бөлігін – мамандық иелену ниетінің пайда болуынан бастап еңбек жолын аяқтағанға дейінгі аралықты қамтиды. Мамандық таңдау қажеттілігін тұлға мектепті бітіру қарсаңында сезінеді.

Қазіргі әлемде жоғары оқу орнын таңдау мамандық таңдаудың маңызды компоненті болып табылады. Абитуриентке таңдау жөнінде бірер шешімге келу оңайға соқпайды, өйткені білім беру қызметтері нарығында алуан түрлі ұсыныстар оны әр тарапқа жетелейді. Жыл сайын жаңа жоғары оқу орындары пайда болып жатыр, олардың кейбірі жабылып та жатыр.

Осы мәселеге қатысты жүргізілген көптеген зерттеулерде болашақ мамандық пен жоғары оқу орнын таңдау абитуриенттің келесідегі өмірінде үлкен маңызға ие екендігі (Павлов Н.В., Пономарева О.А., 2010); университеттердің көпшілігі абитуриенттерді тарту бойынша жыл сайын жаңа имидждік технологияларды пайдаланатындығы (Захаров С.В., т.б., 2009); нарықтағы ұсыныстың көп болуы тұтынушылардың таңдау мүмкіндіктерін арттырумен қатар, кей жағдайларда шектеп те қоятыны (Лифиц И.М.; 2009) анықталды.

Таңдау алдында тұрған абитуриент ең алдымен жоғары оқу орнының рейтингісіне

қарайтыны белгілі, бұл фактор әсіресе соңғы жылдары өзекті бола бастады.

Әлемнің үздік университеттерін анықтау саласында танымал рейтингілер көпшілік. Солардың ішіндегі QS (World University Rankings) рейтингісі – әлемдік маңызы бар жоғары оқу орындарының білім және ғылым саласындағы жетістіктерін зерттеу бойынша жасалған жаһандық тізім. Оны Британияның Quacquarelli Symonds (QS) консалтинг компаниясы өз әдістемесі бойынша жүргізеді.

Жоғары оқу орнының кәсіби деңгейін және имиджін айқындауда мейлі ұлттық деңгейде, мейлі халықаралық деңгейде болсын, басты сипаттамалардың бірі ретінде оның өнімдерінің (бітірушілері, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері, т.б.) ұлттық және халықаралық деңгейлердегі мойындалуы, сұранысқа ие болуы көзге түседі. Білім беру қызметтерінің сапасы, соның ішінде ғылыми-зерттеу жұмыстары да студенттердің жоғары оқу орнындағы оқу барысында жинаған білімдері, дағдылары және іскерліктері көрсеткіші, бітіруші тұлғасы мен оның қабілеттіліктерінің көрсеткіші, қоғамға бейімделуінің көрсеткіші сияқтыларды қамтиды. Осы орында әсіресе қазақстандық жоғары оқу орындары үшін ғылыми-зерттеу жұмыстары оның қызметінің құрамдас бөлігі болуы тиіс деген пікірді айтар едік. Өйткені, өкінішке қарай, еліміздегі кейбір жекеменшік университеттер қоғамға тек бітірушілерді экспорттап жатыр да, олардағы ғылыми-зерттеу нәтижелері көп жағдайда не пайдаға аспайды, не елеусіз қалып қояды. Бұл олардың ғылыми имиджін қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Сыртқы атрибутикалар кез келген жоғары оқу орнының визуалдық имиджін қалыптастыруға жағдай жасайды. Соңғы кездері Қазақстандағы ірі қалаларда көшелерде, қоғамдық орындарда көлікте кейбір алдыңғы қатарлы университеттердің символдарын, брошюраларын көзіміз шалып жүр. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының имидждік саясатына тән тағы бір құбылыс мынау, көбінесе көктемнің аяғы мен жаз айларында олар белсенді жарнама қызметін жүргізеді. Мысалы, ҚазҰУ-дың айналасы мамыр-шілде айларында алуан түрлі оқу орындарының жарнамасына толатыны сыр емес. Мұны қоғаммен байланыс ғылымында PR-шаралар деп атайды.

Нәтиже

Университет имиджін қалыптастыруда, оны насихаттауда жарнама қызметінің рөлі ерекше екенін жоғарыда айттық. Қазақстан жоғары оқу

орындарының арасында ең табысты жарнама қызметін жүргізу бойынша, біздіңше, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ең көп мүмкіндіктерге ие. Осы пікірді пысықтамас бұрын, оның себептеріне назар аударсақ. Интернеттің қарқынмен дамуы бүгінгі абитуриентке өзі түсетін университетті таңдауда ең тиімді іздеу қызметін ұсынып отыр. Басым көпшілігі қай университетті таңдасам екен деген сұрақпен Интернетке жүгінеді. Университетті таңдарда оның қандай критерийлеріне мән беру қажеттігін түсіндіретін ресурстар да баршылық. Олардың көпшілігінде:

- 1) лицензия және аккредитацияның болуы;
- 2) ЖОО, соның ішінде абитуриент таңдағалы отырған мамандықтың тарихы қаншалықты терең екендігі;
- 3) оның мемлекеттік немесе жекеменшік екендігі;
- 4) оқу барысында өндірістік тәжірибеге жіберу мүмкіндіктері;
- 5) бітірген соң жұмыспен қамтылу мүмкіндігі;
- 6) сабақ кестесінің жасалу ерекшеліктері;
- 7) жатақханамен қамтамасыз ету мүмкіншіліктері;
- 8) бітірушілер мен студенттердің пікірлері;
- 9) профессор-оқытушылардың біліктілік деңгейі;
- 10) халықаралық байланыстары;
- 11) орналасқан жері;
- 12) танымал түлектері;
- 13) жетістіктері;
- 14) рейтингісі т.б. критерийлерге мән беру керек деген кеңестер беріледі.

Осы айтылған критерийлер бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздің үздік университеті екендігі дау тудырмайды.

Мәселен, әлем университеттерінің QS (Ұлыбритания) рейтингісінің 2017 жылғы қорытындыларына орай ҚазҰУ әлемдегі үздік 250 университет қатарына еніп 236 орынды иемденді. Қазақстан ЖОО арасындағы ең үздік университет болып саналады. QS рейтингісіндегі Даму-

шы Еуропа және Орталық Азия елдерінің (EECA – Emerging Europe & Central Asia) 10 үздік жоғары оқу орны қатарына енді. Бұдан тыс, FIBAA еуропалық аккредиттау агенттігі экономика және бизнес Жоғары мектебі мен заң, география және табиғатты пайдалану, халықаралық қатынастар, философия және политология факультеттерінің білім беру бағдарламаларының сапасын үздік деп танып, жоғары бағалауы; ҚазҰУ беделді ThomsonReuters агенттігінің «2011 жылғы ғылым төңірегіндегі жетістіктері үшін» арнайы дипломымен марапатталған Қазақстан Республикасындағы бірінші жоғары оқу орны болуы; халықаралық «GreatValueColleges» ұйымының қорытындысы бойынша әлем бойынша 50 технологиялық дамыған университеттер қатарына кіріп, рейтингте 31 орын иемденуі, сонымен қатар ТМД, Шығыс және Орталық Еуропа, сонымен бірге Сингапур, Жапония, бүкіл Азия құрлығының жалғыз өкілі екендігі; Болон үдерісінің негізгі қағидаларына бейімделуге толық рұқсат беретін және еуропалық ЖОО академиялық саясатының стандарттарына сай EC – TEMPUS, ERASMUSMUNDUS бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасында көшбасшы болып келе жатқаны, ең бастысы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша халық арасында ерекше сенімге ие болғаны секілді көптеген жетістіктері университеттің абитуриенттер армандайтын жоғары оқу орны мәртебесін сақтап қалуына жағдай жасап отыр.

Пікірімізді қорытындылай келе, жоғары оқу орнының имидждік технологиялар және қоғаммен байланыс қызметінің имидждік саясат жөніндегі басты бағыттары ретінде Интернет кеңістігіндегі белсенді қызмет, жоғары оқу орнының қазіргі заманғы телекоммуникациялық құралдарын пайдалана отырып, ақпараттық коммуникациялар жүйесін дамыту; жоғары оқу орнының тартымдылығын анықтау мақсатында жыл сайын жұртшылық пікірін зерттеу, имиджелогиялық концепцияны соның нәтижелеріне негізделе отырып жасау сияқтыларды атап көрсетеміз.

Әдебиеттер

- Горчакова В.Г. (2015) Имиджелогия. Теория и практика. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2015. – 335.
- ЖОО рейтингі бойынша Begin Group компаниясының зерттеуі: <http://begingroup.com>
- Захаров С.В., Сербиновский Б.Ю., Павленко В.И. (2009) Маркетинг. – Киев: Издательский дом, 468 б.
- Какоткина Е.А. (2016) Формирование и использование имиджа регионального вуза на основе концепции имиджевой политики вуза // ВЕПС. – №3.
- Лифиц И.М. (2009). Конкурентоспособность товаров и услуг. – М.: Издатель. 280 б.

- Моисеева Н.К. (1999) Совокупность представлений выявлена на основе концепции построения имиджа // Маркетинг и конкурентоспособность образовательного учреждения. № 5. – 78 б.
- Павлов Н.В., Пономарева О.А. (2010) Маркетинговое исследование. – СПб.: Издательство СПбГТУИ.
- Почепцов Г.Г. (1998) Имиджелогия: теория и практика. – Киев: Издательский дом “АДЕФ-Украина”, 392 б.
- Albert, S., & Whetten, D. (1985). Organizational identity. In L. L. Cummings B. M. Staw (Eds.), Research in organizational behavior (Vol 7), pp. 263- 295. Greenwich, CT: JAI Press.
- Ambrose, S. (1984). *Eisenhower: The President (1952–1969). II. New York: Simon & Schuster.*
- Board for International Broadcasting. Annual Report on Radio Free Europe/Radio Liberty. 1988.
- Botan, C. H. (1997). Ethics in strategic communication campaigns: The case for a new approach to public relations. The Journal of Business Communication, 34, pp. 188-202.
- Columbia Journalism Review. July/August 1986.
- Dougherty, Philip H. (1967). «Advertising: Rosser Reeves Is Back Again». *New York Times*. p. F44.
- Dutton, J. E., & Dukerich, J. M. (1991). Keeping an eye on the mirror: Image and identity in organizational adaptation. Academy of Management Journal, 34(3), pp. 517-554.
- Dutton, J., E., Dukerich, J. M., & Harquail, C. V. (1994). Organizational images and member identification. Administrative Science Quarterly, 39, pp. 239-263.
- Fombrun, C., & Shanley, M. (1990). What’s in a name? Reputation building and corporate strategy. Academy of Management Journal, 33(2), pp. 233-258.
- Gioia, D. A., & Thomas, J. B. (1996). Identity, image, and issue interpretation: Sense-making during strategic change in academia. Administrative Science Quarterly, 41(3), pp. 370-390.
- Gioia, D. A., & Schultz, M., & Corley, K. G. (2000). Organizational identity, image, and adaptive instability. Academy of Management Review, 25(2), p. 63-81.
- Hatch, M. J. & Schultz, M. (1997). Relations between organizational culture, identity and image. European Journal of Marketing, 31(5), pp. 356-365.
- Lee Roy Beach, Terence R. Mitchell (2015). Image theory: Principles, goals, and plans in decision making *Acta Psychologica*, Volume 66, Issue 3, Pages 201-220.
- Moffitt, M. A. (1994). Collapsing and integrating concepts of ‘public’ and ‘image’ into a new theory. Public Relations Review, 20(2), pp. 159-170.
- Newell, S. J., & Goldsmith, R. E. (1997). The development of a scale to measure perceived corporate credibility. Journal of Business Research, 52, pp. 235- 247.
- Seeger, M. W., Sellnow, T. L., & Ulmer, R. R. (1998). Communication, organization, and crisis. In M. E. Roloff and G. D. Paulson, (Eds.), Communication Yearbook 21, pp. 231-275.
- Van Riel, C. B. M., & Balmer, J. M. T. (1997). Corporate identity: The concept, its measurement and management. European Journal of Marketing, 31(5), pp. 340-355.
- Weigelt, K., & Camerer, C. (1988). Reputation and corporate strategy: A review of recent theory and applications. Strategic Management Journal, 9, pp. 443-454.
- <http://student.zoomru.ru/market/issledovanie-rynka-obrazovatelnyh-uslug-s/53645.423148.s8.html>
- <http://gtmarket.ru/ratings/qs-world-university-rankings/info>
- <http://femto.com.ua/news/science/0002.html>
- <http://www.kaznu.kz/kz/14948>

References

- Albert, S., & Whetten, D. (1985). Organizational identity. In L. L. Cummings 7 B. M. Staw (Eds.), Research in organizational behavior (Vol 7), pp. 263- 295. Greenwich, CT: JAI Press.
- Ambrose, S. (1984). *Eisenhower: The President (1952–1969). II. New York: Simon & Schuster.*
- Begin Group kompaniyasynyng zertteui [Research of Begin Group Company]: <http://begingroup.com>
- Board for International Broadcasting. Annual Report on Radio Free Europe/Radio Liberty. 1988.
- Botan, C. H. (1997). Ethics in strategic communication campaigns: The case for a new approach to public relations. The Journal of Business Communication, 34, pp. 188-202.
- Columbia Journalism Review. July/August 1986.
- Dougherty, Philip H. (1967). «Advertising: Rosser Reeves Is Back Again». *New York Times*. p. F44.
- Dutton, J. E., & Dukerich, J. M. (1991). Keeping an eye on the mirror: Image and identity in organizational adaptation. Academy of Management Journal, 34(3), pp. 517-554.
- Dutton, J., E., Dukerich, J. M., & Harquail, C. V. (1994). Organizational images and member identification. Administrative Science Quarterly, 39, pp. 239-263.
- Fombrun, C., & Shanley, M. (1990). What’s in a name? Reputation building and corporate strategy. Academy of Management Journal, 33(2), pp. 233-258.
- Gioia, D. A., & Thomas, J. B. (1996). Identity, image, and issue interpretation: Sense-making during strategic change in academia. Administrative Science Quarterly, 41(3), pp. 370-390.
- Gioia, D. A., & Schultz, M., & Corley, K. G. (2000). Organizational identity, image, and adaptive instability. Academy of Management Review, 25(2), p. 63-81.

- Gorchakova V.G. (2015) Imidzhelogija. Teorija i praktika [Image. Theory and practice]. M.:JuNITI-DANA, 2015. – 335.
- Hatch, M. J. & Schultz, M. (1997). Relations between organizational culture, identity and image. *European Journal of Marketing*, 31(5), pp. 356-365.
- Kakotkina E.A. (2016) Formirovanie i ispolzovanie imidzha regionalnogo vuza na osnove koncepcii imidzhevoj politiki vuza [Formation and use of the image of a regional university on the basis of the concept of image policy of the university] // *VEPS*. №3.
- Lee Roy Beach, Terence R. Mitchell (2015). Image theory: Principles, goals, and plans in decision making *Acta Psychologica*, Volume 66, Issue 3, Pages 201-220.
- Lific I.M. (2009). Konkurentosposobnost tovarov i uslug [Competitiveness of goods and services]. M. Izdatel. P. 280
- Moffitt, M. A. (1994). Collapsing and integrating concepts of 'public' and 'image' into a new theory. *Public Relations Review*, 20(2), pp. 159-170.
- Moiseeva N.K. (1999) Sovokupnost predstavlenij vyyavlena na osnove koncepcii postroeniya sistemy formirovaniya imidzha [The set of representations is revealed on the basis of the concept of building an image formation system] // *Marketing i konkurentosposobnost obrazovatel'nogo uchrezhdeniya*. № 5. – p. 78.
- Newell, S. J., & Goldsmith, R. E. (1997). The development of a scale to measure perceived corporate credibility. *Journal of Business Research*, 52, pp. 235- 247.
- Pavlov N.V., Ponomareva O.A. (2010) Marketingovoe issledovanie [Marketing research]. SPb.: Izdatel'stvo SPbGTUI.
- Pochepcov G. G. (1998) Imidzhelogija: teorija i praktika [Image: theory and practice]. Kiïv: Izdatel'skij dom «ADEF-Ukraina», p. 392.
- Seeger, M. W., Sellnow, T. L., & Ulmer, R. R. (1998). Communication, organization, and crisis. In M. E. Roloff and G. D. Paulson, (Eds.), *Communication Yearbook* 21, pp. 231-275.
- Van Riel, C. B. M., & Balmer, J. M. T. (1997). Corporate identity: The concept, its measurement and management. *European Journal of Marketing*, 31(5), pp. 340-355.
- Weigelt, K., & Camerer, C. (1988). Reputation and corporate strategy: A review of recent theory and applications. *Strategic Management Journal*, 9, pp. 443-454.
- Zaxarov S.V., Serbinovskij B.Yu., Pavlenko V.I. (2009) Marketing [Marketing]. Kiïv: Izdatel'skij dom, p. 468.
<http://student.zoomru.ru/market/issledovanie-rynka-obrazovatelnyh-uslug-s/53645.423148.s8.html>
<http://gtmarket.ru/ratings/qs-world-university-rankings/info>
<http://femto.com.ua/news/science/0002.html>
<http://www.kaznu.kz/kz/14948>

Альжанова А.¹, Тілепберген А.^{2*}

¹филология ғылымдарының кандидаты, доцент,

²журналистика факультетінің PhD докторанты,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан, Алматы қ., *e-mail: akmoldir@list.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ТУРАЛЫ ШЕТЕЛДІК ЖАРИЯЛАНЫМДАР

Жарты ғасырдың тарихи дамуында қазақ кеңестік әдебиеті идеологиялық және көркем биіктерге жетті, бұл бүкіл одақтық көркем әдебиеттің қазынасын толықтырып, байытуға мүмкіндік берді. Батыс және шығыс тілдеріне аударылған кітаптарды таңдау кездейсоқ емес. Халықаралық тілдердің біріне айналған орыс тілінің арқасында әртүрлі халықтардың әдебиетімен байланыс саласы кеңейді. Қазақстан шетелде жарияланған шығармалардың саны жағынан Кеңес Одағы елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып саналады. Шынында, Абайдың өлеңдері, М. Әуезовтің романдары, С. Мұқанов, Ғ. Мүсрепов, Ғ. Мұстафин, Т. Ахтанов, Ә. Нұрпейісов, Б. Момышұлы, Ә. Әлімжановтың шығармалары көптеген шетел тілдеріне аударылып, жарық көре бастады. Батыс Еуропаның Андре Стил, Регион Бержерон, Альфред Курелла, Херберт Кремпыен, Эрхер Хексельшнейдер, Имре Тренчен-Вальдапфель, Людек Грзебичек, Франтисек Сукуп және т.б. сияқты жазушылар мен ақындардың пікірінше қазақ әдебиетінің идеологиялық және көркемдік құндылықтары шығармаларда айқын көрініс тапқанын айтады. Шетелдік тарихшылар үшін қазақ әдебиетінің қоржыны, өзінің ерекше тарихымен, бірегей рухани өмірімен, таңғажайып эстетикалық әлемімен таңданыс туғызды. Мақалада авторлар, қазақ әдебиетіне, дәстүріне, мәдениетіне қызығушылық танытқан шетелдіктердің еңбектеріне сілтеме жасап, елімізді әлемге танытқан ірі тұлғалар жайлы сөз етеді. Сонымен қатар, олардың әлем әдебиетіне қосқан үлесі жайлы жазылады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, ақын, жазушы, шығармашылық жолы, шетелдіктер пікірі, мәдениет, дәстүр.

Alzhanova A.¹, Tilepbergen A.^{2*}

¹Candidate of Philology, Associate Professor,

²PhD doctoral student, Faculty of Journalism,

Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,

*e-mail: akmoldir@list.ru

Foreign publications on the Kazakhs of the early XX century

In the historical development of the early XX century Kazakh Soviet literature reached ideological and artistic heights, allowing to enrich the values of the All-Union fiction. The choice of books translated into Western and Eastern languages is not accidental. Thanks to the Russian language, which became one of the international languages, the area of communication with the literature of different countries expanded. In the article the authors refer to the works of foreigners interested in Kazakh literature, traditions and culture, and talk about the great personalities of our country. Kazakhstan is one of the first countries of the Commonwealth of Independent States in terms of the number of works published abroad. In fact, Abai's poems, M. Auezov's novels, works by Mukanov, G. Mustrepov, G. Mustafin, T. Akhtanov, A. Nurpeisov, B. Momysuly, A. Alimzhanov were translated and published in many foreign languages. According to such Western and poets as Andre Style, Bergeron Region, Alfred Kurella, Herbert Kerprien, Erher Hekelschneider, Imre Trenchen-Valdupfel, Lyudek Grzebichek, Frantisek Souput writers, the ideological and artistic value of Kazakh literature is clearly reflected in the works. For foreign

historians the niche of Kazakh literature was filled with its unique history, unique spiritual life and an amazing aesthetic world.

Key words: Kazakh literature, poet, writer, creative path, publications of foreigners, culture, traditions.

Альжанова А.¹, Тілепберген А.^{2*}

¹кандидат филологических наук, доцент,

²PhD докторант, факультет журналистики,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, *e-mail: akmoldir@list.ru

Зарубежные публикации о казахах начала XX века

В историческом развитии начала XX века казахская советская литература достигла идеологических и художественных высот, позволяя обогащать ценности Всесоюзной художественной литературы. Выбор книг, переведенных на западный и восточный языки, не является случайным. Благодаря русскому языку, который стал одним из международных языков, расширилась область общения с литературой разных стран. Казахстан является одной из первых стран Содружества Независимых Государств по количеству работ, опубликованных за рубежом. Фактически, стихи Абая, романы М.Ауэзова, произведения С. Муканова, Г. Мусрепова, Г. Мустафина, Т. Ахтанова, А. Нурпеисова, Б. Момышулы, А. Алимжанова были переведены и опубликованы на многих иностранных языках. По мнению таких западных писателей и поэтов, как Андре Стиль, Регион Бержерон, Альфред Курелла, Герберт Керпиен, Эрхер Хекельшнайдер, Имре Тренчен-Валдапфель, Людек Грзебичек, Франтисек Сукуп, идеологическая и художественная ценность казахской литературы четко отражена в произведениях. Для иностранных историков корзина казахской литературы была наполнена ее уникальной историей, уникальной духовной жизнью и поразительным эстетическим миром. В статье авторы ссылаются на работы иностранцев, интересующихся казахской литературой, традициями и культурой, и говорят о великих личностях нашей страны.

Ключевые слова: казахская литература, поэт, писатель, творческий путь, публикации иностранцев, культура, традиции.

Кіріспе

«Әдебиет арқылы тұтастай болмаса да, көптеген дүниелерді танып, білуге болады. Қазақ кітаптарында даналықты, қонақжайлылыққа деген сүйіспеншілік қасиетін сезінесіз. Қашықтағы адамдардың өзіндік мәдениетін анықтау үшін бір ғана әңгімелесу жеткіліксіз екені мәлім» Э. Хексельштейн (Э. Хексельштейн, 1967).

Қазақ әдебиеті ғасырлар тереңдігінде тамырланған эпикалық және лирикалық дәстүрлермен сипатталады. XIX ғасырдың ортасына дейін барлық жанрларды (әсіресе ерлік әндерін, лириканы, әндерді, ертегілер мен аңыздарды) қамтитын бай халықтық поэзия қазақ халқының бұрынғы және қазіргі өмір туралы өз көзқарастарын, әдемі болашағының армандарын жалғыз паш етті.

«...Мен Мұхтар Әуезовтің мұражайында болдым, содан кейін ғана мен қазақ және қырғыз халқының алдында қарыздар екенімді түсіндім. Әуезовті әйгілі жазушы ретінде танытымын. Енді мен осы тұлғаның басқа қыры: әлем халықтарына көптеген еңбек жазғанын, шешен, ғалым, қоғам қайраткерлігімен таныстым.

Бәлкім, өткен ғасырларда мұндай адамдарды пайғамбарға теңеуге болар ма еді (Э. Хексельштейн, 1967, 101) деп, Хексельштейн Әуезовтің мұражайынан кейін алған әсерін осылай жеткізген.

Өздеріңізге белгілі, XX ғасырдың тарихи дамуында қазақ кеңестік әдебиеті идеологиялық және көркем биіктерге жетті, бұл бүкіл одақтық көркем әдебиеттің қазынасын толықтырып, байытуға мүмкіндік берді. Жас қазақ кеңестік әдебиеті, ұлттық өмірдің барлық салаларындағы тың мәселелерді көтерді, соның арқасында оның бүкіл одаққа танылуына әкелген осындай көркемдік құндылықтар пайда болды. Нәтижесінде ол біздің елімізге деген тыс жерліктердің қызығушылығын туғызды.

Қазақстандық авторлардың шығармалары Батыс пен Шығыс халықтарының көптеген тілдеріне аударыла бастады. Қазақстан шетелде жарияланған шығармалардың саны жағынан Кеңес Одағы елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып саналады. Шынында, Абайдың өлеңдері, М. Әуезовтің романдары, С. Муканов, Г. Мүсірепов, Г. Мұстафин, Т. Ахтанов, Ә. Нұрпейісов, Б. Момышұлы, Ә. Әлімжановтың шығармалары көптеген шетел тілдеріне аудары-

лып, жарық көре бастады (Ш. Сатпаева, А. Мусинов, 1971, 7).

Германия демократиялық республикасында «Алтын киіз үй» атты үлкен кітапта жиналған қазақ батырлық өлеңдер мен ертегілерінің үлгілері жарық көрді. Болгарияда «Қазақ халқының ертегілері» пайда болды, Абай Құнанбаевтың шығармашылығы мен Жамбылдың поэзиялық жинағы («Сүйіспеншілік пен ашудың әндері») Чехословакияда жарық көрді. М. Әуезовтің «Абай», «Абай жолы» романдары ағылшын, болгар, венгер, вьетнам, неміс, грек, корей, поляк, румын, словак, түрік, француз, чех, хинди тілдеріне аударылды. М. Әуезовтің «Қараш, қараш оқиғасы» повесі неміс және француз тілдерінде, «Сұлулық кезіндегі күйзеліс», болгар, түрік, румын, чех, С. Мұқановтың «Ботагөз» романы поляк және чех тілдерінде, Ғ. Мұстафиннің «Миллионері» болгар, неміс, поляк, румын, чех тілдеріне аударылды, оның «Қарағанды» романы, румын, словак тілдерінде жарық көрді (Ш. Сатпаева, А. Мусинов, 1971, 8).

ГДР-да Т. Ахтановтың «Даладағы конфессиялар» және Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романы жарияланды. Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы француз тілінде жарық көрді (Ш. Сатпаева, А. Мусинов, 1971, 9). Сонымен қатар, шет елдердегі газеттер мен журналдарда сол заманғы ақындардың жекелеген өлеңдері үнемі жарияланып отырды. Шетелдік тарихшылар үшін қазақ әдебиетінің қоржыны, өзінің ерекше тарихымен, бірегей рухани өмірімен, таңғажайып эстетикалық әлемімен таңданыс туғызды.

Батыс және шығыс тілдеріне аударылған кітаптарды таңдау кездейсоқ емес. Халықаралық тілдердің біріне айналған орыс тілінің аркасында әртүрлі халықтардың әдебиетімен байланыс саласы кеңейді. Қазақ өнерінің әдебиеті әлемнің көптеген елдерінде ұлы ұлттық элемент ретінде қабылданады, ол өзін-өзі тану және халық мәдениетімен байланысы бар бай мәдениет ретінде ең бай социалистік өнердің органикалық бөлігі болып табылады. Бұл көптеген елдердегі ең үздік қазақ шығармаларын басып шығарумен қатар, олардың журналдар мен газет беттеріне, ғылыми кітаптарға және танымал оқулықтарға жоғары баға берген жетекші шетелдік жазушылар, сыншылар мен оқырмандардың көптеген мәлімдемелерімен де дәлелденді. Батыс Еуропаның Андре Стиль, Регион Бержерон, Альфред Курелла, Херберт Кремпьен, Эрхер Хекселшнейдер, Имре Тренчен-Вальдапфель, Людек Гржебичек, Франтисек Сукуп және т.б.

сияқты жазушылар мен ақындардың пікірінше қазақ әдебиетінің идеологиялық және көркемдік құндылықтары шығармаларда айқын көрініс тапқанын айтады (Ш. Сатпаева, 1969).

Вернер Браум Әуезовтің «Абай жолы» романын, «... социалистік әлем әдебиетінің ең ұлы туындыларына жатқызылуы керек» деген қорытындыға келеді. Австрияның «Weg und Ziel» газеті өзінің романға берген пікірінде, «тілдің көркемдік сұлулығын, танымал кейіпкерлермен, әдемі боялған сюжеттер және шын мәнінде гуманистік идеялар арқылы жеткізе білген, роман әлем әдебиеті қатарынан орын алуы тиіс (Ш. Сатпаева, А. Мусинов, 1971, 14) деп жазады. Неміс ғалымы Альфред Курелла, «Абай – тарихи батырдың, ұлы ойшыл мен саясаткердің, қазақтың бас ақынының есімі. Ұлы тұлға, XIX ғасырда қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырды», – деп Абайға жоғары баға берген (А. Курелла, 1954).

Ойтолқы

Қазақ авторларының еңбектерінің әлем халықтарының көптеген тілдеріне аударылуы, олар туралы жетекші жазушылар мен сыншылардың шолулары, шетелдік оқулықтар мен зерттеулердегі қазақ әдебиетінің дамуының объективті сипаттамасы қазақ әдебиетінің жаңа деңгейге көтерілуінің белгісі. Осыларды оқып білген халық, Англиядан келген Дж. Уилер мен АҚШ-тың Т. Виннердің жазғанына сенуге бола ма? 1958 жылы қазақ әдебиетінің тарихи дамуының қасақана бұрмаланған «Орыс Орта Азия қазақтарының ауызша шығармашылығы мен әдебиеті» атты кітабы жарық көрді (Т. Виннер, 1958). Әрине, жақтаушы бар жерде даттаушы да қатар жүретіні бәрімізге мәлім. Бұл кітапта автор, қазақ және орыс халықтарының арасындағы достықтың пайда болуына түрткі болуға тырысады және заманауи қазақ ұлттық әдебиетінің гүлденуін көрмейді. Қазақ әдебиетінің тарихын бұрмалау және бұрмалаушылықпен күресу кезінде авторлар шығармаларын шет елде жариялау және олар туралы белгілі батыс мәдениет қайраткерлерінің мәлімдемесі сөзсіз орындалады және болашақта шынайы жағдайды айқындайтын ізгі функцияларды орындайды.

Шетелдіктер қазақ халқының әдебиетіне ғана емес, дәстүрі мен мәдениетіне де аса зор қызығушылық танытты. Оған дәлел Жамбылдың 75 жылдығына байланысты шетелдіктердің жіберген құттықтау хаттары. Бұл хаттардан Жамбылдың қазақ даласының шекарасын кесіп өтіп, бү-

кілодақтық және әлемге танымал болғандығын білеміз. Танымал шетел жазушылары Роман Роллан былай деп жазды: «Батыс Альпінің жүрегінен Қазақстанның даласына, Жамбылға құттықтауында – қазақ халқының әншісі және бірегей азаматы» (Ю. Зенюк, 1961) десе, белгілі дат ақыны Мартин Андерсен Нексе: «Сіз, ең бақытты жансыз, сіз көшпелі өмір салтынан жоғары совет мәдениетіне дейінгі аралықта қызықты да еркін өмір сүрдіңіз, сүріп келесіз де» (В. Неустроев, 1951) деген құттықтау лебізін жіберген.

Ұлы Отан соғысы кезінде Батыста Жамбылдың танымалдығы арта түсті. Прогрессивті шетелдік жазушылар ақынды Кеңестік отанына деген терең сүйіспеншіліктен туған әндерінен танып білді. 1943 жылы Нью-Йоркте жарияланған Біріккен Ұлттар Ұйымы шығарған соғыс тақырыбындағы поэзия жинағына «Біздің туған жеріміз үшін» өлеңінің енуі кездейсоқ емес.

Чехословакияда жарияланған Жамбылдың еркін стиліндегі өлеңдер кітабы «Сүйіспеншілік пен ашулану әндері» деп аталады, сондай-ақ ол туралы мерзімді баспасөз («Людова культуры», «Пратсе») шолуларында мазмұнның, поэзия мен ұлт байлығының әртүрлілігінен басқа, әншінің туындыларының білім беру құндылығы ерекше аталып өтті.

Венгер жазушысы, мемлекеттік сыйлығының лауреаты Кошутто Андор Габор (1884-1953) ұлттық әншінің шығармашылығын аударуға және зерттеуге көп көңіл бөлді. Румындық мүсінші К. Бараски Бухарестте Херестрау саябағында орналасқан Жамбылдың мүсінін орнатты.

Венгриялық ғылым академиясының академигі, Имре Тренчени-Вальдапфель (1891-1970), қазақ совет жазушылары шығармашылығын кеңінен тарату мәселесінде көп еңбек етті (И. Тренчени, 1941). Венгриялық ғалымның ғылыми жұмысында қазақ әдебиетін зерттеу маңызды орынға ие болды. Қазақ ақындары мен жазушыларының ең жақсы шығармаларын түпнұсқадан аударып, қазақ әдебиеті туралы бірнеше қызықты мақала жазды.

1955 жылы Будапештте Жамбыл туралы кітап жарық көрді. Жамбылдың өмірлік және шығармашылық жұмыстарының негізгі кезеңдері туралы егжей-тегжейлі айтылып, Валпарфель

«әрқашан өз халқының жолымен сәйкес келетін ақындық шығармашылығы тарихи оқиғалар кезінде ең үлкен биіктікке дейін көтерілді» деп баса назар аударды. Зерттеу соңында венгриялық академик былай деп жазады: «... Қазақ поэзиясының ғасырлық дәстүрлері Жамбылдың домбырасы арқылы кеңінен таралды» деген пікір қалдырады.

1951 жылы Болгарияның «Халық мәдениеті» баспасынан «Қазақ халық ертегілер» жинағы жарық көрді. 1956 жылы Германия Демократиялық Республикасында қазақтың халық эпосы жайында «Алтын киіз үй» ертегілер жинағы жарық көрді. Оны Берлиндегі «Мәдениет және даму» атты ең ірі баспа үйінің бірі жариялады. Жинақ екі бөліктен тұрады, алғашқы бөлімінде «Қозы-Көрпеш және Баян Сұлу», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек» эпостары енгізілген, екінші бөлімінде, «Балтеке би», «Жақсы мен жаман», «Ермек бала», «Қырық өтірік», «Жиренше шешен және Қарашаш сұлу», «Бала мен қасқыр» сияқты ертегілер енді. Бұл жинақтың құрастырушысы белгілі жазушы және қоғам қайраткері Бела Балаш (1884-1949) болып табылады (Ш. Сатпаева, А. Мусинов, 1971, 15). Есмағамбетовтың шығармаларында Кеңестік тарихнамада ұсынылған (Есмағамбетов, 1979). Сондай-ақ, Л. Крадер (Крадер Л., 1963) қазақтың этносының қалыптасуын зерттеді, қазақ жерінің географиялық сипаттамасын берді және 1917 жылға дейінгі Қазақстан тарихының кейбір мәселелерін жазды.

Қорытынды

Б. Балаш қазақ батырлық эпосы мен ертегілерін «гүлдердің таңқаларлық толықтығы, формалардың тұтастығы бар өнер туындылары» деп санайды. Ол әлі күнге дейін белгісіз қазақ халық шығармаларының әлемдік әдебиеттің биік сатысында пайда болуының тарихи оқиғаға теңестірілетініне сенімді болды. Балаш өзінің асыл ісінің жемісін көре алмады, ол осы бай материалды жүйелеп, басып шығаруға үлгермesten дүниеден өтті. Қазақтың халық шығармашылығын іріктеу және өңдеуді белгілі неміс ақыны және аудармашысы Эрик Мюллер жүргізді.

Әдебиеттер

- Виннер Т. (1958) Устное творчество и литература Центральной Азии. Университетская пресса Дьюка.
Зенюк Ю. (1961) Андре Стиль о певце казахского народа // Алматинская правда, 4 октября.
Курелла А. (1954) Судьба в сердце Азии // Ежедневный обзор, 15 декабря.

- Есмағамбетов К.Л. (1976) Истина и ложь. Англо-американская историография в Казахстане. – Алма-Ата, 98 с.
Крадер Л. (1963) Народы центральной Азии. – Гаага, 107 с.
Неустроев В. П. (1951) Мартин Андерсен-Нексе: Жизнь и творчество. – Москва.
Сатпаева Ш.К., Мусинов А.О. (1971) Казахская литература в оценке зарубежной критики. – Алма-Ата, 7 с.
Сатпаева Ш. К. (1969) Қазақ әдебиетінің шетелде зерттелуі. Жұлдыз журналы, №8, 151-153 б.
Тренчени-Вальдапфель Имренің мақалалар жинағынан, Академиялық баспа үйі, Будапешт, 1941.
Хексельншнейдер Э. (1967) Совет одағы халықтарының әдебиеттері. Лейпциг, 86 б.

References

- Esmagambetov K.L. (1976) Ystyna y lozh. Anglo-Amerikanskaya ystoriografya v Kazakhstane[Reality and falsification. Anglo-American historiography of Kazakhstan]. Foresight-Russia, Alma-Ata, pp 98
Kurella A. (1954) Sudba v serdse Azyy[Destiny in the Heart of Asia]. Foresight-Russia. Ezhednevny obzor 15th December.
Krader L. (1963) Narody centralnoy Azyy[Peoples of Central Asia] Foresight-Russia, Gaaga pp 107.
Khekselnshneyder E. (1967) Sovet odagy khalyktarynyn adebyetynen[from the literature of the Soviet peoples] Foresight-German, Leypcig, pp 86.
Neustroev V.P. (1951) Martyn Anderson Nekse: Zhizn I tvorchestvo[Martin Andersen-Nexe: Life and Creativity]. Foresight-Russia, Moskow, pp 56
Satpayeva Sh.K., Musinov A.O. (1971) Kazakhskaya literatura v otcenke zarubezhnoy kritiki[Kazakh literature in the evaluation of foreign criticism] Foresight-Russia, Alma-Ata, pp 7
Satpayeva Sh.K. (1969) Kazakh adebyetinin shetelde zerttelui[research of Kazakh literature abroad] Foresight-Kazakh. Zhuldyz zhurnaly, №8, pp 151-153.
Trencheny-Valdapfel Ymrenyn makalalar zhynagynan(Budapesht 1941)[From collections of articles Ymre Trenchy Valdapfel].
Winner T. (1958) The Oral Art and Literature of the Kazakhs of Russian Central Asia Durham: Duke University Press
Zenyk Yu. (1961) Andre Style o pevce kazakhskogo naroda[Andre Style about the singer of the Kazakh people] Foresight-Russia, Almatynskaya pravda, 1961. 4th oktober

Есенбекова У.М.

кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Казахстан, г. Астана, e-mail: ultmudde@mail.ru

РОЛЬ СРЕДСТВ МАССОВЫХ КОММУНИКАЦИЙ В СОХРАНЕНИИ ДУХОВНОГО И КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ НАРОДА

В статье рассматривается потенциал медиакультуры как источника для возрождения и сохранения национальных традиций. Автор изучает возможность передачи будущим поколениям информации о культурно-историческом прошлом народа или человечества в целом. На примере телепрограмм Казахского телевидения выявлены качественные характеристики телевизионных проектов, призванных продвигать национальные ценности. Даны рекомендации по обогащению содержания телевизионных передач, имеющих культурную и историческую проблематику. К примеру, такие как обращение особого внимания на выдержанность жанрового своеобразия, тематическую целостность, контент, и подбор подходящего музыкального сопровождения и видеоряда. Сегодня, в эпоху глобализации, большая обеспокоенность проявляется в связи с проявлением на телеэкранах национальной культуры на втором плане. Поэтому, теперь пропаганда и сохранение культурно-исторических ценностей являются ключевыми составляющими отечественного телевидения, благодаря которому молодежь, подрастающее поколение будет бережно относиться к национальным богатствам своей нации, к истории предков и плодам их труда. Практическая ценность и новизна результатов исследования заключаются в его вкладе в осмысление эффективности реформ в области телевидения в Республике Казахстан.

Ключевые слова: средства массовой информации, телепрограмма, медиакультура, национальные традиции, культура, информационный контент.

Есенбекова Ұ.М.

филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ., e-mail: ultmudde@mail.ru

Бұқаралық коммуникация құралдарының халықтың рухани және мәдени мұрасын сақтаудағы рөлі

Мақалада ұлттық дәстүрлерді қалпына келтіру және сақтау үшін БАҚ мәдениетінің әлеуетін анықтау және зерттеу мәселелері қаралған. Автор болашақ ұрпаққа халықтың немесе адамзаттың мәдени және тарихи мұрасы туралы ақпарат беру мүмкіндігін зерттейді.

Қазақ теледидары бағдарламаларының мысалында ұлттық құндылықтарды насихаттауға арналған тележобалардың сапалық сипаттамалары анықталды. Телевизиялық бағдарламалардың мазмұнын мәдени және тарихи тұрғыдан байытуға арналған ұсыныстар жасалды. Мысалы, бағдарламалардың жанрлық ерекшеліктеріне, тақырыптық тұтастыққа, контентке ерекше көңіл бөліп, олардың сақталуын бақылап, үйлесімді музыкалық сүйемелдеуді және сапалы бейнематериалдарды іріктеп алу. Қазіргі таңда, жаһандану дәуірінде, ұлттық мәдениетті насихаттайтын көріністердің саны теледидар экрандарында азаюы үлкен алаңдаушылық тудырады. Сондықтан, мәдени мен тарихи құндылықтарды насихаттау және сақтау отандық теледидардың негізгі функциялары болып табылады. Осылайша, жастар мен өскелең ұрпақ өз ұлтының құндылықтарын ұмытпау, ата-бабалардың тарихы мен қалдырған ізіне өзгеше көзқараспен қарайтын болады. Зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік құндылығы мен жаңалығы Қазақстан Республикасындағы телевизия саласындағы реформалардың тиімділігін зерделеуге қосқан үлесі деуге болады.

Түйін сөздер: БАҚ, теледидар бағдарламасы, медиа мәдениет, ұлттық дәстүрлер, мәдениет, ақпараттық мазмұн.

Ulbossyn M.Y.

candidate of philological sciences, associate professor, Eurasian National University. L.N. Gumilev, Kazakhstan, Astana, e-mail: ultmudde@mail.ru

The role of mass media in preserving spiritual and cultural heritage of the people

The aim of the article is to identify and study the potential of media culture as a source for the revival and preservation of national traditions. The author studies the possibility of transferring to future generations information about the cultural and historical past of the people or of humanity as a whole. On the example of the television programs of the Kazakh television, the qualitative characteristics of television projects designed to promote national values have been revealed. Recommendations are given for enriching the content of television programs with a cultural and historical perspective. To illustrate, they are: paying specific attention to the consistency of genre originality, thematic integrity, content; the selection of consistent music and video. Today, in the era of globalization, great concern is expressed at the manifestation of national culture on television screens in the background. Therefore, now the promotion and preservation of cultural and historical values are the key components of the domestic television, thanks to which young people, the younger generation will take care of the national wealth of their nation, the history of their ancestors and the fruits of their work. The practical value and novelty of the research results lie in its contribution to understanding the effectiveness of the reforms in the field of television broadcasting in the Republic of Kazakhstan.

Key words: mass media, TV program, media culture, national traditions, culture, information content.

Современная культура, и прежде всего медиакультура является мощнейшим инструментом воздействия на коллективное сознание крупной зрительской аудитории и даже населения страны в целом. Именно современное телевидение и другие СМИ влияют на предпочтения, цели, образ жизни, самоидентификацию и нравственно-моральные ценности людей. Тем более актуальной в эпоху глобализации, международной интеграции, англоизации, урбанизации и «отрыва от национальных корней» после обретения Республикой Казахстан независимости становится проблематика национальной идентичности в целом и сохранения традиций и обычаев, национальной культуры и ее пропаганды в частности (Ашимбаев С., 1993, Абдеев Р.Ф., 2014).

В этой связи телевидение как поставщик информационного и развлекательного контента может воздействовать на аудиторию и позитивно, и негативно в зависимости от политики конкретной телекомпании, от общеполитического вектора развития страны и даже от требований цензуры. Так, применительно к национальной проблематике есть опасность того, что национальное будет отодвигаться на второй план, что редакционная политика будет ориентирована на нивелирование национальных различий. При этом проявления национальной культуры, например, таких как язык, национальный костюм, фольклор, обряды, ремесла и прочее, могут позиционироваться на телеэкране как устаревшие, смешные, немодные, не вызывающие уважения (Валиди З., 1996, Ноэль-Нойман, 2003).

С другой стороны, они могут позиционироваться как вызывающие уважение и интерес, привлекательные, яркие, интересные для гостей страны, наполненные глубоким духовным содержанием, как культурно-исторические ценности, своей оригинальностью и аутентичностью внесшие вклад в мировую культуру (Азаматов Д.М., 2002, Айзенк Г. Ю., 1999).

В начале девяностых годов прошлого столетия казахстанское телевидение и радио претерпели целый ряд глубинных реформ. Перед ними были поставлены новые, нелегкие задачи: выполнять общественно-полезную функцию, защищать общенациональные интересы, принимать во внимание запросы различных слоев многонациональной республики, соответствовать самым строгим этическим стандартам, быть политически неангажированным, а также эффективно и четко передавать населению суть государственной политики. То есть во главу угла было поставлено качество информации (Малик Е.Н., 2007, Конюхова Т.В., 2005, Андреев С. С., 1996).

В той или иной степени, всякое информационное сообщение или произведение культуры перекликается с историей народа, в том числе с современной. В рассмотренной продукции современной телекультуры, в частности – телевизионной, наблюдается интенсивное осмысление событий древности и средневековья: в основном, со времен Тюркского каганата до XV века. Однако телепередачи, демонстрирующие такую перекличку или напрямую являющиеся опытом осмысления национальной истории,

представляются рядовому зрителю трудными для понимания, скучными. Им не удается долго удерживать интерес зрителя (Бязрова Дж. Б., 2001, Ермаков Ю. М., 1995).

В них не ставятся вызывающие интерес и любопытство вопросы. Вместо этого с экрана звучат заученные, избитые фразы, сопровождающиеся монотонным чтением текста и клише, констатирующими, какими были наши предки. Такая практика чревата тем, что создает неверные, искаженные представления о национальной и мировой истории, о своем месте в ней и месте народа, к которому принадлежит. Например, кочевники, набеги которых опустошали пастбища и деревни оседлых народов, нередко воспринимаются как воинствующие дикари. И редко кто вспоминает о том, что эти же самые народы, например, печенеги из низовьев р. Сырдарья, создавали лучшие образцы человеческой материальной и выдающиеся образцы духовной культуры (Среднерусский вестник общественных наук, 2014, Косиченко А.Г. 2008, Валитов О. К., 1999).

Национальные богатства казахов – язык, верования, все, что объединяется понятием культуры – преодолели тернистый путь в ходе истории, но по-прежнему отражают самое главное – душу народа. Без них невозможно духовное обновление нации и надежда на будущее. Поэтому перед человечеством во все времена стоит главная задача: воспитать здоровое, сознательное потомство, способное продолжить дело отцов и дедов, прожить честно, строить гармоничный мир, насыщенный не только материальными, но и духовными ценностями. Развитие детей невозможно без опоры на культурно-исторические ценности. Активная пропаганда и сохранение национальных традиций означает, что молодежи будет привито бережное отношение к истории предков и плодам их труда. Означает, что в ребенке будет воспитываться высокодуховная личность, четко соотносящая себя со своей нацией (Варакута С. А., 2003, Васильев А., 2010).

В процессе культурно-исторического развития люди приспосабливаются к окружающей среде и требованиям эпохи, поэтому обычаи и традиции, охраняемые силой общественного мнения, постепенно меняются. Это касается и образа жизни, и мировоззрения, и правил поведения, и пересмотра истории. В этом аспекте элементы национального прошлого приобретают новую значимость, так как традиции тесно связаны с психологией и их динамика зависит от динамики развития общества (Грачев Г. В., 2003).

Таким образом, Казахскому телевидению рекомендуется более внимательно относиться к тому, как показано историческое прошлое, с каким подтекстом подаются ценности и достижения народной культуры. Кроме того, рекомендуется обращать внимание на тематическую целостность, выдержанность жанрового своеобразия, композиционные особенности не только отдельной телепрограммы, но и цикла телепередач в целом. Необходимо тщательно подбирать музыкальное сопровождение и видеоряд, так как любая мелодия или видеофрагмент иллюстрирует, дополняет, объясняет основную мысль, то сообщение, которое хотят передать авторы телепроекта (Грехнев В. С., 2003).

Отечественное телевидение должно удовлетворять как материальные, так и духовные потребности зрителей, это очевидно. В этой связи основной становится задача представить те культурно-исторические ценности, которые большинство зрителей в реальной жизни не видело и не увидит, но желает этого. Зритель хочет путешествовать вместе с ведущими и режиссерами. Содержательная программа путешествия в конце должна подвести зрителя к нужным размышлениям и итоговому выводу (Брайант Дженингс, 2004, Казахстанская правда, 1994).

В годы Перестройки казахская национальная культура столкнулась с определенными трудностями при отражении национального наследия на телеэкранах. Несмотря на это, именно тогда была создана телепрограмма «Тайбурыл» благодаря талантливым тележурналистам С.Байхонову и С.Жанболатову. Не лишним будет отметить, что они пошли на некоторый риск, поэтому телепрограмма получила в обществе определенный резонанс.

Как эти примеры, так и рассмотренный цикл подтверждают, что в любые времена создавать медиапродукт достаточно нелегко, так как речь идет о национальной проблематике. Особенно это верно для тех программ, которые предполагают горячие дебаты или глубокую аналитику. Это нелегко, т.к. велик риск услышать обвинения в шовинизме или национализме (Денисов В., 2000, Зеленко Б. И.).

Все вышеприведенные примеры медиаконтента «идут в ногу» с международными усилиями по продвижению и сохранению национального культурного наследия разных народов, особенно малых, а также национальных меньшинств. Подобные инициативы

призваны быть своего рода противовесом глобализации и англоизации общества. Безусловно, доминирование чуждой культуры (языка и т.п.) было характерно для многих обществ в разное время. Например, французского языка в России в XIX веке. Однако лучшие люди во все времена подчеркивали необходимость борьбы за свое, за национальное, за сохранение своих корней (Bimber B., 2005, Назаров М.М., 2004, Диденко Б., 1997).

Борец за независимость тюркских народов Валиди в своем прощальном письме бакирскому народу призывал, не смотря ни на что, обучать детей родному языку, развивая их потенциал для того, чтобы они стали грамотными техническими специалистами или учеными. Одновременно с этим он призывал защищать религию, не видя противоречий с развитием науки. С его точки зрения, религия и язык являются именно теми двумя элементами, что лежат в основе всякой нации. Валиди предсказывал, что народ не раз испытает на себе самые изощренные способы, целью которых является лишение этноса этих основ. Он призывал действовать в рамках закона, но, если иначе защита родного языка и верований невозможна, то допустимым он считал и тайную борьбу в обход закона (Сиберт Ф. С., Шрамм У., 2005, Социология власти, 2005).

- Zero.kz. Казахстанский рейтинг. Сервис Интернет-статистики (2018, январь 20). Режим доступа: <https://zero.kz/?c=11&sr=kz&pd=86400>.
- Google Trends. Анализ поисковых запросов (2018, январь 20). Режим доступа: <https://trends.google.ru/trends/explore?>
- Электронная энциклопедия. Wikipedia (2018, апрель 1). Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
- Central Asia. Kazakhstan. The English Language in Kazakhstan (2018, апрель 1). Режим доступа: <https://www.lonelyplanet.com/thorntree/forums/asia-central-asia/kazakhstan/the-english-language-in-kazakhstan>.

References

- Gorbachevskij A.A. (2011) *Teorija jazyka. Vvodnyj kurs: uchebn. Posobie* [Theory of language. Introductory course: textbook] M.: Flinta: Nauka.
- Dzh. Dzhejsi Cho. (2008) Funkcionirovanie neologizmov v jazyke gazety [The functioning of neologisms in the language of newspaper] *Russian Language Journal*, 58, 133-157.
- Druzhchenko T. P. (2014) Precedentnye teksty v mezhlukturnoj kommunikacii i v uchebnom processe [Precedent texts in intercultural communication and in the educational process] *Universum: Psihologija i obrazovanie*, 3(4), 3-8.
- Erofeeva T.I. (2010) Lokal'naja edinica v gorodskoj literaturnoj rechi kak rezul'tat dialoga dvuh jazykovyh system [Local unit in urban literary speech as a result of a dialogue of two language systems]. *Vestnik LGU im. A.S. Pushkina*, 3, 71-78.
- Ivanova M.V. (2008) Izuchenie neologizmov v sfere sel'skogo hozjajstva na zanjatijah po anglijskomu jazyku [The study of neologisms in the field of agriculture in the English classroom]. *Mir lingvistiki i kommunikacii*, 11, 32-34.
- Kajbuldaeva A.Z. (2012) Tendencii obrazovaniya i razvitiya neologizmov v russkom jazyke [Trends in the formation and development of neologisms in the Russian language]. *Vestnik KazNU. Serija filologicheskaja*, 2(136), 198-201.
- Krysin L.P. (2010) *Uchebnyj slovar' inostrannyh slov* [Educational dictionary of foreign words]. M.: Jeksmo.
- Lopatin V.V., Lopatina L.E. (2011) *Tolkovyj slovar' sovremennogo russkogo jazyka* [Explanatory dictionary of the modern Russian language]. M.: Jeksmo.
- Murav'ev V.L. (1971) O jazykovyh lakunah [About language gaps]. *Inostrannye jazyki v shkole*, 1, 97.
- Mjuller V.K., Shevnin A.B., Brodskij M.Ju. (2010) *Bol'shoj anglo-russkij slovar'* [The Big English-Russian Dictionary]. M.: AST; Ekaterinburg: U-Faktoriya.
- Nazari F.T. (2014) K voprosu o sohranении nacional'nogo svoeobrazija teksta pri perevode [To the issue of preserving the national identity of the text during the translation]. *Vestnik KGU im. Nekrasova*, 5, 185-188.
- Neljubin L.L. (2003) *Tolkovyj perevodovedcheskij slovar'* [Explanatory translation dictionary]. M.: Flinta: Nauka.
- Porshnev B.F. (1966) *Social'naja psihologija i istorija* [Social psychology and history]. M.: Nauka.
- Syzdykova R.G., Husain K.Sh. (2002) *Kazahsko-russkij slovar'* [Kazakh-Russian dictionary]. Almaty: Dajk-press.
15. Cho Dzh. (2004) *Sostav i funkcionirovanie neologizmov v jazyke gazety* [Composition and functioning of neologisms in the language of newspaper] (dissertacija kandidata nauk). MGU.
16. Chzhan Ju., Golovnja A. I. (2014) Reprezentacija neologizmov v sredstvah massovoj informacii RF i RB [Representation of neologisms in the mass media of the Russian Federation and the Republic of Belarus]. *Karpovskie nauchnye chtenija: sb. nauch. st.*, 8 (2), 138-142.
17. Baidrakhmanov D., Doszhan G. (2014) Historical and Sociolinguistic Aspects of Use of Anglicisms in the Kazakh Language. *2nd Global Conference on Psychology Researches*, 10.
18. Florescu O. (2014) Positive and Negative Influences of the Mass Media upon Education. *Social and Behavioral Sciences*, 149, 349 – 353.
19. Happer C., Philo G. (2013) The Role of the Media in the Construction of Public Belief and Social Change. *Journal of Social and Political Psychology*, 1. 96.
20. Homulo L. (2009) Neolojical Burst in Mass-Media. *Editura Europlus*, 3382, 259 – 263.
21. Johnson M. (2017, March 5) Why words die: How to keep lexical treasures from keeling over. *Economist*, pp. 3-6.
22. Korkonosenko S. G. (2013) Mediapolis: new environment, new life, new research prospects. *Journal of International Scientific Publications: Media and Mass Communication*, 2, 314-325.
23. Lasswell H. D. (1949) *Language of Politics: Studies in Quantitative Semantics*. N.-Y.: G.W.Steward.
24. Long P. (2018) Thinking about media as texts, *Media texts and meanings* (pp. 1 – 34).
25. Silverstone R. (2007) *Media and morality: on the rise of the Mediapolis*. Cambridge: Polity Press.

26. Zhanabekova M., Barlybayeva S., Myssayeva K. (2014) Development of Mass Media in Kazakhstan. *Social and Behavioral Sciences*, 159, 512 – 516.
27. Wilson M. (2018) The role of the media in developing a shared moral understanding. *The Social Science Journal*, 55, 34-36.
- Electronic resources:
1. Zero.kz. Kazahstanskij rejting. Servis Internet-statistiki (2018, janvar' 20). Rezhim dostupa: [https://www. zero.kz/?c=11&sr=kz&pd=86400&p=18](https://www.zero.kz/?c=11&sr=kz&pd=86400&p=18).
 2. Google Trends. Analiz poiskovyh zaprosov (2018, janvar' 20). Rezhim dostupa: [https://www. trends.google.ru/trends/explore?date=today%205y&q=ujatmen](https://www.trends.google.ru/trends/explore?date=today%205y&q=ujatmen).
 3. Jelektronnaja jenciklopedija. Wikipedia (2018, aprel' 1). Rezhim dostupa: https://www.wikipedia.ru/wiki/Pervyj_kanal_Evrazija.
 4. Central Asia. Kazakhstan. The English Language in Kazakhstan (2018, aprel' 1). Rezhim dostupa: <https://www.lonelyplanet.com/thorntree/forums/asia-central-asia/kazakhstan/the-english-language-in-kazakhstan>.

4-бөлім
**ЭЛЕКТРОНДЫ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫ**

Раздел 4
**ЭЛЕКТРОННЫЕ СРЕДСТВА
ИНФОРМАЦИИ**

Section 4
**ELECTRONIC MASS
MEDIA**

Қабылғазина К.¹, Әлім Ә.², Белғараева А.³

¹профессор міндетін атқарушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Kabylgazina.klara@mail.ru

²аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.,

³әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**ҚАЗАҚ ТЕЛЕВИЗИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА
ЖАҒАНДЫҚ ЫҚПАЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Зерттеудің мақсаты – тарихи материалдар арқылы бүгінгі күннің бөлінбес бөлшегіне айналып отырған телевизияның эволюциялық дамуын дәлелдеу. Қазақ телевизиясының даму сатыларын қарастыра отырып, шетел телевизиясының даму бағыттарымен салыстыру. Қоғамдық сана мен қоғамдық пікірді қалыптастырудағы әсерін зерделеу. Құрылғанына 60 жыл толып отырған Қазақ телевизиясының тарихи даму жолының алғашқы кезеңдерін айқындау. Эволюциялық даму жолындағы әлеуметтік және саяси жүйелердің әсерін көрсету. Батыстық телевизияның даму жолдарын қарай отырып, қазақстандық телевизияның функцияларын анықтау, осылайша бүгінгі күнгі телевизияның рөлін сараптау мақаланың негізгі аспектісі болып табылады.

Маңызды қоғамдық құбылыстың бірі – телевизияның адамдар өміріне енуі. Қазақстандағы алғашқы телестудия тұңғыш хабарын 1958 жылы 8 наурыз күні ресми түрде эфирге шығарып, алғашқы отандық телекамералар мен техникалық телеорталық Алматы қаласында іске қосылған болатын. Алғашқы жылдары телевизия мамандары жетіспегендіктен газет және радиожурналистері қызметке шақырылған болатын. Сондықтан да, газет, радио материалдарының айдарлары көп қолданылатын. Көбінесе одақтық телевизия хабарлары пайдаланылып, күніне берілетін 5 сағаттық хабар сеткасы одақ және республика жаңалықтарымен толтырылатын. АҚШ телевизиясы пайда болғаннан 37 жылдан кейін біздің елде телевидение ашылып отыр. Біріншіден, 37 жыл айырмашылық өте үлкен мерзім, екіншіден, Қазақстанның телевидениесі көп уақыт бойы тоталитарлық жүйенің құрбаны болды. Сол себептен де жоғары деңгейде дами алмады. Алайда, қазіргі тұста жаһандық үлгіге бет бұрып, дамыған елдер үлгісінде хабар тарата алуда.

Түйін сөздер: телевизия, эволюция, шетел телевизиясы, қоғамдық сана, телекамера, техника, телеорталық, тоталитарлық саясат.

Kabylgazina K.K., Alim A., Belgarayeva A.

¹u.o. professor, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Kabylgazina.klara@mail.ru

²st. teacher, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

³Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

The impact of globalization on the development of Kazakh television

The purpose of studying historical materials, which become an integral part of the day today through television, taking into account the stages of evolutionary development of Kazakh television. Television in the formation of public consciousness and public opinion, which marks 60 years of its existence, the study of the influence of the historical development of Kazakh television on the first stages of the road. To determine the evolutionary development of social and political systems. Western influence on the ways of determining the functions of Kazakhstan television, with reference to the development of television, so today's article is the study of the role of television as the main aspect. One of the most important public phenomena is television access to people's lives. The first TV studio in Kazakhstan was officially broadcast on March 8, 1958, the first domestic television and television center in Almaty. Because of lack of television specialists in the first years, newspapers and radio journalists were invited to the ser-

vice. Therefore, newspapers and radio were often used. The most widely used information television newsletters are these 5-hour information bulletins, which are regularly updated from the UK and the Republic. Television has been in the country since the opening of 37 years after the appearance of American television. In the first place, 37 years – a very long period of time, and the television in Kazakhstan was a totalitarian system. By the way, it did not turn out to be the top ten. Just in the modern world, it is possible to distribute the software to the countries of the world.

Key words: Television, evolution, western television, public consciousness, camera, equipment, telecentre, totalitarian policy.

Қабылғазина К.К., Алим А., Белгараева А.

¹и.о. профессора, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Kabylgazina.klara@mail.ru

²ст. преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

³Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Вопросы влияния глобализации на становление казахского телевидения

Целью исследования является доказательство эволюционного развития национального телевидения, которое становится неотъемлемой частью сегодняшней истории. Применяется сравнительный анализ тенденций развития казахстанского телевидения с тенденциями зарубежного телевидения. Авторы изучают влияние социальных и политических систем на эволюционное развитие; определение первых этапов исторического развития казахского телевидения, которому исполнилось 60 лет.

Основным аспектом статьи является определение роли телевидения в Казахстане, а также значимости телевидения в современном мире с учетом путей развития западного телевидения. Одним из важнейших общественных явлений является телевизионный доступ к жизни людей. Первая телестудия в Казахстане официально транслировалась 8 марта 1958 года первым отечественным телевизионным центром в Алматы. Из-за нехватки телевизионных специалистов в первые годы на службу были приглашены корреспонденты из газет и радиожурналисты, поэтому рубрики газеты и радио часто использовались на ТВ.

Наиболее часто используемые телевизионные информационные бюллетени – это 5-часовые информационные бюллетени, ежедневно заполненные новостями из Союза и Республики. Телевидение в нашей стране было открыто через 37 лет после появления американского телевидения. Это очень большой разрыв, во-вторых, телевидение в Казахстане являлось жертвой тоталитарной системы. Поэтому отечественное телевидение не получило должного развития. Однако в современном мире казахское ТВ может создавать и распространять качественные программы, опираясь на опыт развитых стран.

Ключевые слова: Телевизия, эволюция, западная телевизия, общественное сознание, телекамера, техника, телецентр, тоталитарная политика.

Кіріспе

Қазақ телевизиясының қалыптасуы, құрылуы және оның бастапқыдағы бағыттары тоталитарлық мемлекет кезеңіндегі әлеуметтік тоқырау заманына тап келді. Қазақ мемлекетінің бұқаралық аппарат құралдары жабық саясат құрсауында болды. Социалистік идеология өзіндік саясатын жүргізу арқылы қазақ елін ғана емес, қарамағындағы одақтас мемлекеттерді оқшаулау тәсілін қолданды. Социалистік теориялардың көп жағдайда жалған болғандығын, қоғамдық формациялардың болуы, одан халықтардың өтуі тиіс екендігі бүгінгі жаһандық дәуірде әйгіленіп отыр. Мысалы, олардың «феодалистік кезеңнен кейінгі болуға тиісті капитализмнен аттап, бірден социализмге өттік» деген тұжырымы. Сол

капитализм дәуірін кеш болса да көп мемлекеттер осы тұста бастан кешіп отыр. Сол солақай саясат себептерінен де көптеген қоғамдық құбылыстар кешеуілдеуде.

Негізгі бөлім

Сондай қоғамдық құбылыстың бірі – телевизияның енуі. Қазақстандағы алғашқы телестудия тұңғыш хабарын 1958 жылы 8 наурыз күні ресми түрде эфирге шығарып, алғашқы отандық телекамералар мен техникалық телеорталық Алматы қаласында іске қосылған болатын. Сол жылы республикада 1000 теледидар болды, желтоқсан айынан бастап күнделікті 5 сағаттық хабар беріле бастады. Алғашқы жылдары «Қазақстан» арнасына телевизия мамандары

жетіспегендіктен газет және радиожурналистері қызметке шақырылған болатын. Сондықтан да, газет, радио материалдарының айдарлары көп қолданылатын. Көбінесе одақтық телевизия хабарлары пайдаланылып, күніне берілетін 5 сағаттық хабар сеткасы одақ және республика жаңалықтарымен толтырылатын. Осы жылдары одақтық «Алло, мы ищем талантов», «А ну-ка, девушки», «Голубой огонек» сияқты көңіл көтерушілік хабарларына ұқсас «Көгілдір от», «Телевизиялық кафе» сынды хабарлар түсірілді.

Ал дамыған мемлекеттерде мысалы, Американың телевидениесі 1927 жылы Сан-Францискода 7 қыркүйекте ашылған. Оны Фил Тейлор Фарнсуорттың ойлап тапқаны Америка тарихында жазылған. Оған дейін жиырмысыншы жылдары Англиядан Джон Лои Бэйрд пен АҚШ-тан Чарльз Фрэнсис Дженкинстердің нұсқалары жарияланған болатын. Алайда, заманауи телевидениенің түп нұсқасы Фил Тейлордікі деп қабылданған. Бірақ, Ресей алғашқы телевизияның пайда болуын орыс ғалымы Владимир Зворыкиннің есімімен байланыстырады. (Борисов В.П. Владимир Козьмич Зворыкин).

АҚШ телевизиясы пайда болғаннан 37 жылдан кейін біздің елде телевидение ашылып отыр. Біріншіден, 37 жыл айырмашылық өте үлкен мерзім, екіншіден Қазақстанның телевидениесі көп уақыт бойы тоталитарлық жүйенің құрбаны болды. Сол себептен де жоғары деңгейде дами алмады. Алайда, қазіргі тұста жаһандық үлгіге бет бұрып, дамыған елдер үлгісінде хабар тарата алуда. АҚШ-та RCA компаниясы отандық телевидениенің қорына 50 млн. доллар қаржы құйып, дамуына үлес қосты. Ал қазақстандық телевизия Ресей мемлекетінің қарауында және дотациясында болды, күшті цензурада жұмыс істеді. 1939 жылы аталмыш компания Нью-Йоркте өткен халықаралық жәрмеңкеден трансляция жүргізген. Президент Франклин Рузвельттің сөзі берілген, ол телевизиядан сөйлеген тұңғыш басшы болған. 1953 және 1955 жылдар аралығында АҚШ телевизиясы радиоформаттан алыстап, нақты телеформатты қамтыды. Бұл жылдарда телебағдарламалар мейлінше дамып, осы кезең «алтын ғасыр» деп аталды. Алайда, алғашқы хабарлардағы оларда болған техникалық кемшіліктер бізде де қайталанды.

1960 жылдары Алматы студиясының ізбасарлары аймақтарда ашыла бастады. Алдымен Өскеменде, кейіннен Павлодарда, Петропавл мен Целиноградта және Семейде іске қосылды. Осы жылғы 20 сәуірде Қазақ ССР Орталық

Комитетінің «Республикада радиохабарлары мен телевизияны одан әрі дамыту туралы» қабылданған қаулысы елдегі телевизияны жандандыра түсті. Негізгі идеология халықты марксизм, ленинизм идеяларында тәрбиелеу, капиталистік буржуазиямен күресуге тәрбиелеу болды. Яғни, сол тұстағы ақпараттық соғыс құралына айналды. Сондықтан да қоғамдық-саяси хабарлар Бас редакциясы құрылды. Көбінесе совет адамдарының жасампаздығын, ерліктерін мадақтау, бесжылдық жоспарларда орындау жолындағы үгіт-насихат жұмыстарын күшейту, өндіріс басшыларының, жетекшілерінің сөздерін ұйымдастыру арқылы еңбекке жұмылдыру істеріне кең жол ашылды. Осы кездері шетелдермен байланыс бөлімі ашылып, шетел жаңалықтарын көрсету жолға қойылды.

Қазақстан Республикасы телевизия және радиокomiteетінің өндірістік-қаржылық есебінде: «Егер 1958 жылы республика телевизиясының өздері дайындаған өнімдері 1,3 сағат болса, ол 1970 жылы 336 сағатқа дейін өскен» (Производственно-финансовый отчет за 1970 года. Текущий архив Госкомитете по ТВ и РВ КазССР). Яғни, республикалық телевизия қызметі жыл өткен сайын алға басып отырған. «Біздің резервтеріміз», «Ауыл шаруашылық білім мектебі» сияқты алғашқы тележурналдар пайда бола бастады. «Осы жылы Қазақ телевизиясының жұмысын 9 облыста көретін болды, 14 телевизия студиясы жұмыс істеп тұрды. 15 телеорталық, 49 ретранслятор жұмыс істеді. Тәулігіне 138 сағат жұмыс істейтін телевизия 9 млн. халық тұратын аумақты қамтыды. Республикадағы теледидар саны 1.250 мыңға жетті». (Производственно-финансовый отчет за 1971 года. Текущий архив Госкомитете по ТВ и РВ КазССР).

Ал Америкада 1946 жылдың өзінде 6000 болған теледидар саны 1951 жылы 12 миллионға жуықтады. Қандай да бір құрылғы осы ақ-қара теледидардай таралған емес. 1955 жылдары АҚШ-тың отбасыларының тең жартысы теледидармен қамтылған болатын.

Бүкілодақтық телевизия қарамағында болып келген ұйымға дербестік алу мақсатында 1957 жылы 12 маусымда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы Дінмұхамед Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне арнайы хат жолдайды. Онда КСРО Министрлер Кеңесінің «КСРО Министрлер Кеңесі жанынан Радио хабарлары мен телевизия жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» қаулысына сәйкес Қазақ КСР Министрлер Кеңесі республикада осындай Радио хабарлары мен телевизия жөніндегі мем-

лекеттік комитетті Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанынан құру қажет деп санайтынын жеткізеді. Ол кезде телевизия Қазақ ССР Байланыс Министрлігіне қарайтын да, Қазақ КСРО республикалық қабылдаушы тележүйе дирекциясы деп аталатын (ф.1731.оп.1 дело 1830, л.12). Бұл телевизия мекемесі 1964 жылдан бастап, Қазақ ССР Байланыс Министрлігі радиобайланыс, радиохабар және телехабар дирекциясы болып 1974 жылға дейін аталды. Телеарнаның 13 облыстық және 1 қалалық бөлімшесі болды. Оның хабарларын 2003 жылы Қырғызстан, Өзбекстан, Ресейдің Қазақстанмен шекаралас 12 облысы мен Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономдық аудандарының тұрғындары көре бастады (9 ф.1731.оп.1 дело 1830, л.128). 1957-1959 жж. Қазақстанның радио хабарлары мен телевизиясының бірінші басшысы болып Қанапия Мұстафин тағайындалды. Дінмұхамед Қонаевтың өзі Қанапия Мұстафинді төраға қызметіне ұсынғандығы туралы мұрағат дерек көздерінде айтылған (википедия).

1958 ж. алғаш рет көгілдір экран қазақ сахнасында шымылдығын ашып, 8 наурыз күніне орай хабар берілген соң, соңынан «Үкімет мүшесі» атты көркем фильм көрсетілді. Сол кезде Алматыда 4 мың, ал облыстарда 1 мың 700 телевизор болған екен. (ф.1731.оп.1 дело 93, л.224. Документы по итогам социалистической соревнования). Мемлекеттік комитет алдымен Алматы студиясының, Қарағанды мен Өскемен студияларының жұмысына басшылық жасап, ұдайы бақылауды жүзеге асырды. Хабарлардың сапасын бағалап, ескерту жасап отырды. Тұңғыш төрағаның тұсындағы елеулі оқиға Қазақ КСР-інің өнері мен әдебиетінің Мәскеуде өткен онкүндігі болатын. Орталық телевизиядан қазақ өнер шеберлерінің бағдарламалары көрсетілді. Жазушы Жекен Жұмақановтың “Жаңа қоныстанушылар” атты тың игеруге арналған телеқойылымы көрсетілді. Келесі телехабарға Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестрі қатысып, концерт берді. Орталық телевизиядағы бағдарламаның ең көрнекті қойылымы – “Дударай” операсының телевизиялық нұсқасы болды. Оны бүкіл елдің телекөрермендері жақсы қабылдады. Республика басшылығында жүрген Ж. Тәшенов, Д. Қонаев сынды қайраткерлер жас ұжымды табысымен құттықтады. Операны теледидардан көрсету ісінде одан кейін тағы батыл жаңалық болды. 1959 жылы Алматы телестудиясына жылжымалы телеқондырғы берілді. Оның мүмкіндігі арқылы Абай атындағы опера және балет театрында жүріп жатқан спектакль көрсетілді. Ол – Ахмет Жұбанов

пен Латиф Хамидидің “Абай” операсы еді. (ф.1731.оп.1 дело 93, л.224. Документы по итогам социалистической соревнования).

1958 ж. 31 тамызда «Қазақстан» арнасы студиясы хабарларының тұңғыш хабарлар сеткасы туралы «Социалистік Қазақстан» газетінде хабарландыру берілді (Телевидение. // Социалистік Қазақстан -1958.-31 август). «Бүгін күндізгі сағат 1-де балалардың «Балдырған» журналы туралы және ата-аналарға кеңес жайлы хабар беріледі. Балалар үшін концерт. Кино-журналдар. Көркем суретті фильм «Кәмелеттік аттестат. Кешкі 7.30. Ленин аудандық халық соты Мұхамеджановтың сөзі. Одан кейін концерт. Көркем суретті фильм «Оқиға Пеньковта болған еді». Соңғы хабарлар». Бұлай баспасөз бетінде теледидар хабарларын жарнамалау, кейін «Қазақстан эфирде» газетінде лайықты жалғасын тапты. Бұл тұстағы хабарлар тақырыптық, мазмұндық жағынан саяси тақырыптарға басымдық беру арқылы ерекшелінді. Алғашқы телеспектакльдер, телефильмдер өмірге келді. Балаларға, жастарға арналған хабарлар, танымдық бағдарламалар ашылды.

Қазақ телевизиясында 1959 жылы Абай атындағы опера және балет театрынан «Абай» операсы жылжымалы студия арқылы жүргізілген болатын. Ал алғашқы тікелей репортажды Алматы ауыр машина жасау заводынан М. Барманқұлов жүргізді (ҚРОММ ф. О.2. д.165 1489). Одақтық телевизиядағы пішіндер мен жанрлар біртіндеп ұлттық арнадан да орын алды. Бірақ, барлық хабарлар легі цензуралық бақылауда болды. Социалистік еңбек екіпінділерін насихаттау қатары күрт өсіп, «Замандасым – сырласым» сияқты көркем хабарларға жол ашылып, телепортреттер жасала бастады. Академик Ө. Марғұлан, шопан Көккөзов, Социалистік Еңбек Ері, «Жетісу» аяқкиім фабрикасының үздік жұмысшысы З. Күдербековалар қатысқан хабарлар жастарға үлгі, өнегелік хабарлар болды. «Құрдастар» редакциясы дайындаған «Ойлан, тап!» хабары Ж. Нұсқабаевтың авторлығымен эфирге шыққан. Балалардың сүйікті хабарының кейіпкері Жұмбақбай атай образы осы күнге дейін сол тұста өмір сүрген адамдар жадында сақталып қалған. Бұл жылдардағы ұлттық арнаның жетістіктері туралы хабарлардың көркемдік жағын басқарған С. Шәріпов 1967 жылы былай деп жазады: «Бастапқыда өз қолымызбен жасаған телефильмдеріміз, концерттік нөмірлеріміз аз еді. Қазір болса фильмотеканың тізіміне қызықтай қарай аласыз. Бірсыпыра қысқа метражды телевизиялық фильмдеріміз, фильм-концерттеріміз көру-

ші жұртшылықтан жақсы баға алды» (С.Шәріпов – Көпшіліктің көңілінен шықсын // Социалистік Қазақстан – 1967 ж.-7 май).

«Сол кезеңдерде арнайы жабдықталған студиялар жетіспеді, декорация жасаудың мүмкіндігі болмады. Хабарларды монтаждауда қарадүрсін монтаж қолданылды. Яғни, таспаларды кесіп, желіммен бір-біріне жапсыру арқылы жүзеге асырылатын. Интершуларды қолдану да қарапайым тәсілдермен орындалатын. Мысалы, судың сарқырағаны, аттың шабысы сияқты дыбыстар қолмен жасалып, жазылып алынатын. Театрқойылымдары тікелей камера алдында ойналатын. Әншілер микрофон алдында бірден эфирге шығатын». (К. Қабылғазина. Аудиотехника және радиохабарларының технологиясы: оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 1999 ж.). Дамыған елдерде, әсіресе, АҚШ-та бұндай қосымша эффекттер арнайы техникалар арқылы жүзеге асырылатын.

Бұл тұстағы хабарлардың безендіру сапасы да төмен болды. Алғашқы жылдары эфирден оқылатын дәрістерге көп орын берілді. Жылжымалы телестанция болмағандықтан, хабарлар тек камерада түсірілген кадрлар бойынша ғана жасалды. Хабардағы кадрдан тыс мәтін мен сюжет нашар үйлесті, фотоматериалдар көп орын алды. Музыкалық қор жетіспеді. Негізгі бөлігі сөз бен фотосуреттерден тұратын бағдарламалар көрермендерді тартпайтын. Хабарлардың монитордан көріну сапасы да нашар болды, жолақтар пайда болып, шамадан тыс қарайып көрінді. Сөздің көп қолданылуы алғашқы хабарларға ортақ кемшілік болды. Хабар кейіпкерлері көбінесе қағаздан оқып беретін. Редакцияның өзі дайындаған репортаждар сирек болды. Кейбір хабарлардың нашарлығы дикторға да байланысты екені байқалатын. Сөйлеу мәдениетінің төмендігі, көрермендермен табиғи қарым-қатынасты орната алмауы хабарлардың сапасына көлеңке түсірді.

1960-1980 жылдардағы жаңалықтар «соңғы хабарлар», «эфирде жаңалықтар», «фактілер, оқиғалар» «апта жаңалықтары» деп атауы сан түрлі өзгеріп берілетін де, соңында спорт жаңалықтары айтылатын. Бұрын жаңалықтар хабары саяси оқиғаларды ғана хабарлап келсе, ендігі жерде елдің қоғамдық-саяси өмірі және күнделікті тұрмыс-тіршілігін баяндап, көрермендер аудиториясы молая бастаған. Ласкер Сейітов, Тыныс Өтебаев, Рәбиға Аманжолова, Гүлмария Барманбекова, Бақытжамал Ермақова, Ләззат Сапақова, Мәриям Айымбетова т.б. сияқты журналист, дикторлардан құралған

шығармашылық топ «Қазақстан» арнасының алғашқы қарлығаштары болатын.

ТАСС ақпарат агенттігінен алынатын ресми жаңалықтар алдымен орыс тілінде түсетін. Орыс тіліндегі жаңалықтардың қазақ тіліндегі нұсқасын кезекші редакторлар қазақ тіліне аударатын. Молдабек Шолпанбаев, Сағидолла Дәулетқалиев, Ержан Уайс сияқты журналистер телеөнім дайындаушы ғана емес, жедел аудармашылықты та меңгерген еді. 1960 жылдарда жаңалықтар ғана емес, хабарлардың көп бөлігі орыс тілінен аударылатын. Ал Америка халқы өздерінің негізгі тілі ағылшын тілінде ғана хабар таратты, Ұлыбритания мемлекетінен сәл ғана диалектілік айырмашылық болғаны болмаса, түбі бір тіл бұл елдердің бақыты деуге болады. Тілдің шұбарлануы, ұмытылуы, тіпті жойылып кету қаупі деген мәселе оларда жоқ. Міне, сондықтан қазақ телетуындыларына осы уақытқа дейін орыс тілінің әсері болып отырғандығы сол тарихи тәуелділіктің әсері.

Қазақ телевизиясындағы аудармалардың өзі қайталауға толы, көркемдік сапасы нашар, сөйлемдердің стилі мен құрылысы қазақ тіліне бейімделмеген болып келетін. «Құрдастар», «Ровесники» қазақ-орыс тілінде, «Шұғыла», «Радуга» бірлестіктері құрылғаннан кейін барып, хабар сапасы жақсара бастады, алайда орыс тілді хабарлардың көшірмесі болып қала берді. «Ойлан, тап!», «Бәрін білгім келеді», «Жұлдызша», «Жауқазын», «Біздің глобус», «Өнер көзі халықта», «Спорт мектебі», «Айтыс – асыл қазына» сияқты хабарлар тоталитарлық жүйе шектеулеріне бой алдырмай, ұлттық өнерді насихаттады.

Қазақстан Коммунистік Орталық Комитетінің «Орта, арнаулы мектептің жұмысын одан әрі жетілдіру туралы» қаулысына сәйкес мектеп оқушыларына арналған телехабарлар көптеп ашылды. Хабарлар бөбектерге, мектеп оқушылары үшін, төменгі сыныптағыларға, жоғары сынып оқушыларына және жасөспірімдерге деп арналып, жеке-жеке дайындала бастады. Бұның өзі алғашқы қазақ форматтық арналарының бастамасы болатын. Хабарды осылай ұйымдастыру тұрақты аудиторияны қалыптастыруға ықпалын тигізді.

«Қайнар» әдеби хабарының кейіпкерлері болған, сол тұста жаңадан танылып келе жатқан Т. Айбергенов, Ж. Нәжімеденов, М. Мақатаев сынды қазақ ақындарының есімдері көрермендерге осы экран арқылы тарай бастады. «Сенің кітап сөреңде» айдары бойынша түсірілген хабарлар арқылы жас ұрпақ Б.І. Алтынсарин,

С. Көбеев, С. Торайғыров, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов, С. Бегалин, Ө. Тұрманжанов, М. Әлімбаев, Б. Соқпақбаев т.б. жазушылардың шығармаларымен жете таныс болды.

Жастар мен балаларға арналған бағдарламалар тек Алматы қаласынан ұйымдастырылатын, географиялық ауқымы әрі тақырып аясы тар еді. Жанр жағы жұтаң болды. Кадрлар тәжірибесінің жеткіліксіз болғандығы, штаттағы қызметкерлердің аздығы, қазақ тіліне шорқақ журналистердің көп болуы, материалдық-техникалық жетіспеушілік, телеорталықтардың баяу іске қосылуы – міне, осы мәселелер алғашқы телехабарлардың сапасыздығына себеп болды. Соған қарамастан, алғашқы телехабарлардың бір артықшылығы – тәрбиелік мәні жоғары болды.

Телестудиялардағы техникалардың пәрменділігі арта бастады. Жылжымалы телестанциялар теледидардың мүмкіндігін еселеп арттырды. Ендігі жерде телетехниканың күн санап жаңа үрдіс алып дамуы маман инженерлермен, техниктермен толығып, шығармашылық топтың алдына жаңа талаптарды қойды. Технологиялық жаңалықтар телетехника саласындағы ұшқыр ойлар мен шығармашылық дамуды алып келді. Бұл дамуға үлес қосқан, қазақ телевизиясының іргесін қалаған Қ. Сағындықов, Х. Абылғазин, Ө. Байжанбаев, С. Нұрғалинов, И. Саввин, В. Просолов, С. Шәріпов, И. Смирнов, В. Немирский, Н. Қожасбаев, Қ. Мусин, М. Барманқұлов, С. Масғұтов сияқты мамандар болды.

Халық шаруашылығын дамытуға қабылданған хабарлардан басқа ғылыми-көпшілік хабарларды беру жолға қойылды. Тылсым дүниені тануға бет алған хабарлар «социализм, коммунизм» тақырыбындағы хабарлардан мезі бола бастаған көрермендерді бір серпілткендей болды. «Күн планетасы», «Айда тіршілік бар ма?» деген сияқты хабарларға қосымша меди-

цина, биология, астрономия, химия т.б. нақты ғылымдар жөнінде танымдық дүниелер көптеп беріле бастады. Қоғамның көптеген жан-жақты салаларын қамтитын бағдарламалар ұйымдастыруға жол ашылды.

Еліміздегі телеарналарда осыдан біраз уақыт бұрын көрсетілетін фильмдердің көбі зорлық-зомбылықты, эротикалық көріністерді қамтығанын жасыра алмаймыз. Газеттердің кейбірінде оқырмандарды көбірек тарту үшін жалаңаш әйелдердің суреттерін жариялау әдетке айналған еді. Мұның бәрін батыстың өнегесі, америкалық демократияның әсері деп ойлайтынымыз ақиқат. Оның мүлдем негізсіз екендігіне Америкаға сапар барысында көз жеткіздік. Салиқалы ақпарат таратуға оларда ерекше көңіл бөлінеді, ал жоғарыда айтылған жайлар сары басылымдардың еншісінде.

Қорытынды

Дыбыс, дауыс, мәтін, қимыл-қозғалыспен бейне арқылы ықпал ету әсері зор ақпарат құралына айналған телевизия қазақстандық мерзімді баспасөз бен радионы белгілі деңгейде дағдарысқа ұшыратты. Олар телевизиямен бәсекелестіктің жаңа жағдайына бейімделіп, ізденістермен жаңаша тәсілмен жұмыс істеуге ұмтылды. Компьютерлік жүйенің жылдамдықпен дамуы жаһандану заманының ақпараттық кеңістігінің жедел дамуына әкеліп отыр. Батыс елдерінің ежелден қалыптасқан бай тәжірибесінің ықпалдалығы әлем журналистикасына әсер етуде.

Қызмет еткеніне 60 жыл болып отырған Қазақ телевизиясының құрылу және қалыптасу кезеңі дамыған елдер телевизиясы тәжірибесімен байи отырып, осындай күрделі жолдардан өтіп, ел тәуелсіздігі тұсында толағай табыстарға жетіп отыр.

Әдебиеттер

- Википедия ://ru.wikipedia.org/wiki/
Борисов В.П. Владимир Козьмич Зворыкин / В. П. Борисов. – М.: Природа. № 7, 1998.
Голядкин Н.А. Краткий очерк становления и развития отечественного и зарубежного телевидения. – М., 1996.
Greenfield, Jeff. Television. The first fifty years. New York, 1977.
Документы по итогам социалистической сорековки. ф.1731.оп.1 дело 93, л.224.
Қабылғазина К. Аудиотехника және радиохабарларының технологиясы: оқу құралы. – Алматы, «Қазақ университеті» баспасы, 1999
ҚРОММ ф. О.2. д.165 1489
Телевидение. //Социалистік Қазақстан. – 1958. – 31 август.
Производственно-финансовый отчет за 1970 год. Текущий архив Госкомитета по ТВ и РВ КазССР.
Фонд 1731.оп.1 дело 1830, л.12

Фонд 1731.оп.1 дело 1830, л.128

ф.54о.1, д.№972

ф.54о.1, д.№163

ф.54о.1, д.№373

Шәріпов С. Көпшіліктің көңілінен шықсын // Социалистік Қазақстан. – 1967. – 7 май.

References

Википедия ://ru.wikipedia.org/wiki/ (://ru.wikipedia.org/wiki/)

Borisov V.P. Vladimir Kozmich Zvorykin. — М.: Priroda. № 7, 1998. (Borisov V.P. Vladimir Kozmich Zborykin / Borisov V.P.-М.: Nature.№7,1998,

Goliadkin N.A. Kratki ocherk stanovlenia i razvitia otechestvennogo i zarubejnogo televidenie. Moskva, 1996. (Goliadkin N.A. A short essay on the formation and development of domestic and foreign television, Moscow, 1996.)

Greenfield, Jeff. Television. The first fifty years. New York, 1977.

Документы по итогам socialisticheskoi sorevnovanii. f.1731.оп.1дело 93, л.224. (Documents on the results of socialist competition. Fund.1731. inventory.1 deed 93,leaf 224)

K.Kabylgazina. Audiotekhnika jane radiohabarlarynyn tehnologiasy,1999 j. (Kabylgazina K. Audio and radiotechnology, school-book, Almaty, publishing house al Farabi,1999)

HRMM f. O.2. d.165 1489 (Kazakh republican central state archive. Fund.0.2. inventory.1 deed 165, leaf 1489)

Televidenie.//sotsialistik Hazahstan,1958 j.31 avgust (Television. // Socialist Kazakhstan.-1958.-31)

proizvodstvenny finansovy otchet 1970 goda.Tekuschi arhiv (Produktion financial report for 1970. Current archive of the State Committee for TV and Radio Broadcasting KazSSR.)

f.1731.o.1 delo1830,l.12 (Fund.1731. inventory.1 deed 1830, leaf 12)

f.1731.o.1 delo1830,l.128 (Fund.1731. inventory.1 deed 1830, leaf 128))

f.54о.1 , delo№972((Fund.54 inventory.1 deed 972)

f.54о.1 , delo №163(((Fund.54 inventory.1 deed 163)

f.54о.1 ,delo №373(((Fund.54 inventory.1 deed 373)

Sharipov S.//sotsialistik Hazahstan,1967 j. 7 mai (Sharipov S. Socialist Kazakhstan.-1967 y.)

Велитченко С.Н.

к.ф.н., ассоциированный профессор, Международный университет информационных технологий,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: velit_1988@mail.ru

ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖУРНАЛИСТСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПОДГОТОВКИ КАДРОВ ДЛЯ ЦИФРОВЫХ МЕДИА

Необходимость реформирования экономики Казахстана, взятый правительством страны курс на инновационность в экономическом развитии, потребовали технологического переоснащения системы образования. Это уже не только процессы компьютеризации или информатизации. Современные тенденции глобализации и модернизации оказали влияние на образование всех уровней, начиная с дошкольного и заканчивая высшим. Первоначально цифровую революцию трактовали как смену аналоговых цифровыми устройствами. Но в XXI веке цифровая революция охватывает все больше сфер деятельности, в том числе образование. Следствием цифровизации стала не только замена печатного учебного пособия электронным образовательным квестом, но и перестройка всего образовательного контента.

Цель статьи – изучение вопросов подготовки журналистских кадров для работы в цифровых СМИ. Научная значимость статьи определяется исследованием новых стандартов журналистского образования. Методология исследования предусматривает системный и дисциплинарный подходы, методы анализа, синтеза. Результат исследования заключается в актуализации новой модели журналистского образования и компетенциях специалистов цифровых СМИ. Современное журналистское образование требует новых подходов к образовательным траекториям, в этом состоит научная и практическая ценность настоящей статьи. Кроме того, практическое значение заключается в реальной возможности внедрения результатов исследования в процесс обучения на факультетах журналистики вузов РК.

Ключевые слова: цифровизация, цифровые СМИ, журналистика, образование.

Velitchenko S.N.

к.ф.н., ассоциированный профессор, Международный университет информационных технологий,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: velit_1988@mail.ru

Transformation of journalistic education in the context of training of personnels for digital medias

Introductory word. Necessity of reformation of economy of Kazakhstan, taken by the government of country course on innovativeness in economic development demanded the technological retooling of the system of education. It already not only processes of computerization or informatization. The modern tendencies of globalization and modernisation affect all levels of the system of education – from kindergarten to institution of higher learning/ Digital revolution that is interpreted as a transition from an analog to the digital devices and technologies of transmission of signals, in the XXI century went out on the new, higher level of introduction, and embraces the all more spheres of activity, including education. Not only replacement of printed train aid electronic educational guest but also alteration of all educational content became invital.

An aim of the article is a study of questions of training of journalistic personnels for work in digital mass-media. Scientific meaningfulness of the article is determined by research of new standards of journalistic education. Research methodology envisages the system and disciplinary approaches, methods of analysis, synthesis. A research result consists in actualization of new model of journalistic education and competenses of specialists of digital mass-media. Modern journalistic education requires the new going near educational trajectories, herein there is a scientific and practical value of the real article. In addition, a practical value consists in the real possibility of introduction of research

results in the process of educating on the faculties of journalism of institutions of higher learning of Kazakhstan.

Key words: digital mass-media, journalism, education.

Велитченко С.Н.

ф.ғ.д., қауымдастырылған профессор, Халықаралық ақпараттық технология университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: velit_1988@mail.ru

Сандық медиа үшін кадрларды дайындау контекстінде журналистік білім берудің өзгеруі

Қазақстанның экономикасын реформалау қажеттілігі, экономикалық дамуда ел үкіметі инновациялылыққа алған бағыты білім беру жүйесінің технологиялық қайта жабдықталуын қажет етті. Бұл дегеніміз тек компьютеризация және ақпараттандыру ғана емес. Жаһандану және жаңғыртудың заманауи тенденциялары білім беру жүйесінің барлық деңгейлерін – балабақшадан ЖОО-ға дейін қозғайды. Тар мағынада сигналдарды берудің аналогтық қондырғылар мен технологиялардан сандыққа ауысу деп түсіндірілетін сандық төңкеріс ХХІ ғасырда енгізудің жаңа, аса жоғары деңгейіне шықты және әрекет етудің көптеген салаларын қамтиды, соның ішінде білім беру саласы. Сандық нәтижесі тек баспа оқу құралдарының электронды білім беру квестіне ауысуы ғана емес, сонымен бірге, толық білім беру контентінің қайта құрылуы болып табылды.

Мақала мақсаты – сандық БАҚ жұмыс істеу үшін журналистік кадрларды дайындау мәселелерін зерттеу. Мақаланың ғылыми маңыздылығы журналистік білім берудің жаңа стандартын зерттеумен анықталады. Зерттеу әдістемесі талдаудың, синтездің әдістерін, жүйелік және тәртіптік амалдарын қамтиды. Зерттеу нәтижесі журналистік білім берудің жаңа моделін және сандық БАҚ мамандарының құзіретін өзекті ету болып табылады. Заманауи журналистік білім беру жүйесі білім беру траекторияларына жаңа амалдарды қажет етуі осы мақаланың ғылыми және тәжірибелік құндылығын құрайды. Бұдан басқа, мақаланың тәжірибелік құндылығы зерттеулер нәтижелерін ҚР ЖОО-ларының журналистика факультеттерінде оқыту процестеріне енгізудің нақты мүмкіндігі болып табылады.

Түйін сөздер: цифровизация, сандық БАҚ, журналистика, білім беру.

Введение

В ХХІ веке процессы трансформации медийной сферы становятся масштабными и необратимыми. Данные преобразования происходят под влиянием информационной революции, призванной сформировать новую парадигму общества, основанного на знаниях общих закономерностей развития и глобальной экономике. Объективно они вызваны внедрением информационно-коммуникационных технологий (ИКТ), формирующих новую информационно-коммуникационную среду, где в единой системе функционируют контент- и сервис-услуги, предназначенные для обслуживания интересов человека. Особенность же информационной революции, активно набирающей темп и пронизывающий все основы человеческой деятельности в том, что она носит глобальный характер, воздействует на устои мировой цивилизации в целом, подвергая пересмотру накопленный на протяжении веков значительный теоретический и практический опыт.

Актуальность нового подхода к подготовке журналистских кадров обусловлена тем, что новые цифровые технологии, прежде всего

цифровые ТВ-системы, формируют и новые дополнительные информационные среды, адаптироваться к которым приходится современным медиаресурсам. Системный анализ процессов, охвативших медийный рынок, представляется чрезвычайно актуальным, прежде всего потому, что субъективно-объектная деятельность средств массовой коммуникации как социального института тесно увязана с социальным развитием и коммуникативной практикой, процессами массовизации и глобализации, но главное – с модернизацией общества, его переходом на новый цивилизационный виток.

Предметом настоящего исследования является процесс цифровизации СМИ и связанные с ним новые компетенции журналистов. **Тезис** данной статьи заключается в том, что сегодня мир стоит на пороге новой волны инноваций, которая может серьезно изменить привычный образовательный ландшафт, следовательно, трансформация модели обучения журналистов в эпоху информационного общества носит не просто предметный, но политико-социальный характер.

Обзор литературы. Среди исследований новых направлений журналистского образова-

ния можно выделить учебные пособия российских авторов «Мультимедийная журналистика» А. Качкаевой [Качкаева А. Г., 2012], «Интернет-журналистика и Интернет-реклама» В. О. Шпаковского [Шпаковский В.О., 2018], «Как новые медиа изменили журналистику» А. Амзина [Амзин А., 2016]. Отдельные вопросы новых форм производства мультимедийного контента рассматриваются в работах Е.Л. Вартановой [Вартанова Е.Л. 2016], С.Л. Уразовой [Уразова С.Л., 2012], М. А. Женченко [Женченко М.А., 2016] и др.

В перечисленных научных трудах рассматриваются преимущественно новейшие технологические приемы трансляции информации, зачастую без осмысления новой реальности, которую формируют и продвигают цифровые СМИ. Вместе с тем важно понимать, что новые средства и технологии изменяют привычные условия нашего существования и образ наших мыслей. Печать, например, формирует абстрактное линейное мышление, в то время как телевидение – конкретное нелинейное [Meurgowitz J. 2008]. В этом отношении интерес представляют исследования зарубежных ученых, в которых контент полностью зависит от медиа [Brooker W. 2001, Herman D. 2004, Perryman N. 2008]. Основной постулат, лежащий в основе этого предположения: «каждый пересказ изменяет историю» [Herman D. 2004]. В современной российской науке журналистика и новости исследованы как с позиции социологии, так и с позиции истории [Виниченко В. М. 2014], жанра [Тертычный А. А. 2012, Луканина М. В. 2011], и т.д. Зарубежных исследователей привлекает вопрос трансмедийного повествования в цифровых СМИ, которое не просто транслирует информацию, но конструирует новую реальность: [Beddows E., 2012, Davidson D., 2012, Evans E., 2011, Gambiaro R. R., 2012, Giovagnoli M., 2014, Green, M., 2014, Bowman S., Willis C. 2013], и др.

Для формирования новой модели обучения журналистов интерес также представляет работа британского медиаисследователя Дайя Туссу «News as entertainment: The rise of global infotainment», в которой он рассмотрел новости с точки зрения индустрии развлечения как продукт, который должен заполнять досуг публики занятием, доставляющим удовольствие [Thussu D., 2016]. В частности, в книге описывается, как новости все больше и больше становятся похожими на компьютерные игры, благодаря адаптации и интеграции мультимедийных нарративов: элементов компьютерных игр, игрового кино,

особенно action, и т.д. Однако он смотрит на проблему лишь со стороны производителей новостей, оставляя аудиторию пассивным потребителем новостного контента. Примером такого нарратива может служить новый проект канала НТВ «Центральное телевидение» с Вадимом Такменевым. Актуальные новости подаются здесь в форме шоу, с использованием компьютерной графики, постановочных сцен, визуальных спецэффектов.

Результаты и обсуждение

Поскольку каждая медиа обладает специфическими, характерными только для нее возможностями, то она вырабатывает уникальные, присущие только ей механизмы, с помощью которых сообщение/история структурируется и формализуется, – набор правил использования «кодов» определения, отбора и представления информации. В этом контексте мы можем говорить о специфических механизмах и правилах, например, цифровых медиа, доминирующих сегодня в глобальном медиaprостранстве [Manovich L. 2008]. На основе этих правил вырабатывается общее направление различных событий и явлений. В свою очередь аудитория приспосабливает логику и знаково-символические системы конкретного медиа для придания смысла своему медиаопыту [David I. 2015]. Можно, например, проследить изменение размера журналистских материалов в процессе развития и модернизации медиатехнологий. Так, появление новых медиа, особенно социальных, ознаменовалось появлением более компактных и интерактивных текстовых форматов. В 2015 г. крупнейшее мировое информационное агентство Associated Press выпустило новые инструкции для сотрудников, в которых в частности указано, что обычная информационная статья должна содержать от 300 до 500 слов; одна-две главные статьи – от 500-700, и лишь в случае действительно экстренных мировых событий допускаются статьи свыше 700 слов, и то «четко написанные и отредактированные» [Erik Wemple, 2015]. Одновременно с укорачиванием текстовых материалов мы можем наблюдать, что многие СМИ начали экспериментировать с интерактивными технологиями. В 2016 г. New York Times запустила мобильное приложение NYT VR, позволяющее зрителям полностью погрузиться в событие, став одним из его участников, CNN, Wall Street Journal, BuzzFeed и др. издания запустили чат-боты (виртуальных собеседников) внутри приложе-

ния Facebook Messenger, и т.д. Данный аспект представляет несомненный интерес для формирования траектории обучения журналистов для цифровых СМИ, т.к. медиа сегодня одновременно выступают и как канал, и как средство (язык). Поэтому приоритетным направлением модернизации журналистского образования сегодня выступает работа с текстами различной направленности, умение адаптировать их для цифровых СМИ.

В основу Государственной программы «Цифровой Казахстан», принятой в 2013 году и получившей новое направление в 2018, положено видение Главы государства: «...необходимо создать новую модель экономического роста, которая обеспечит глобальную конкурентоспособность страны» [Государственная программа «Цифровой Казахстан», 2013]. Приоритетами для инновационного развития экономики являются следующие технологии: Большие данные и углубленная аналитика; Дополненная реальность; Робототехника; Аддитивное производство; Имитационное моделирование; Облачное вычисление и облачное хранение данных; Горизонтальная и вертикальная системная интеграция; Кибербезопасность; Интернет вещей.

Проекты построения электронной образовательной среды совершенствуют методики обучения с использованием электронных (цифровых) материалов как в очной, так и в дистанционной форме. Параллельно идет модернизация образовательных учреждений, обеспечение необходимым оборудованием и доступом в интернет с тем, чтобы обеспечить возможность внедрения новых технологий. Разрабатываемые и внедряемые ИКТ-решения сфокусированы на поддержку более креативных и инновационных методов обучения, а также на более явный возврат инвестиций. Технологии могут обеспечить снижение издержек в системе образования – в частности, на это ориентированы инициативы по созданию электронных учебников, развитию дистанционного обучения, а также использованию открытых данных.

Мир сегодня живет в условиях ускоряющейся инфляции квалификаций, когда актуальные на сегодняшний день компетенции могут оказаться невостребованными уже завтра и даже стать ограничением для дальнейшего социально-экономического развития. Так, Агентством стратегических инициатив совместно с Московской школой управления «СКОЛКОВО» в рамках масштабного исследования «Форсайт Компетенций 2030» составлен «Атлас новых и вымирающих профессий

[Атлас новых и вымирающих профессий, 2015]. В этом атласе одной из профессий, «которые будут востребованы в ближайшее десятилетие», называется «архитектор трансмедийных продуктов».

Цифровая революция связана с быстрым развитием современных ИКТ-технологий: мобильной связи, Интернета и компьютерной техники во всем мире. За последние несколько лет возникли образовательные проекты второго поколения. Появилось множество публикаций о феномене МООС («massive open on-line courses» – массовых открытых онлайн курсов) и ярких примеров из этой сферы – EdX (совместный проект Гарварда, MIT и Беркли), Udacity или Coursera, которая сегодня объединяет более 4,5 млн. студентов со всего мира. Также появился ряд многообещающих проектов в других областях: в управлении учебным процессом, оценке и сертификации результатов обучения, социальных сетях для преподавателей и студентов, исследователей и работодателей и т. д. Массовое распространение образовательных проектов подобного формата эксперты сравнивают с «лавной инноваций». Ее суть состоит в том, что специализированные образовательные стартапы способны более эффективно выполнять отдельные «традиционные» функции школ и университетов – преподавание, оценку результатов, формирование сообществ и прочее. Это должно привести к обострению конкуренции и неизбежному изменению существующих моделей вузов и школ.

Казахстанские университеты предлагают обширные модули курсов по выбору, предоставляя студенту высокую степень автономии в конструировании своего учебного пространства. Интернет-навигация как элемент самообразования и исследовательской практики, выработки навыков работы с информацией, активное применение интерактивных виртуальных форм взаимодействия находит свое применение в обучении журналистов. С внедрением цифровых технологий университеты должны переходить от практик кейс-метода, который сегодня используется в процессе обучения, к воссозданию спроектированной образовательно-производственной реальности. Так, Государственной программой развития образования и науки предусмотрено обновление образовательных программ с участием работодателей и вузов-партнеров.

Автором статьи был проведен экспертный опрос среди работодателей на предмет их мнения по поводу компетенций современных журналистов и качества их подготовки в про-

фильных вузах, а также среди студентов факультетов журналистики. От общего числа экспертов 35% являются представителями СМИ, 65% – представителями студенческой молодежи. Вопрос «Как вы оцениваете качество подготовки современных журналистов?» эксперты СМИ оценили средне (42 %), студенты как удовлетворительное – 58 %. Необходимость формирования модернизированной модели обучения журналистов и внедрения в фундаментальный образовательный процесс большая часть экспертов оценила высоко, отметив, что к факторам, определяющим развитие цифровых медиа, относятся также повышение уровня общественного сознания и активное внедрение информационных технологий.

Среди необходимых умений и навыков молодых журналистов работодатели отметили следующие: «знание информационных потребностей аудитории» – 100%, «умение проверять факты («фактчекинг») – 100%, «умение собирать информацию с помощью сетевых сообществ» – 87%, «умение создавать контент для Интернета и навыки работы с медиатекстами» – 85%, «уметь работать в различных системах управления (Joomla, Wordpress, Drupal), JavaScript и др» – 62%, «владеть навыками ведения прямых текстовых и видеотрансляций» – 90%. Студенты в свою очередь отметили актуальность знаний по таким направлениям, как «владение основами дизайна» – 100%, «владение навыками SMM-маркетинга» – 94%, «владение интерактивной графикой, интерактивной хронологией» – 88%. Примечательно, что панорамную и 360-градусную съемку как важный навык работы цифрового журналиста отметили лишь 34% работодателей и 20% студентов. Видимо, дал себя знать стандартный подход к специализации журналиста. «Понимание важности сетевого сообщества для медиакомпаний», «умение работать с базами открытых данных» – эти компетенции цифрового журналиста отметили 100 процентов работодателей и студентов.

С другой стороны, работодатель сегодня не готов предоставлять офис редакции или телеканала для отработки необходимых навыков студента. Прохождение практики – до сих пор «больной вопрос» студентов и ППС. Представляется актуальным предложить принцип соглашений между редакциями СМИ и профильными факультетами, в которых будут обозначены принципы сотрудничества на весь период обучения студента. Такие соглашения с работодателями уже практикуются в Международном университете информационных технологий. Приоритет имеют редакции,

работающие в конвергентном формате: «Информбюро», медиахолдинги «РБК Центральная Азия», «Tengrinews. kz», «365. info», порталы bnews.kz, Atameken Business Channel.kz. С другой стороны, университет не должен отдавать на откуп формирование профессиональных навыков конкретной редакции, где главенствуют оперативные интересы. Университет должен формировать базовые компетенции в профессиональной сфере. Кроме того, траектория обучения журналистов для работы в цифровых медиа предполагает не только владение техническими средствами, но и обширный блок социогуманитарных дисциплин, формирующих мировоззрение молодого человека, его гражданскую позицию. Необходимо отметить также знание студентами основ кибербезопасности и соблюдения этических и моральных норм деятельности, так как в эпоху «цифры» на СМИ возлагается огромная ответственность. Модернизация – это не только технологическое обновление, модернизация – это создание новых практик в условиях технической модернизации. Новые журналистские практики сегодня интегрируют не только стремление к мультимедийности, но и стремление к знаниям.

Заключение

Таким образом, результаты проведенного исследования позволяют утверждать, что сегодня назрела необходимость в формировании новой траектории обучения журналистов с точки зрения приоритетного развития цифровых СМИ и трансляции информации. Использование новых технологий может обеспечить снижение издержек в системе образования – в частности, на это ориентированы инициативы по созданию электронных учебников, развитию дистанционного обучения, а также использованию открытых данных. Для системного внедрения новшеств в образовательный процесс необходимы инициативные менеджеры, профессиональные IT-специалисты, надежная инфраструктура и выстроенные коммуникации с работодателями. Необходимость повышения эффективности ресурсного потенциала ставит перед казахстанскими университетами задачу: стать центрами генерации новых знаний и инноваций, обеспечить квалифицированными кадровыми ресурсами приоритетные сектора экономики, воспитать новую духовно-интеллектуальную элиту, способную вывести нашу страну на качественно новый уровень развития. И значение модернизации журналистского образования в цифровую эпоху трудно переоценить.

Литературы

- Амзин А. Как новые медиа изменили журналистику. – М.: изд-во Гуманитарного университета, 2016.
- Атлас новых и вымирающих профессий. – М., 2015 [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://edu2035.org/pdf/GEFAtlas-ru.pdf>
- Beddows E. et al. Consuming Transmedia: how audiences engage with narrative across multiple story modes //Australia: Swinburne University of Technology. — 2012 [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://www.emmabeddows.com/wp-content/uploads/2013/03>
- Bowman S., Willis C. We Media: How Audiences Are Shaping the Future of News and Information – Reston, VA: The Media Center at the American Press Institute, 2013 [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://s3.amazonaws.com/academia.edu.documents>
- Brooker W. Living on Dawson's Creek: Teen Viewers //Cultural Convergence and Televi. – 2001
- Варпанова Е.Л.: Новые медиа как фактор модернизации СМИ// [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://www.emag.iis.ru/arc/infosoc/emag.nsf/BPA/9f381b9f3747cc63c3257576003a8c8c>
- Виниченко В. М. «Новости» и «публицистика» как ключевые понятия в истории журналистики. – М., 2014. – С. 193 [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://journ.bsu.edu.ru/files/discourse2014.pdf#page=193>
- Государственная программа «Цифровой Казахстан»// [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://mic.gov.kz/ru/pages/gosudarstvennaya-programma-cifrovoy-kazahstan>
- David I. Altheide. Media logic. (2015) in The international The International Encyclopedia of Political Communication, 3 Volume Set. John Wiley and Sons. Volume 1.
- Davidson D. Cross-media communications: An introduction to the art of creating integrated media experiences. – Etc press, 2010 [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://press.etc.cmu.edu/files/CrossMediaCommunications>
- Dudacek O. Transmedia storytelling in education //Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2015. – С. 694-696.[Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://dugi-doc.udg.edu/bitstream/handle/10256/10979/023382.pdf?sequence=1>
- Erik Wemple. Associated Press polices story length/ The Washington Post. May 12, 2014/ [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://www.washingtonpost.com/blogs/erik-wemple/wp/2014/05/12/associated-press-polices-story-length/?utm_term=.1922a524ee18
- Evans E. Transmedia Television: Audiences, New Media, and Daily Life. – Routledge, 2011. – 220 с.
- Женченко М. А. Эволюция терминов «мультимедиа», «кросс-медиа», «трансмедиа» в развитии цифрового сторителлинга //Studia Medioznawcze. – 2016// [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://yadda.icm.edu.pl/yadda/element/bwmeta1.element.desklight-36fecaaf-7f6f-4618-9b17-575744ee654e>
- Gambarato R. R. Signs, systems and complexity of transmedia storytelling //Estudos em Comunicação. – 2012. №. 12. – С. 69-83. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://www.ec.ubi.pt/ec/12/pdf/EC12-2012Dez-4.pdf>
- Giovagnoli M. Transmedia storytelling: Imagery, shapes and techniques. – Etc Press, 2011. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://beta.upc.edu.pe/matematica/portafolios/nmynt/book-by-max-giovagnoli-transmedia-storytelling-imagery-shapes-and-techniques.pdf>
- Green, M. Narrative Structure in New Media. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://sweb.cityu.edu.hk/sm2215/Narrative%20structure.ppt>
- Луканина М. В. Текст средств массовой информации и конвергенция //Политическая лингвистика. – 2006. – №. 20. – С. 65
- Manovich L. The Language of New Media. The MIT Press, 2002. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://dss-edit.com/plu>
- Meyrowitz J. Power, pleasure, patterns: Intersecting narratives of media influence //Journal of Communication. – 2008. – Т. 58. – №. 4. – С. 641-663
- Perryman N. Doctor Who and the Convergence of Media: A Case Study inTransmedia Storytelling' //Convergence. – 2008. – Т. 14. – №. 1. – С. 21-39
- Rimmon-Kenan S. How the model neglects the medium: Linguistics, language, and the crisis of narratology //The Journal of narrative technique. – 1989. – Т. 19. – №. 1. – С. 160.
- Thussu D. K. News as entertainment: The rise of global infotainment. – Sage, 2008.
- Уразова С. Л. Конвергентно-интеграционные аспекты эволюции СМИ в век информации – М.: Вестник ВГИК, 2012. – С. 82
- Шпаковский В.О. Интернет-журналистика и Интернет-реклама. – М., 2018.

References

- Amzin A. Kak novye media izmenili zhurnalistiku. – M., izd-vo Gumanitarnogo universiteta, 2016 [As new medias changed journalism] Publishing house of humanitarian university, 2016
- Atlas novyh i vymirayushchih professij [Atlas of new and dying out professions] [Electronic resource] it is access Mode: <http://edu2035.org/pdf/GEFAtlas-ru.pdf>
- Beddows E. et al. Consuming Transmedia: how audiences engage with narrative across multiple story modes //Australia: Swinburne University of Technology. – 2012 [Electronic resource] it is access Mode: <http://www.emmabeddows.com/wp-content/uploads/2013/03>
- Bowman S., Willis C. We Media: How Audiences Are Shaping the Future of News and Information – Reston, VA: The Media Center at the American Press Institute, 2013 [Electronic resource] it is access Mode: <http://s3.amazonaws.com/academia.edu.documents>

- Brooker W. Living on Dawson's Creek: Teen Viewers //Cultural Convergence and Televi. – 2001
- Vartanova E.L.: Novye media kak faktor modernizacii SMI// [Elektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: [New medias as factor of modernisation of mass-media] [Electronic resource] it is access Mode: <http://www.emag.iis.ru/arc/infosoc/emag.nsf/BPA/9f381b9f3747cc63c3257576003a8c8c>
- Vinichenko V. M. «Novosti» i «publicistika» kak klyuchevye ponyatiya v istorii zhurnalistiki //Nauchnye redaktery. – 2014 [News” and “publicism” as key concepts are in history of journalism] [Electronic resource] it is access Mode: <http://journ.bsu.edu.ru/files/discourse2014.pdf#page=193>
- Gosudarstvennaya programma «Cifrovoy Kazakhstan»// Government program Digital Kazakhstan [Electronic resource] it is access Mode: <http://mic.gov.kz/ru/pages/gosudarstvennaya-programma-cifrovoy-kazakhstan>
- David I. Altheide. Media logic. (2015) in The international The International Encyclopedia of Political Communication, 3 Volume Set. John Wiley and Sons. Volume 1.
- Davidson D. Cross-media communications: An introduction to the art of creating integrated media experiences. – Etc press, 2010 [Electronic resource] it is access Mode: <http://press.etc.cmu.edu/files/CrossMediaCommunications>
- Dudacek O. Transmedia storytelling in education //Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2015, P 694-696 [Electronic resource] it is access Mode: <http://dugi-doc.udg.edu/bitstream/handle/10256/10979/023382.pdf?sequence=1>
- Erik Wemple. Associated Press polices story length/ The Washington Post. May 12, 2014[Electronic resource] it is access Mode: https://www.washingtonpost.com/blogs/erik-wemple/wp/2014/05/12/associated-press-polices-story-length/?utm_term=.1922a524ee18
- Evans E. Transmedia Television: Audiences, New Media, and Daily Life. – Routledge, 2011
- Gambarato R. R. Signs, systems and complexity of transmedia storytelling //Estudos em Comunicação. – 2012, no 12, pp. 69-83 [Electronic resource] it is access Mode: <http://www.ec.ubi.pt/ec/12/pdf/EC12-2012Dez-4.pdf>
- Giovagnoli M. Transmedia storytelling: Imagery, shapes and techniques. – Etc Press, 2011. [Electronic resource] it is access Mode: <http://beta.upc.edu.pe/matematica/portafolios/nmynt/book-by-max-giovagnoli-transmedia-storytelling-imagery-shapes-and-techniques.pdf>
- Green, M. Narrative Structure in New Media. [Electronic resource] it is access Mode: <http://sweb.cityu.edu.hk/sm2215/Narrative%20structure.ppt>
- Lukanina M. V. Tekst sredstv massovoj informacii i konvergenciya //Politicheskaya lingvistika [Ext of mass medias and convergence] //are Political linguistics, 2006, no 20, p.65
- Manovich L. The Language of New Media. The MIT Press, 2002. [Electronic resource] it is access Mode: <http://dss-edit.com/plu>
- Meyrowitz J. Power, pleasure, patterns: Intersecting narratives of media influence //Journal of Communication, 2008, vol. 58, no 4, pp. 641-663
- Perryman N. Doctor Who and the Convergence of Media: A Case Study in Transmedia Storytelling' //Convergence, 2008, vol. 14, no 1, pp. 21-39
- Rimmon-Kenan S. How the model neglects the medium: Linguistics, language, and the crisis of narratology //The Journal of narrative technique. – 1989, vol. 19, no 1, p. 160
- Thussu D. K. News as entertainment: The rise of global infotainment. – Sage, 2008
- Urazova S. L. Konvergentno-integracionnye aspekty ehvolucii SMI v vek informacii – M., Vestnik VGIK. 2010 [Convergence-integration aspects of evolution of mass- media in the century of information] – Announcer State institute of the cinema, 2012, p.82
- Shpakovskij V.O. Internet – zhurnalistika i Internet- reklama. [The internet – journalism and internet is an advertisement]– M.: 2018
- Zhenchenko M. EHvoluciya terminov «mul'timedia», «kross-media», «transmedia» v razvitii cifrovogo storitellinga //Studia Medioznawcze. – 2016 [Evolution of terms of “multimedia”, “cross-media”, “transmedia” in development of digital storytelling] [Electronic resource] it is access Mode: <http://yadda.icm.edu.pl/yadda/element/bwmeta1.element.desklight-36feaaaf-7f6f-4618-9b17-575744ee654e>

5-бөлім
ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕРІ

Раздел 5
ТРИБУНА ДЛЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Section 5
TRIBUNE FOR YOUNG SCIENTISTS

Мектептегі А.¹, Қуанышова Л.Қ.²

¹филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: amankos_54@mail.ru

²магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: kuanyshova.laura@mail.ru

ТЕЛЬЖАН ШОНАНҰЛЫ – ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ, ӘМБЕБАП ҒАЛЫМ

Мақалада 1894 жылы дүниеге келген әмбебап ғалым Тельжан Шонанұлының өмірі мен тағылымды өмірбаяны сөз болады. Халық жанашырының қазақ әдебиетіне және руханиятына қосқан үлесіне баға беріледі. Ғалымның Алаш арыстарымен достығы мен арақатынасы ашылып, сабақтастыра, салаластыра түсіндіріледі. Сонымен қатар, ғалым, ағартушы, педагогтың жылдар бойы жазған еңбектері қарастырылып, оның өмірінен маңызды мәліметтер беріледі. Оның әр жылда жазған еңбектеріне талдау жасалады. Сондай-ақ, оның еңбектерінің қоғам арасындағы рөлі мен маңыздылығы талқыланады. Әрі педагогтың басқа да қайраткерлік қасиеттеріне жан-жақты сипаттама беріледі. Әр жылы халыққа сіңірген еңбегі мен адамгершілік парасат-парқына да үңілеміз. Қайраткердің қысқа да мәнді ғұмырындағы барлық сабақ болатын, үлгі ретінде айқындалған қасиеттері де таразыланады. Ғалым қалыптастырған оқу үрдісінің маңыздылығы жан-жақты сөз болады. Осы орайда, педагогтың жазған оқулықтарының бұқараға қажеттілігі де сараланады. Әрі ересектер үшін қалыптастырған әдебиеттерінің халыққа тигізген пайдасы да суреттеледі. Негізі ғалымның жалпы болмысы мен ғылымның арасындағы айырмашылықты табу қиын. Сондықтан, ғұламаның тағлымды тағдыры мен шығармашылығы толық зерделенеді. Әрі қаламгердің қайраткері ретіндегі болмысына сипаттама жасалады. Әрі ғалымның жиырма жылдық еңбектерін қайта зерттеу, қатарға қосу туралы сөз болады.

Түйін сөздер: ғалым, ұлттық руханият, педагог, қоғам қайраткері, Алаш.

Mektepteqi A.¹, Quanyshova L.Q.²

¹Candidate of Philology, al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: amankos_54@mail.ru

²Magistrant, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: kuanyshova.laura@mail.ru

Telzhan Shonanuly – the defender of nation, the universal scientist

In article there is a speech about creative life of the scientist Telzhan Shonanovich who was born in 1894. The scientist's contribution to the Kazakh literature and spirituality of the people is estimated. Comparing and analyzing materials, friendship and the scientist's relation with representatives Alash speaks. Besides, the scientist, the educator, festival invitation of the teacher in years wrote, to life volume works important data. Wrote it every year the analysis of works is carried out. And also a role, in that as a result between society and the importance. 12. And festival of others invitation of the teacher activity of properties of comprehensive is given the characteristic. Every year merits to the population and morality and Parasat of a par yn fixed. Value all all life a lesson, standard, defined in quality and on short and properties of a tarazylandada. The scientist formation importance comprehensive the speech will be educational process. At the same time, wrote for festival invitation of the teacher is qualified services and to Kazakh. For adults and the literatures which rendered to the population and formation profit will finish. Fundamentals of science it is difficult to find a difference between life and the general scientist. Therefore, titan and fate of creativity lesson completely hybrid. And as heads the figure will be the description to a vetvepolzovatel. Repeated research and twenty years Works of the scientist, rehabilitation are told to the island.

Key words: scientist, national spirituality, teacher, public figure, Alash.

Мектептегі А.¹, Қуанышова Л.Қ.²

¹кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: amankos_54@mail.ru

²Магистрант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы e-mail: kuanyshova.laura@mail.ru

Тельжан Шонанович – опора наций, универсальный ученый

Статья посвящена научной и творческой деятельности ученого Тельжана Шонановича, который родился в далеком 1894 году. Оценивается его вклад в казахскую литературу и духовность народа. Изучаются материалы, посредством которых объясняется дружба и отношения ученого с представителями Алаш. Кроме того, рассматриваются научные работы Т. Шонановича, дается важная информация о его жизни. Авторы исследования проводят анализ трудов, написанных при жизни автора. А также обсуждается роль и важность его научного наследия для общества. Особо отмечают авторы работы человеческие качества ученого, мыслителя, философа. За свою короткую, но наполненную смыслом и созидательным трудом жизнь Тельжан Шонанович успел очень много. Был автором учебников и пособий, предложил экспериментальный метод обучения, разрабатывал идеи Алаш. Авторы планируют продолжить свои изыскания, восстановить неопубликованные труды уникального ученого.

Ключевые слова: ученый, народная духовность, педагог, общественный деятель, Алаш.

Кіріспе

Азаттықтың ақ таңы ату себебі – қазақ қоғамын қалыптастырған арғы аталарымыздың ерен еңбегінің жемісі. Көк тудың көкте желбіреуі Алаш қайраткерлерінің қазақ үшін тынбай тындырған тынымсыз жұмыстарының арқасы деу бүгінгі ұрпақтың міндеті. Расымен, арайлап атқан таңның, қазақ болып оянған әрбір күніміздің өзі Алаш арыстарының тырысқандығынан деп білу бүгінгінің жастарына парыз. Еліміздің тұғыры биік, аспаны ашық, тәуелсіз болуына күш-жігер жұмсаған азаматтардың есімі бүгінде тарих толқынында өшпес ізін қалдырды. Олар қазақ жастарын патриоттық сезім мен шыншылдыққа жетеледі. Осыдан бір ғасыр бұрынғы дәуірдің тыныс-тіршілігіне зер салсақ, Алаш арыстарының арасында елге танымал болып үлгермеген, еңбегі білінсе де айқын көрінбейтін азаматтар жетерлік. Оларды зерттеп, болашақ ұрпаққа таныстыру парыз. Сондай әмбебап ғалымдардың бірі – Тельжан Шонанұлы. Ұлы қайраткер өзге асылдардай қалың қазақтың қамын жеп, күйін күйттеді. Халқына адал қызмет етті. Есіл ер 1894 жылы Ырғыз уезі, Аманкөл болысында қазіргі Ақтөбе облысы, Құлымбетов ауылында дүниесі ашқан. Көрнекті қайраткер тіл білімін ұйымдастырушы, ғалым. Жоғары білімді ол орыс, қырғыз, қазақ тілдерін еркін меңгерген. Тельжан Шонанұлы жастарды білім мен ғылымға үндеген бірегей азаматтардың бірі. Олардың қолына қалам ұстатып, өмірдің ғибадатын үйренген ұлы ұстаздардың қатарынан көрінді. Өзі жоғары білім алған соң, тәлімгер Тоқырауын болысындағы ауылдарды аралап,

жастарға білім береді. Хат танымайтындардың сауатын ашып, сауабы мол істің қожайынына айналады. Халық арасында ол туралы тек мақтау сөздер өріп жүретін. Бұл, дәйекті дереккөздерден табылған риясыз шындық. (Биографический сборник, 2007). Жарқын тұлғаның есімі құлаққа таныс болғанымен, оның Алаш қайраткеріне қалай айналғанынан көп адам бейхабар. Жалынды жас өрендерді жақсылыққа шақырып, тағылымды тәрбиелеп жүрген Тельжан Шонанұлының ұйымдастырушылық қабілеті мен біліктілігі дүйім жұрт арасында тез таралады. Осылайша, ол 1917 жылы І Жалпықазақ съезіне шақырылады. (Есқалиев С., 2014). Зиялы қауым бас қосқан бұл алқалы жиыннан кейін қажырлы қайраткер Алашорданың білім комиссиясының комиссия мүшесі болып тағайындалады. Түрлі ірі жиындарда сөз сөйлеп, таныла бастайды. Халықтың жағдайын ойлаған ұл бұнымен тоқтап қалмайды. Түрлі құзырлы қызметтер атқарып, кейіннен қайраткер әскери білім алу мақсатында қайта оқуға түседі.

Білімпаз ғалым қазақ өлкесін зерттеу қоғамдық жұмысына етене араласқан. Қазақ мемлекеттік педагогика институтын экстерн жүйесімен тәмамдап, сол жерде сабақ береді. Бүгінде 18 000-ға жуық қазақ жастары білім алып жатқан қара шаңырақ Қазақ мемлекеттік университетінде де 1934 жылы доцент болып жұмыс істейді. Жігітке жеті өнер де аз демекші, ағартушылықпен айналыса жүріп өзінің көркем туындыларын да шығарумен айналысады. Мәселен, «Сауаттан», «Жаңалық», «Тіл дамыту», «Оқу құралы», «Қазақ тілі», «Жаңа арна», «Бастауыш мектептердегі қазақ тілінің әдістеме-

сі», «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы», «Орыстар үшін қазақша әліппе» сияқты еңбектері қалың жұртты сауаттылықпен сусындатты (С. Смағұлова, 1998). Қайраткердің әубастан-ақ, асыл армандарының бірі қараңғылықтың көлеңкесінде жатқан халықты білім нәрімен нұрландыру еді. Одан өзге ол сол кездегі өзекті мәселелерді қозғаудың жалықпайтын жаршысы болды. Әдебиет мәселесін зерделеушілердің алдыңғы қатарындағы адам Тельжан Шонанұлы. Ол «Абай кітабын бастыру керек», «Сәкеннің тілі туралы», «Бейімбет» сыңайлы келелі мақалаларында зиялылардың руханиятының өзекті қырларының сырын шерте отырып, қазақты бірлікке жетеледі. Жеке ұлт ретіндегі мәртебемізді жоғалтпауға, білім мен ғылымға деген құштарлықты арттыруға, тілдің тазалығын сақтауға ұрандады. Алаш қайраткері емле, әліппи, терминология туралы еңбектері одақ көлемінде танылып, түріктанушылар тарапынан лайық бағасын алған болатын. Қоғам белсендісі, халық жанашыры ұйғыр тілін де жетік меңгерген. Себебі, ол Д. Снегинмен бірігіп «Уйгурская поэзия» жинағын ұйғыр тілінен орыс тіліне тәржімалады. Тельжан Шонанұлы 1923-1937 жылдар аралығында, небәрі 14 жылда 72 мақала, 32 оқулықты келер ұрпаққа мирас етті (Сердалина С., 2016).

Өкінішке орай, жан-жақты білімпаз, энциклопедист, публицист ғалым 1937 жылы 19 шілдеде тұтқындалады да, КСРО Жоғарғы Соты әскери коллегиясы «үштігінің» үкімімен ату жазасына кесіледі. Артынша қайраткердің отбасы ойрандалып, аяулы жары Шаһзода Аронқызы да қуғын-сүргіннің құрбанына айналады. Ол да өзге арыстар сияқты өлім құшып кете барды. Алайда айылын жимай, қазақ үшін шыңғырып шындықты айтатын әділдігімен де ерекшеленген дара тұлға еді. Басқа тағдырластары сияқты қайта ақталу бақыты оған бұйырмады. Кеңес саясатының жылымық тұстарында қатыгездіктің сойқаны қамшыдан да ауыр тиіп, қабырғасын қайыстырды. Одақ тарағанға дейін цензура органдарының шығармаларына тыйым салынған үш қазақтың бірі болып қара тізімде тұрды. Бұған қарағанда есіл азаматты сұраушы, жоқтаушы болмағандай. Оның қадіріне жете алмағандардың да қатары сирек емес екені байқалады (Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. 2014). Халықтың әлеуетін көп көрген асыл азамат 1916 жылдан бастап Алаш қайраткері ретінде белсене түсті. Ол осы жылғы қарулы көтеріліске қарсы болған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған зиялы қауымға қолдау білдірушілердің бірі еді. Ол Ақпан революциясынан

кейін де Алаштықтан адасқан жоқ. Мұрағатта «мен мұңдалап» тұрған мәліметтерге қарағанда, Тельжан Шонанұлының ғылыми-шығармашылық ғұмырбаяны сол кезде кезектесіп астана мәртебесіне ие болған қалалар Орынборда басталып, Қызылордада жалғасын тауып, Алматыда аяқталған. Ғалымның соңында қалған мұрасын шартты түрде бес тақырыпқа жіктеуге болады:

1. Тіл туралы еңбектері;
2. Тарих жөніндегі зерттеулері;
3. Әдебиет хақындағы ғылыми жұмыстары;
4. География ғылымын меңгертуге арналған оқулықтары;
5. Көсемдік туындылары.

Бұған қоса, Тельжан Шонанұлының шебер аудармашы ретінде орындаған аудармаларын ұмытпаған жөн (Тельжан Шонанұлы, 2011). Дарынды да жанашыр қазақтың біртуар ұлы, ұлағатты тұлға туралы сағаттап сыр шертуге болады. Алаш қайраткерінің үзеңгілес замандасы Ахмет Байтұрсыновтың талай мысалдары мен өлеңдерін орыс аудиториясына таратты. Оларды аудару жолында аянған жоқ. Ол 1928 жылы Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдығына арналған кітап шығару жөнінде көлемді мақаласын жариялады. Бәрін айт та бірін айт демекші, бірегей ғалым, Алаш зиялысы өзгенің қарымтасында кеткен қазақ жерлері үшін жан ұшырып, үндеу салды. Талай еңбектер жазып, алдын-ала туатын қауіп-қатерді болжай білді. Қорыта келе айтарым, қазақ ғылымын қалыптастыру жолында бозторғайдай бостандығын аямай еңбек еткен Алаш қайраткерінің ерен еңбегін атап айтпау мүмкін емес. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары Алаш зиялыларын ғалымдардың, тарихшылардың Тельжан Шонанұлының ғылыми аманат мұрасына бейжайлық танытқаны күйіндірді. Оның сауатты мақалаларын, ғылыми еңбектерін, танымдық оқулықтарын, жалпы азаматтық ісін Кеңес үкіметінің бірмойын басшылары қаперіне де алмады. Тіпті, қазақ арасында қазақты отырықшыландырудың мемлекетке де, халыққа да тиімді жолын көрсете алатын адам барын ескермей, ақырында қазақты ашаршылыққа апарып соқтырды. Ал Тельжан Шонанұлын мұны бірінші болып айтқаны үшін ұлтшыл деп айдар тағып, репрессияға іліктірді. 1937 жылғы тоталитарлық жүйе ұйымдастырған саяси террордың құрбаны болған қайраткердің есімі мен шығармашылық мұрасы 60-жылға жуық тарихымыздың «ақтандық беттерінде» жүрді. Тек 1990 жылы 13 тамызда КСРО Президиумының «20-25 жылдардағы саяси репрессия құрбандарының құқықтарын қалпына келтіру туралы» Қаулы не-

гізінде Тельжан Шонанұлы толық ақталды. Бұнымен елін сүйген есіл ердің тарихын зерттеу тоқтап қалмайды. Соңғы уақытта қайраткердің өмірін және шығармашылығын зерттеуге мүмкіндік туды. Әлі де оның тиянақты да тағылымды туындыларын іздестіріп, талай баспа бетінде жаңғыртамыз деп сенеміз.

Негізгі бөлім

Тельжан Шонанұлы патша үкіметінің тепкісін көрген халықтың жәйін көріп, ұғынған ғалым. Балалардың сауатын ашу молданың ырығында тұрған кезенді де көзі көрген. Ғалым кейде патша озбырлығынан жаны қиналып, түршігіп, дүрліккен жұрттың кейпіне де куәгер. Болыс пен приставтан үрейі ұшқан үлкен-кішіні ұшырастырды. Молдадан білім алудың да қорқынышынан сейіле алмаған кезеңдерді де бастан өткерген халықпен достасты. Шынтуайтына келгенде, қарабайыр қазақты құл қылып жұмсап, қағаз бен қаламсапқа жақындатпау озбыр билік иелерінің басты мақсаты болған сәттерде, қысылтаянда да қазағым дейтін ер-азаматтардың бірі – Тельжан Шонанұлы. Мектеп болса да молдадан тәлім алатындардың бар үрейі оқулықтарынан айрылып қалу болды. Бұл заманның куәгері қазақтың мыңғырған мал соңынан ерген жайбасар емес, оқу мен білімге құштар екендігін айта алар еді. Осындай оқиғалардың куәгері болған жас Тельжан Шонанұлының өмірі ғылым, білім, халқым деумен басталды. Ол ағартушы-ғалым ретінде таныла бастаған сәттен халықтың қамын жейтін ер-азамат екенін танытты. Тельжан Шонанұлы тек балаларға ғана емес, ересектердің де білімін жетілдіруді көздеді. Ғылым саласында тереңінен еңбегін сіңіре жүріп, күллі қазақтың қамын ойлады. Дегенмен, алаш партиясының құрамына кіргеннен бастап ғалымның өмірі күрт өзгергені айқын. Жас кезінен бастап педагогтің өміріне зер салсақ, ол оқу-білімге құштарлығы ерте есейтіп, қоғамдық ортадағы құбылысты ой елегінен өткізген сайын оның рухани тынысы кеңінен ашыла түсті. Тельжан Шонанұлы ұлттық ақыл-ойымыздың сапалық дамуына үлес қосқан санаткерлердің бір төбесі, бірегейі. Себебі, ол оқулықтарды жазумен ғана шектелмей, тілдік ерекшеліктердің жойылуына грамматикалық тұрғыда әсер етті. XX ғасырдың басындағы тарихи өзгерістер тұсында қазақ халқының мәдени дамуына бойындағы бар күш-жігерін салған, сан алуан тақырыпта қалам тербеген асыл азамат түрлі сұрапыл сойқанға ілікті. Қанды қанжалдарға іліксе де, халқын бойтұмар етті. Ол бар-жоғы 43

жас қана жарық дүниемен дидарласты. Аз уақыт жер басып жүрсе де, шығармашылықтың биік шыңына шығып үлгерген азаматтың артынан құнды қазынасы қалды. Ол күллі қазаққа өшпес аманат. Әсіресе сол дәуір үшін өте зәру ғылыми-танымдық әдебиеттер мен оқулықтар, оқыту бағдарламасы мен әдістемелік құралдар, тіл үйреткіш пен сауат ашқыштар, тіл білімі мен әдебиеттануға, аймақтану мен саяси экономияға, аударма қисыны мен тәжірибесіне, ұлт мектебінің қалыптасуы мен тәрбиесіне, этнография мен қазақ жерінің отарлану тарихына арналған іргелі монографиялық зерттеулерін атап айтуға болады. Егер Телжанның тасқа басылған бұл еңбектерін заманындағы ұлттық баспа өнімінің сандық өсім көрсеткіші деңгейімен салыстырар болсақ, оның рухани мәдениетіміздің дамуы мен өріс жаюына қаншалықты үлес қосқанын айқындау қиынға соқпайды. Қазақ зиялыларының өлшенбес еңбегін жариялауда 1922 жылы ашылған “Қазағыстан мемлекет баспасы” ұйымы алдыңғы қатарда болды. Бұл күнде “Қазағыстан” баспа жұмысы жұмысын бастады. Тельжан Шонанұлының 10 жыл көлемінде атқарған ерен еңбегінің тізімін төмендегі кестеден көруге болады:

1921	3 кітап	7 500 дана
1922	52 кітап	18 400 дана
1923	49 кітап	15 045 дана
1924	62 кітап	183 000 дана
1925	46 кітап	408 000 дана
1926	56 кітап	434 590 дана
1927	49 кітап	420 400 дана
1928	127 кітап	500 дана
1929	179 кітап	730 дана
1930		550 000 үлкендер әліппесі

1921 жылы Тельжан Шонанұлының 3 қана кітап басылып, оның барлық саны 7 500 болса, 1930 жылы бір әліппенің өзі 300 000 кітап басылды. Екі жылдық оқу құралы ғана 150 000 басылып отыр. 1931 жылы тек үлкендер әліппесі ғана 600 000 басылғалы отыр. Сөйтіп, сан жағынан мұнан он жыл бұрынғы баспа жұмысымызды бұл күнгімен салыстыруға да келмейді. Екеуінің айырмашылығы зор. (Тельжан Шонанұлы, 2013) Бұл Тельжан Шонанұлының 10 жылдың ішінде жеткен жетістігі. Бұл рухани байлықты

педагогтің ғана байлығы емес, ұлттық құндылық ретінде құнттауға болады. Оқулықтардың көбеюі баспа жұмысының марқайып, мәдениетіміздің өскенінен де хабар береді деген автордың өзі. (*Т. Шонанұлы туралы, 2015*). Егер бұл қатарға ағартушы ғалымның баспадан жарық көрген төл еңбектерін қосатын болсақ, оның ұлттық рухани мәдениетіміздегі алар орны айрықша болары анық. Сондай-ақ, ол мерзімді баспасөзде орыс, қазақ тілінде жүздеген көлемді-көлемді ғылыми-теориялық және әдістемелік, қоғамдық өмірдің өте өзекті мәселелеріне үндеу салған Алаш арысы талай жарияланымның авторы. Оның әдеби қорында түрлі мақалалар мен өмірбаяндық очерктер, сын пікірлер мен суреттемелер, аудармалар мен хабар-ошар бар.

Нәтиже

Білгір ғалым, көсемсөз қаламгерінің қарымдылығын бірнеше ауыз сөзге толтырып сипаттау мүмкін емес. Себебі, Тельжан Шонанұлы ұшқыр, қай тақырыпқа жазса да ұстанған бағытынан таймай, толыққанды зерттеп, бірнеше рет көз жеткізіп талдайтын хас шебер. Осы орайда Тельжан Шонанұлы – қазақ журналистикасындағы өз алдына мектеп боларлық тұлға санатындағы дара құбылыс. Ол әр азаматтың қолына қалам ұстату арқылы қазақтың деңгейін көтеруге атсалысты. Өз заманының білімпазы жүрген ортасында сауат ашуға бейім болды. Себебі, әр қазақтың хат танығаны оның кеудесін қуанышқа толтыратын. Шалғай жатқан ауыл-аймаққа өзі жетпесе де өзі жазған дүниелермен жетті. Ел аузынан тастамай аңыз қылған биік тұлғаның кезінде жазған-сызғаны, сөйлеген сөзі, киген киімі, жүрген-тұрғаны, қысқасы, бар болмыс-бітімі үлкен мәдениетті, этикалық-эстетикалық сұлулық әлемін әрбір пенденің жүрек түбіне шым-шымдап сіңіріп тұрды. Саяси тұрғыда Ресей федерациясының субъектісі ретінде танылған Қазақ автономиясының, яғни ресми төл мемлекеттігінің бұғанасы бекіп, қабырғасы қатаюына Тельжан Шонанұлының қайраткерлік қарымы мен ұйымдастырушылық шалымы, ұстаздық ерендігі мен ғалымдық тереңдігі, күрескерлік табандылығы мен публицистік ұшқырлығының қосқан мол үлесі әлі талай еңбекке арқау боларына күмән жоқ. Ағартушы жастайынан аса еңбекқор жан еді. Ел оны қарыштай басқан қадамынан емес, атқарған қыруар шаруаларынан танитын. Еңбекқорлық қасиетін онымен араласқан замандастарының бәрі жақсы білді. Оның өскен ортасы Ырғыз өңірі, Ырғыз қаласы – кезінде қазақтың жақсысы

мен жайсаңының бас қосатын кішігірім рухани кіндігі болған құтты мекен. Ырғыз топырағынан ел-жұртының ыстық ықыласына бөленген сан алуан ірі тұлғалар шықты. Мәселен, Кеңес өкіметі орнаған әзірдегі Қазақстанның көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ҚКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Құлымбетов Ұзақбай Желдірбайұлы, мәдениет қайраткері, ғалым Тел Жаманмұрынұлы, үкімет мүшелері Жүргенов Темірбек, Алманов Бәймен. Соларға өкшелес, қанаттасып ғылыми-ағарту жолын қуған Тельжан Шонанұлы шықты. Жалпы қазақ ғұламаларының қай аймақта дүниеге келгені емес, олардың арттарында қалдырған мәдени мұрасының құндылығында. Негізі, қазақтың бетке ұстар қайраткерінің жаны әрдайым жаңалыққа құмар болды. Ол Ырғыздағы екі кластық орыс-қазақ мектебінен 1908-1912 жылдар аралығында білім алады. Сол аралықта ол орыс тілін жетік меңгеріп те үлгереді. Оған орыстың классик ақын-жазушылары А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, А.П. Чехов, Н.А. Крылов, Л.Н. Толстой, М.Е. Салтыков-Щедрин, В.Г. Белинский, Н.В. Гоголь, Н.Г. Чернышевский, Н.Д. Добролюбов, Д.И. Писарев, т.б. шығармаларын қызыға оқып, танысуына мектептегі ұстаздарының ықпалы зор болды. Орыстың классикалық әдебиетінің үлгілерін оқу Тельжанның қиял қанатының алысқа самғауына әсер етті. Ол енді қолына түскенді оқи беруге әдеттенді. Осы жылдары оның қолына Санк-Петербургтан басылған Абайдың тұңғыш жыр жинағы түседі. Абайдың поэзиясы мен ғибратты қара сөздерін оқу оны ерекше бір сезімге бөлеп, рухани қанаттандырады. Ол тек өзін тәрбиелеуде ғана емес, ұлт тәрбиелеуге үлкен үлес қосты.

Ойтолқы

Бұл ғалымды көптен өзге дара тұлға деп тануымызға негіз бар. Себебі, педагог ғалым ешқашанда жеке басының дара қасиеттерін дамытуды тоқтатқан емес. Әрдайым ізденіске бой алдыруды әдетке айналдырған. Мәселен, ол мектеп жанындағы кітапханадан үнемі орыс, татар және өзге тілдердегі мерзімді баспасөзді бақылаудан жалықпайтын. «Тәржіман», Орынбордан шығатын «Уақыт» газеттері мен «Шора» журналындағы түрік халықтарына ортақ қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени мәселелерге ден қоя бақылап отыратын. Бұл ұлтын сүйген жанның іс-әрекеті. Ол татар басылымдарын оқыған сайын білгенін шәкірттерімен бөлісіп отырды.

Ғалымдардың саликалы пайымдауынша, тіл мәдени дамумен халықты сақтаудың маңызды шарттарының бірі болып саналады. Тіл болмаса халық, біріншіден, өзінің ұлттық бейнесін жоғалтуға, екіншіден, мәдени құлдырауға ұшырайды – деп жазды Тельжан. Бұл оның ұстанған принципі ғана емес, бүкіл өмірінің өзегі болатын. Ол жаңа әліпбидің қазақстандық комитетінің мүшесі болды. Ұлтымыздың мәдени құндылығының тұрақты дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ол ғылыми-танымдық публицистикаға көбірек ден қойды. Себебі, ол өмір сүрген уақыт талабы рухани үдерісі сондай еді. Дегенмен, тұлға нені жазса да заманға сай өзекті мәселелерді жаңғырта білді.

Ғалым жазған «Сауаттан», «Жаңалық», «Тіл дамыту», «Оқу құралы», «Қазақ тілі», «Жаңа арна», «Бастауыш мектептеріндегі қазақ тілінің әдістемесі», «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы», «Орыстар үшін қазақша әліппе», «Қазақ тілінің оқу құралы», «Учебник казахского языка для взрослых» т.б. еңбектер халқымыздың сауатты болуына, дүниені тануына көп ықпал етті. Оның емле, әліпби, терминология жүйесі бойынша жариялаған жұмыстары сол кезде одақ көлемінде түріктанушылар тарапынан лайықты бағасын алды. Қайраткер әдебиет мәселесін де зерделеп отырды. «Абай кітабын бастыру керек», «А.А. Байтұрсынов», «Сәкеннің тілі туралы», «Бейімбет «От басында» атты мақалаларында руханияттың өзекті қырларын сөз етті. Қайраткердің саяси-тарихи білік дәрежесін көрсететін іргелі еңбегі – 1926 жылы жарық көрген «Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты зерттеуі. Педагогтың жазған еңбектеріне ғана қарап оның дара әрі дана тұлға екенін тү-

сінуге болады. Оның әр қолтаңбасы түскен еңбегінде алып жүректің жатқандығын аңғаруға болады. Ағартушыны өзге Алаш арыстарын зерттегендей қыруар шаруалар жасалмағанмен, бертін келе әмбебап ғалымның қыруар қызметі айқындалып отыр. Жарқ еткен қазақ ғылымының жұлдызының кеңінен таныла алмауының да негізгі себебі жарық дүниемен бар-жоғы 43 жыл ғана достасқаны. Ауыз толтырып, мақтануға тұрарлық жәйт, Тельжан Шонанұлы сол шолақ өмірін түгел дерлік шығармашылыққа арнап, ұлтына адал қызмет етті. Оның жазбалары көне руна жазбаларындай аса құнды, бағалы. Ол қазақ ағартушылық саласына ерен еңбегін сіңірді. Сол заманның озық маманы, бүгінгінің жырдастанына айналды.

Қорытынды

Тельжан Шонанұлы әмбебап ғалым, қазақтың дарасы. Бүгінде анықталған мәліметтер бойынша, оның 10 жылдан артық мәдени мұраға қосқан үлесі зор. Өзге ғалымдар мен ағартушылардан ерекшелігі, ол тек мектеп оқушыларының сауатын ғана ашып қоймай, ересектерге арналған оқулықтарды жазып шығарды. Алаш қозғалысының белді мүшесі. Елінің қамын жеген бірегей азаматтардың бірі. Қазақ еліне сіңірген ерен еңбегінің арқасында қуғын-сүргінге іліккен оның өзі ғана емес жары Шаһзада Аронқызы да сұрапыл сүргіннің құрбаны ретінде қуғындалады. Халқын қызғыштай қорып, саяси қырына да ден қойып, құр қалмаған ғалымның тағылымды тағдыры барша қазаққа үлгі. Десек те, әмбебап ағартушының тағдыры мен шығармашылығын тереңдете зерттей түсу әлі қажет.

Әдебиеттер

- Биографический сборник (2007) Казахи в России: – С.279.
 Ескалиев С. (2014) Ұлт намысын биік ұстаған тұлға. – Ана тілі. – 15 б.
 Смағұлова С. (1998) Алаш. Алашорда-энциклопедия: – Алматы: «Арыс» баспасы. – Б. 350-351.
 Сердалина С. (2016) Особая страница нашей истории // Вести Семей. – С.6.
 Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. (2014) Алаш қозғалысы энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы. – Б. 430-431.
 Тельжан Шонанұлы (2011) – шығармалар, зерттеулер және мақалалар Алматы: Ел-шежіре. – 368 б.
 Шонанұлы Т. (2013) Туралы материалдар. – Алматы: Ел-Шежіре. – 384 б.
 Шонанов Т. (2015) Бес томдық шығармалар жинағы: оқу құралдары, оқулықтар. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 288 б.

References

- Biograpicheskiy sbornik- (2007) [Kazakhi v Rossyi]s – 279
- Eskaliyev S. – (2014) – [Ult namysyn byik ustagan tulga] – Ana tili] – 15 b.
- S.Smagulova-(1998) [Alash.Alash-orda-ensiclopedia] – Almaty: “Arys” baspasy b- 350,351
- Serdalina S. (2016) – [Osobaya stranica nashei istori Novosti Semei]- s-6.
- Tileshov E., Kamzabekuly D. (2014) [Alash kozgalysy ensiclopedialyk anuktamalyk] – Almaty: 430-4310b.
- Telzhan Shonanuly (2011) – [shugarmalar, zertteuler zhane makalalar] Almaty: El-shezire – 368b.
- Shonanuly T.Turaly materialdar – (2013) – Almaty: El-shezire – 384 b.
- Shonanov T. (2015) [Bes tomdyk shugarmalar zhinagy: oku kuraldary, okulyktar] – Almaty: Memlekettik tildy damuty instituty – 288 b.

Каримова Б.Ж.¹, Мухатова А.Д.²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Sultan-3@mail.ru

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Астана қ., e-mail: aigulmukh@mail.ru

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ЖАЗУДАҒЫ КЕМШІЛІКТЕР

Бұл ғылыми мақала Қазақстандағы экологиялық проблемалар және олардың өзіндік ерекшеліктеріне, БАҚ арқылы экологиялық және табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың жолдарын жариялауға арналған. Қазіргі кезде көптеген ғалымдар экологиялық мәдениетті қалыптастырудың және экологиялық мәдениетті насихаттаудың алғы шарттарын зерттеуде. Еліміздегі экологияны бақылау мен мониторинг жасау мекемелерінің жұмыстарын жандандыру, зерттеу нәтижелерін халыққа ашық, әрі шынайы жеткізу өте әлсіз. Табиғатты қорғау саласындағы өзекті мәселелермен танысқан сайын қоршаған ортаны бүгіннен ойламасақ, ертең кеш болатыны анық. Осы орайда қазіргі заманға сай экологиялық идеология қажет. Егер біз, жас ұрпақты кішкентай кезінен бастап табиғатты сүйуге тәрбиелемесек, көп нәрседен ұтылатынымыз хақ. Әрбір адам экология негіздерін жақсы білуі қажет. Сонда ғана адамның миында, қанында, көзқарасында қоршаған ортаны бүлдірмеу керектігі туралы негіз қалыптасады. Адамдар сонда ғана туған өңір табиғатын қорғауда белсенділік көрсете алады. Газет-журналдарға мақала жазу, баяндама жасау, теледидардан мәліметтер беру, жазушылармен, ғалымдармен кездесулер өткізудің нәтижелері мол болады. Адамдардың көздерін, адамды табиғаттың бір бөлшегі екендігіне жеткізу өте маңызды. Экологиялық апаттардың адамдарға тигізген зардаптары жайлы жазылған материалдардың әлеуметтік маңызы қазіргі кезде жан-жақты зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптардың бірі деп айта аламыз. Экологиялық проблеманың пайда болуы ең алдымен әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты және бұл проблемаларды техникалық құралдармен де, жеке адамның топтасқан қауымның қоршаған ортаға көзқарасын, қатынасын қайта бағдарлау жолымен де шешуге болады. Бұл мақалада Бұқаралық ақпарат құралдарында экологиялық проблемаларды жазудағы кемшіліктері сараланып, арнайы экологиялық сайттардан экологиялық ақпараттарды табу және қолдану жолдары ұсынылған. Сондай-ақ, БАҚ-та экологиялық проблемаларды анықтаудың маңыздылығы қарастырылған.

Түйін сөздер: экологиялық журналистика, экология, экологиялық ақпарат, экологиялық сайттар, БАҚ, ядролық қару.

Karimova B.Zh., Mukhatova A.D.

¹Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: Sultan-3@mail.ru

²L.N.Gumilev Eurasian national university,
Kazakhstan, Astana, e-mail: aigulmukh@mail.ru

Shortcomings in the coverage of environmental problems

This scientific article is devoted to the ecological problems of Kazakhstan and their peculiarities, coverage of the ways of effective use of environmental and natural resources in mass media. Currently, many scientists are engaged in the prerequisites for the formation of environmental culture and its propaganda among the population. Very little work is done to improve the activities of environmental monitoring and controlling institutions and lack of transparency in the coverage of research results is observed. Having studied environmental problems, we are increasingly convinced that it is necessary to find a solution to these problems, otherwise it may be too late. In this regard, we need a modern ideology. Every person should know the basics of ecology. If we do not cultivate love for nature in young generation from the very beginning, it is obvious that we will lose much. If you instill love for nature,

then in the human subconscious, blood and views, a foundation will be formed that one cannot harm the environment. Only then can people actively participate in protecting the environment of their native land. Writing articles for many magazines, presenting reports, providing information on television and meeting with writers and scientists give positive results. It is important to convince people that a person is part of nature. The social significance of materials on the consequences of environmental disasters for humans can now be considered as one of the pressing issues that require careful study. The emergence of an environmental problem is primarily associated with socio-economic factors and can be resolved with the help of technical means and by reorienting views and attitude of man to the environment. In this article, shortcomings in the coverage of environmental problems in mass media, information on ecological sites and ways of using them are analyzed. The importance of identifying environmental problems in mass media is also considered.

Key words: ecological journalism, ecology, ecological information, mass media, nuclear weapons.

Каримова Б.Ж.¹, Мухатова А.Д.²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Sultan-3@mail.ru

²Еуразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Казахстан, г. Астана, e-mail: aigulmukh@mail.ru

Недостатки в освещении экологических проблем

Данная научная статья посвящена экологическим проблемам Казахстана и их особенностям, освещению способов эффективного использования экологических и природных ресурсов посредством СМИ. В настоящее время многие ученые занимаются предпосылками формирования экологической культуры и ее пропаганды среди населения. Очень слабо ведется работа по улучшению деятельности учреждений по наблюдению за состоянием окружающей среды и мониторингу, не хватает прозрачности в освещении результатов исследований. Ознакомившись с экологическими проблемами, мы все больше убеждаемся в том, что немедленно необходимо найти решение данным проблемам, иначе может быть слишком поздно. В связи с этим нам нужна современная идеология. Каждый человек должен знать основы экологии. Если мы не воспитаем любовь к природе у молодого поколения с самого начала, очевидно, что мы потеряем многое. Если привить любовь к природе, то в человеческом подсознании, крови и взглядах сформируется основа о том, что нельзя вредить окружающей среде. Только тогда люди смогут активно участвовать в защите окружающей среды родного края. Написание статей для множества журналов, выступление с докладами, предоставление информации на телевидении и встречи с писателями и учеными дают положительные результаты. Важно убеждать людей в том, что человек является частью природы. Социальная значимость материалов о последствиях экологических катастроф для человека теперь может рассматриваться как один из актуальных вопросов, которые требуют тщательного изучения. Возникновение экологической проблемы в первую очередь связано с социально-экономическими факторами и могут быть разрешены с помощью технических средств и путем переориентации взглядов и отношения человека к окружающей среде. В данной статье проанализированы недостатки в освещении экологических проблем в средствах массовой информации, предложены способы поиска специальной экологической информации на экологических сайтах и пути их использования. Также рассматривается важность выявления экологических проблем в средствах массовой информации.

Ключевые слова: экологическая журналистика, экология, экологическая информация, экологические сайты, средства массовой информации, ядерное оружие.

Кіріспе

XXI ғасырдың басынан бастап әлемде қоршаған орта жағдайы күрт нашарлап кетті. Жыл сайын экологиялық проблемалардың сан алуан түрі жинақталуда. Олардың көпшілігі халықтың хабардар болмауынан табиғаттың әр бөлігіне қауіп төндіруде. Қоғам өкілдері қоршаған орта мен қоршаған ортаға қандай факторлар әсер ететіндігі туралы сенімді, объективті және заманауи ақпарат алуға тиіс. Сол тұрғыда мемлекеттің

экология балансын жақсарту және қолдау үшін қандай шараларды қолданатынын білуі керек және оларды жүзеге асыруға жауапты. Бұдан басқа, әрбір тұрғын өзінің тіршілік әрекеті арқылы қоршаған ортаға жасайтын үлесін білуі керек. Информатордың қоршаған ортаны қорғаудағы рөлі бұқаралық ақпарат құралдарына түседі. Журналистің жұмысының сапасы негізінен халықты қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде, сондай-ақ қоғамдағы экологиялық мәдениеттің деңгейінің жоғары не төмендігіне байланыс-

2. Дайындау (құрастыру) кезеңі. Бұл кезеңде тұтынушылар тауарды оның соңғы, дайын түріне жақындатуға қатысады. Осы орайда висбадендік зергер Лео Лангтің әдісі классикалық мысалға жатады. Ол өз клиенттеріне неке жүзіктерін жасауға қатысуды ұсынады. Ал Ресейде «Кухнистрой» компаниясында әрбір клиент өзінің асханалық жихазын жасауға тікелей қатысы, екі аптада бітетін жұмысты бір-ақ күнде аяқтап, тауарды жеткізу мүмкіндігіне ие болады.

3. Тауарды ілгерілету кезеңі. Бұл тәсіл желілік маркетингке ұқсайды. Сатып алушы өзінің досы, танысы немесе туысы ұсынған тауар немесе қызмет түрін сатып алуда белсенділік танытады. ICQ («I seek you») жылдам хабарлама тарату бағдарламасын әзірлеушілер жаңартылған бағдарламаларды тарату үшін қызықты әдіс қолданды. «Бағдарламаның жаңа нұсқасы дайын болған сайын бағдарламашылар кездейсоқ таңдап алынған мыңдаған тұтынушымен байланыс орнатып, олардың әрбіріне бі-

рыңғай «құпия паролді» таратып, бұл туралы тек екі досына айтуды сұраған. Компания күткендегідей, тұтынушылар бұл шектеуді ескермей, бағдарлама туралы хабарды жаппай таратқан. Краудсорингтің бұл түріне «Досыңды ертіп кел» секілді көптеген акцияларды да жатқызуға болады. Дей тұрғанмен, краудсорсингті әмбебап әдіс деуге болмайды. Себебі оны қолдану әдеп және экономикалық жағынан, тауар немесе қызмет түрінің ерекшеліктеріне, оларды тарату мен қолдану әдістеріне қарай шектелуі мүмкін (Черных, 2010).

Нарықтық қатынастарға көшкеніне ширек ғасыр өткен Қазақстан телевизия саласы да да осы жүйеде жұмыс істеуде. Телебағдарламалар дайындайтын кейбір аутсорсингтік компаниялар отандық теленарықта өздерінің лайықты орнын алып үлгерді. Аймақтық телеарналарды есепке алмағанда, республикалық деңгейдегі телеарналардың барлығы дерлік дайын өнімдер ұсынатын компаниялардың мүмкіндігін пайдалануда. Бірақ мәселенің екінші жағы бар: өкінішке қарай, әзірге «сапалы өнім ұсына алатын продюсерлік орталықтар мен телекомпаниялар елімізде айтарлықтай көп емес» (Цай, 2009). Мұның зардабы, әсіресе, мемлекеттен қаржылай көмек алмайтын коммерциялық телеарналарға қаттырақ тиюде.

Телеконтентті аудсорсинг немесе краудсорсинг технологиясы арқылы жасау арқылы телеарна басшылары жергілікті көременнің менталитеті мен ұлттық идеологияны, ұлттық мазмұнды естен шығармауы тиіс. Отандық медиа салада шетелге еліктеушілік салдарынан ақпараттық қауіпсіздікке нұқсан келетін жайттардың аз еместігін алға тартқан белгілі БАҚ зерттеушісі, профессор Н. Омашев: «Қазақстан журналистикасының айналасында кейінгі кездерде саяси капиталға байланысты да көп мәселелер айтылып жүр. Сондай-ақ БАҚ магнаттары пайда болуының алғышарттары және мұндай алпауыттардың қоғамға тигізетін қандай әсері бар деген секілді тақырыптар күн тәртібіне қойылып келеді. Шындығында, біз мұны қалайық, қаламайық, оларды қоғамның өзі тұғызды. Оның үстіне, Қазақстан – жариялылық құндылықтарын құптаған ел. Яғни, ақпаратқа қысымшылық жоқ. Бірақ БАҚ магнаттарын мемлекеттік мүддеге жұмыс істеуге шақыру әсте дұрыс. Өйткені, олардың қолында үлкен идеологиялық құрал бар екенін естен бір сәт те шығаруға болмайды. Қайта БАҚ иесінің қайдан шыққанын, оның тәуелсіз елімізге қаншалықты дәрежеде жаны ашитынын, «қаражатын өзі өмір

сүріп отырған қоғамға жұмсай ма, жоқ көкейінде жүрген бір дара пиғылына шашады ма?» деген мәселелерді зерттеудің ешқандай артықшылығы жоқ. Несін жасырамыз, бізде осы жағы жетіспейді. Мұндай игілікті іс-шаралар мемлекеттік тұрғыда жасалынуға тиісті. Әрі тәуелсіз елімізді мұратына жеткізетін асыл құндылықтарды айқындауымыз керек» (Омашев, 2015) - дейді.

Интернет пен өзге де жаңа телевизиялық платформалардың, соның ішінде кабельдік және спутниктік телеарналар арқылы контентті жүктеп алу мүмкіндігінің пайда болуы контентке қатысты ұлттық шекараның шебін бұза бастады. Ақпаратты таратудың жаңа платформаларына деген кең қолжетімділік көптеген елдердің ішкі контент өндірісін арттыру және ұлттық мәдениетті ілгерілету бойынша қабылдаған ережелерінің тиімділігін азайта түсуде. Хабар таратушылар лицензия берудің шарты ретінде, әдетте, ішкі контентке қатысты бірқатар талаптарды белгілейтін, бұл *quid pro quo*, яғни белгілі бір географиялық аймаққа қол жеткізу үшін хабар тарату мүмкіндігін қолдануға айрықша құқық беретін. Жаңа арналар мен таратушы платформалар қызмет жетізушілердің кең ауқымды салаларына қолжетімділікті қамтамасыз етеді, осы ретте олардың көпшілігін ұлттық реттеу мүмкін емес. Бұл жағдай саясаткерлердің контент өндірісіне ішкі реттеу арқылы араласу мүмкіндігін әлсіретіп отыр.

Хабар таратудың негіз құраушы экономикасы цифрлық хабар тарату мен кәбiлдiк телеарна жолымен өзгеріске ұшырады. Көрермендер аудиториясы телеарнаның бекітілген хабар тарату кестесін желілік емес түрлеріне дейінгі көру уақытын, соның ішінде, компьютерлерде, планшеттер мен смартфондарда көру, өз сұрауы мен талғамы бойынша көру мүмкіндігін өздері шешетін жағдайға жетті (Barwise & Picard, 2012). Интернеттегі ақпараттарды алу мен жүктеу ағымының артуы, сондай-ақ, кейбір платформаларда түпнұсқа бағдарламалардың әзірленуі көрермендердің көбінесе Netflix, LoveFilm, Hulu секілді сервистер мен осыған ұқсас сервистері бар интернет-провайдерлерді қолдануына жол ашты.

Бірқатар дамыған елдерде, атап айтқанда, Австралия, Канада, Ирландия мен Оңтүстік Кореяда ішкі контентті қалыптастыруға қатысты саясат айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Осы аталған елдердің барлығы географиялық, мәдени және нарықтық тұрғыдан үлкен айырмашылықтарға ие болғанымен, олардың ішкі контент өндірісіне қатысты саясаттары ұқсас келеді. Осы елдер ұлттық контент нарықтарының шағын

болғанына қарамастан, отандық контент өндірісін қолдауға басымдық береді (Lowe & Nissen, 2011).

Контент саласындағы саясатты әзірлеуге мәдени саясат, өндірістік саясат, бәсекелестік саласындағы саясат және бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты саясат секілді саясаттың төрт негізгі бағыты ықпал етеді. Мәдени саясат сана-сезім мен ұлттық болмысты нығайту мәселелерімен байланысты, әдетте, әрбір елдің ұлттық ерекшелігіне негізделеді (Bennett, 1998). Өндірістік саясат отандық өнеркәсіпке қолдау көрсетуге және экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуды ынталандыруға бағытталған (Karlsson & Picard, 2011). Бәсекелестік саласындағы саясат тауарлар, соның ішінде, контент өндірісінің тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған (van Oranje-Nassau et al, 2008). Бұқаралық ақпарат құралдарына негізделген саясат масс-медианың жекелеген салалары ұлттық мақсат-мүддені қанағаттандыруды көздейді (O'Regan & Goldsmith, 2006). Соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы саясатты әзірлеудегі экономикалық тәсілдер шешім қабылдауда ең маңызды рөл атқарады (Picard, 2011).

АҚШ бірнеше ғасырлық коммерциялық тарихына байланысты мәдени өнімдердің халықаралық айналымында негізгі жеткізуші болып табылады. Бұл елдің фильмдері мен телевизиялық бағдарламалары ұзақ жылдар бойы халықаралық нарықта көш бастап келді (Wildman & Siwek, 1988). Хабар таратудың кәбілдік және спутниктік, Интернет арналарының пайда болуына байланысты АҚШ-тың ғаламдық үстемдігіне қатысты жаңа қауіп-қатерлер айтыла бастады. Бұл басымдық америкалық мәдени өнімдердің тікелей ағымына жол ашып қана қоймай, осы ел идеологиясының көптеген басқа мемлекеттердің ішкі бағдарламалық стратегиялары мен өнім мазмұнына да зор ықпалын тигізуі мүмкін (Banerjee, 2002; Straubhaar, 2008).

Ұлыбритания корольдігі де BBC және ондаған жылдар бойы коммерциялық телевизияның сапалы өнімдері мен тұрақты қаржыландыруының арқасында телевизиялық бағдарламаларды экспорттауда жетекші орында келеді. Бұл елде жарнамалық қаржыландыруға шектеулі бәсекелестік орнады. Осы елдің полиция тақырыбындағы драмалары мен комедиялары экспортта үлкен сұранысқа ие болып отыр.

Контент өндірісі бойынша нарыққа тари-

хи тұрғыдан иелік етіп отырған Батыс және АҚШ мемлекеттері әлем бойынша ірі ұлттық және аймақтық ойыншылар санының артуына байланысты өздерінің көшбасшылық рөлдерінен айырылуы мүмкін (Steinbeck, 1995; Thussu, 2007; Tunstall, 2007). Әлем елдеріндегі спутниктік және интернет-аудиовизуалды хабар тарату арналарының қолжетімділігіне байланысты хабар тарату саясатындағы ішкі нарықты қорғау бағытының тиімділігі азая түспек.

Канадалық хабар таратушылар атап өткендей, Netflix және өзге де әлеуетті қолжетімді Hulu, Amazon TV немесе Apple TV секілді ағымдық бейнематериалдарды құруда жасанды бәсекелік басымдыққа ие, себебі оларға канадалық контентті қолдау маңызды емес. Сарапшылар, Netflix әлеуетті абоненттерге қызмет түрін қымбатқа ұсынады деп қауіптенеді. Netflix кейбір америкалық медиа-кітапханаларды Канада аумағында тарату құқығын иеленген. Бұл, өз кезегінде, жекелеген канадалық мамандандырылған қызметтердің таралу мүмкіндігіне кедергі жасайды. Netflix басшылары Канадада өткен конференцияда «Netflix пайда түсіретін лицензиялау арқылы канадалық контентті қолдайды және Netflix ұсыныстарының шамамен 10 пайызға жуығы канадалық» деген болатын. Алайда осы фактіні тексере келе, АҚШ-тың Netflix операторлық желісіндегі канадалық контенттің үлесі бар болғаны 3 пайызға жуық. Тіпті көптеген канадалық фильмдер АҚШ-тағы Netflix-те қолжетімді болғанымен, Канадада қолжетімді емес. Бұған қоса, Канаданың тәуелсіз өндірушілері мен Netflix арасында лицензиялық мәмілелер жасалған жоқ. Негізгі мәмілелер Netflix, CBC және канадалық ірі дистрибьюторлар арасында жасалды (Gratton, 2011).

Ирландияда тілге және ішкі контентке қатысты мәселелер жоқ емес. Хабар таратудың алғашқы кезеңінде кейбір радио- және телевизиялық хабарлар ирланд тілінде шыққанымен, 1970-1990 жылдар аралығында мұндай хабарлардың саны айтарлықтай азайды. XX ғасырдың соңында ирланд телевизиялық контенті құрыла басталды, оның мультипликативтік әсері ирланд тіліндегі шығармашылық индустрияға ықпал ете бастады (Watson, 2002; 2003).

Дей тұрғанмен, таратылатын бағдарламалардың басым бөлігі ағылшын тілінде қалып отыр. Бұл фактор шағын мемлекеттер ұшырасатын өндіріс жағдайына байланысты мәдени мәселелердің бар екендігін айғақтайды

(Lowe & Nissen, 2011), сондай-ақ Ирландия аудио-визуалды контент өндіретін негізгі елдер, соның ішінде, ирланд аудиториясы үшін тартымды ағылшын тілінде сөйлейтін Австралия мен Канада ағылшын тіліндегі өзге де өндірушілер – Біріккен Корольдік пен Құрама Штаттардың арасында мәдени қысымға тап болды.

Солтүстік Ирландиядан, Ұлыбритания мен АҚШ-тан спутник арқылы тікелей көрсетілімдер арқылы сыртқы телевизиялық бағдарламалар өндірісінің Ирландияға кері әсері артып отыр. Солтүстік Ирландиядағы хабар таратушылар осы елді Біріккен Корольдікпен тығыз байланыстыру үшін арнайы құрылған және олар, әдетте, ирландиялық ұлтшылдық пен ұлттық мүддені кейінгі орынға ысырып қойды (Hill & Hill, 2007; Cornell, 1997).

Қорытынды

Қорыта айтқанда, контент өндірісіне қатысты халықаралық тәжірибе әлемнің көптеген елдерінде ішкі саясаттың идеологияның негізгі құрамдас бөлігіне және шетелдік мәдени экспансияның құралына айналғанын көрсетіп отыр. Біздің елімізге келер болсақ, ақпараттық

қауіпсіздік тұрғысынан отандық телеконтентті сандық, сапалық тұрғыда дамыту мәселесі қай кезде де өзекті болып қала бермек. Әлемнің алпауыт елдерінің толассыз мәдени экспансиясына төтеп бере алу үшін мемлекет отандық телевизияны сыртқы факторлардан қорғап, нарықтық қатынастар заңына сәйкес барлығына әділ де тең жағдай туғызуы қажет. Ол үшін еліміздің Ақпарат және коммуникациялар министрлігі мынадай ұсыныс-тілектерді мұқият зерттеп-зерделеген жөн деп білеміз:

Қазақстанғы шетелдік телеарналардың көрсетілуін азайту;

Ақпарат және коммуникациялар министрлігі жанынан шетелдік контенттің мазмұнын тексеретін арнайы жұмыс тобын құру;

Шетелдік контентке жарнама орналастыруға шектеу қою;

Отандық сериал өндірісін дамыту үшін телеарналарға салықтық жеңілдіктер қарастыру;

Сапалы телеконтент ұсынатын отандық аутсорсингтік және краудсорсингтік компаниялардың қызметіне қолдау көрсету. Ең бастысы, ақпараттық саясатта телеарналарды заңнамалық тұрғыдан міндеттеумен қатар, ынталандыру тетіктерін де дұрыс қолдана білген абзал.

Әдебиеттер

Amos, O. (2005). Television dependency in independent Kazakhstan: Programming via Relay, Import and Adaptation// The international journal for communication studies. № 67 (4). Pp. 325-337.

Ахмедова, М (2015). К вопросу об истории современного телевидения независимого Казахстана // «Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мүдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты республикалық дөңгелек үстелдің материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 38 б.

Banerjee, I. (2002). The Locals Strike Back?: Media Globalization and Localization in the New Asian Television Landscape. International Communication Gazette, 64(6), 517-535.

Barwise, Patrick and Picard, Robert G. (2012). The Economics of Television in a Digital World: What Economics Tells Us for Future Policy Debates, RISJ Report? Reuters Institute, University of Oxford.

Bennett, Milton, J. (1998). Intercultural communication: A current perspective. In Milton J. Bennett (Ed.), Basic concepts of intercultural communication: Selected readings. Yarmouth, ME: Intercultural Press.

Бейсенқұлов А.А. (2001). Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа технология негізінде даму проблемалары. Кандидаттық диссертация: 10.01.10. Әл-Фараби ат. ҚазҰУ. – Алматы.

Бейсенқұлов А. (2015). Телеконтентті дамытудағы сандық технологияның жаңа мүмкіндіктері // «Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мүдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты республикалық дөңгелек үстелдің материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 15 б.

Бочарова М. (2015). Интервью с Генеральным директором телеканала «Астана» Ляззат Танымбай: «Телевидению не обойтись без точечного государственного патронажа», https://vlast.kz/persona/ljazzat_tanysbaj_gendirektor_telekanala_astana_televideniju_ne_obojtis_bez_tochechnogo_gosudarstvennogo_patronazha-1540.html

Бочарова М. (2013). Интервью с Генеральным директором «Седьмого канала» Азизой Шужеевой: «Государственное финансирование не стимулирует рост телерынка», https://vlast.kz/persona/aziza_shuzheeva_gendirektor_sedmogo_kanala_gosudarstvennoe_finansirovanie_ne_stimuliruet_rost_telerynka-1675.html

Буенбаева З. (2015). Қазақ тележурналистикасындағы конвергенция үдерісі мен кросс-медианың мүмкіндіктері // «Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мүдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты республикалық дөңгелек үстел материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 82 б.

Van Oranje, C., Cave, J., Vander Mandele, M., Schindler, R., Hong, S.Y., Iliev, I., & et al. (2008). Responding to convergence: Different approaches for telecommunication regulators. TR-700-OPTA. Prepared for the Dutch independent telecommunications and post regulator. www.rand.org/content/dam/rand/pubs/technical_reports/2011/RAND_TR700.pdf

Веселева О. (2012). Интервью с Генеральным директором Первого канала «Евразия» Сергеем Киселевым: «Развивать казахстанский телевизионный контент трудно, но реально», <https://kapital.kz/gazeta/9474/sergej-kiselev-razvivat-kazahstan-skij-televizionnyj-kontent-trudno-no-realno.html>

Gratton, Paul (2011). Foreign Over the Top Services and the Creation, Acquisition and Exhibition of Canadian Content. Joint submission of ACTRA, APFTQ, CMPA, DGC and WGC in response to B/TNOC 2011-244.

Елтайқызы Қ. (2015). Интервью с заместителем Председателя правления РТПК «Казахстан» Данияром Нургазином: «Телеканал «Казахстан» отснял для зрителей 12 сериалов». https://bnews.kz/ru/news/kultura/telekanal_kazahstan_ot snyal_dlya_zritelei_12_serialov

Hill, Andrew and Hill, John (2007). 'Just the Same Part of the United Kingdom as Your County Sussex': The BBC and the Arrival of Television in Northern Ireland in the 1950s, *Journal of British Cinema and Television*, 4(2) pp. 253–271.

Karlsson, Charlie and Picard, Robert G. (2011). *Media Clusters: Spatial Agglomeration and Content Capabilities*. Cheltenham: Edward Elgar Publishing.

Сахариянов, К. (2013). «Казахстанский сериал – мало и скучно», <https://radiotochka.kz/16432-kazahstanskiy-serial-malo-i-skuchno.html>

Қадырғиязов Н. (2015). Телеақпарат кеңістігіндегі ақпараттық қауіпсіздік пен ақпараттық соғыс // «Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мүдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты республикалық дөңгелек үстелдің материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 61-62 бб.

Lowe, Greg F. and Nissen, Christian S. (eds). (2011). *Small Among Giants: Television Broadcasting in Smaller Countries*. Göteborg, Sweden: NORDICOM, University of Gothenburg.

McDermott, Philip (2011). 'Irish Isn't Spoken Here?' Language Policy and Planning in Ireland, *English Today*, 27(2):25-31.

Олжабаева А. (2016). Трансляция рекламы на зарубежных телеканалах теперь под запретом. <https://www.ktk.kz/ru/news/video/2016/07/01/70568>

Омашев Н. (2015). Төртінші билік // «Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мүдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты республикалық дөңгелек үстел материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 19-20 бб.

O'Regan, T., & Goldsmith, B. (2006). Making Cultural Policy: Meeting Cultural Objectives in a Digital Environment. *Television & New Media*, 7(1), 68-91.

Полуэхтова И.А. Динамика Российской телеаудитории // «Социологические исследования», 2010, № 1

Straubhaar, J. D. (2008). Global, hybrid or multiple? Cultural identities in the age of satellite TV and the Internet. *Nordicom Review*, 29(2), 11–29.

Steinbeck, Dan (1995). *Triumph and Erosion in the American Media and Entertainment Industries*. Praeger.

Thussu, D. (ed). (2007). *Media on the Move: Global Flow and Contra Flow*. London: Routledge.

Tunstall, Jeremy (2007). *The Media Were American: U.S. Mass Media in Decline*. Oxford: Oxford University Press.

Черных О.Д. (2010). Краудсорсинг как инструмент современного маркетинга // Материалы Всероссийской научно-практической конференции «Проблемы массовой коммуникации». С. 73.

Цай А. (2009). «ЭРА» телекомпаниясы» ЖШС Бас продюсері Михаил Дорофеевпен сұхбат: «И седьмые станут третьими», 3 б. <http://expertonline.kz/a3630/>

References

Amos, O. (2005). Television dependency in independent Kazakhstan: Programming via Relay, Import and Adaptation// *The international journal for communication studies*. № 67 (4). Pp. 325-337.

Akhmedova, M (2015). К вопросу об истории современного телевидения независимого Казахстана. [To the question of the history of modern television in independent Kazakhstan] // «Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мүдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты республикалық дөңгелек үстелдің материалдары, Алматы: Қазақ университеті, p. 38.

Banerjee, I. (2002). The Locals Strike Back?: Media Globalization and Localization in the New Asian Television Landscape. *International Communication Gazette*, 64(6), 517-535.

Barwise, Patrick and Picard, Robert G. (2012). *The Economics of Television in a Digital World: What Economics Tells Us for Future Policy Debates*, RISJ Report? Reuters Institute, University of Oxford.

Bennett, Milton, J. (1998). Intercultural communication: A current perspective. In Milton J. Bennett (Ed.), *Basic concepts of intercultural communication: Selected readings*. Yarmouth, ME: Intercultural Press.

Beysenkulov, A. (2001). Qazaqstandyq buqaralyq aqparat quraldarynyn zhana tekhnologia negizinde damu problemalary [Problems of development of Kazakhstan mass media on the basis of new technologies]. *KazNU named after al-Farabi, Almaty*, p. 15.

Beysenkulov, A. (2015). Telekontentti damıtwdagı sandıq texnologıyanıń jańa mümkindikteri [New opportunities for digital technologies in the development of telecontent]. «Қазіргі қазақ тележурналистикасының өзекті мәселелері мен даму тенденциялары: ұлттық мүдде, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби ұшқырлық» атты республикалық дөңгелек үстелдің материалдары, Алматы: Қазақ университеті, p. 28.

Bocharova, M. (2015). Interv'y u General'nym direktorom telekanala «Astana» Lyazzat Tanysbay: «Televideniye ne oboytis' bez tochechnogo gosudarstvennogo patronazha» [Interview with the General Director of the «Astana» TV channel Lyazzat Tanys-

bay: «Television cannot do without point-based state patronage»]. https://vlast.kz/persona/ljazzat_tanysbaj_gendirektor_telekanala_astana_televideniju_ne_oboitis_bez_tochechnogo_gosudarstvennogo_patronazha-1540.html

Bocharova, M. (2013). Interv'y u s General'nym direktorom «Sed'mogo kanala» Azizoy Shuzheyevoy: «Gosudarstvennoye finansirovaniye ne stimuliruyet rost telerynka» [Interview with Aziza Shuzheeva, General Director of Seventh Channel: «Public funding does not stimulate the growth of the telemarket»] https://vlast.kz/persona/aziza_shuzheeva_gendirektor_sedmogo_kanala_gosudarstvennoe_finsirovanie_ne_stimuliruet_rost_telerynka-1675.html

Buyenbayeva, Z. (2015). Qazaq telezhurnalistikasyndaǵy konvergentsiya yderisi men kross-medianyn mymkindikteri [Convergence trends in Kazakh TV journalism and the possibility of cross-media] // «Qazirgi qazaq telezhurnalistikasynyn ozekti maseleleri men damu tendentsiyalary: ulttyq mydde apparattyq qauipsizdik, kәsibi ushqyrylyq» atty respublikalyq dongelek ustel materialdary, Almaty: Qazaq universiteti, 82 b.

Van Oranje, C., Cave, J., Vander Mandele, M., Schindler, R., Hong, S.Y., Iliev, I., & et al. (2008). Responding to convergence: Different approaches for telecommunication regulators. TR-700-OPTA. Prepared for the Dutch independent telecommunications and post regulator. www.rand.org/content/dam/rand/pubs/technical_reports/2011/RAND_TR700.pdf

Veseleva, O. (2012). Interv'y u s General'nym direktorom Pervogo kanala «Yevraziya» Sergeyem Kiselevym: «Razvivat' kazakhstanskiy televizionnyy kontent trudno, no real'no». [Interview with Sergey Kiselyov, General Director of the First Eurasia Channel: «It is difficult to develop Kazakhstan's television content, but really»]. <https://kapital.kz/gazeta/9474/sergej-kiselev-razvivat-kazakhstanskij-televizionnyj-kontent-trudno-no-realno.html>

Gratton, Paul (2011). Foreign Over the Top Services and the Creation, Acquisition and Exhibition of Canadian Content. Joint submission of ACTRA, APFTQ, CMPA, DGC and WGC in response to B/TNOC 2011-244.

Yeltaikyzy, K. (2015). Interv'y u s zamestitelem Predsedatelya pravleniya RTRK «Kazakhstan» Daniyarom Nurgazinom: «Telekanal «Kazakhstan» otsnyal dlya zriteley 12 serialov» [Interview with Daniyar Nurgazin, Deputy Chairman of the Board of RTRK «Kazakhstan»: «The TV channel «Kazakhstan» shot 12 serials for viewers»]. https://bnews.kz/ru/news/kultura/telekanal_kazakhstan_otsnyal_dlya_zritelei_12_serialov

Hill, Andrew and Hill, John (2007). 'Just the Same Part of the United Kingdom as Your County Sussex': The BBC and the Arrival of Television in Northern Ireland in the 1950s, *Journal of British Cinema and Television*, 4(2) pp. 253–271.

Karlsson, Charlie and Picard, Robert G. (2011). Media Clusters: Spatial Agglomeration and Content Capabilitie. Cheltenham: Edward Elgar Publishing.

Sakhariyanov, K. (2013). «Kazakhstanskiy serial – malo i skuchno». [The Kazakh TV series is a little and boring]. <https://radiotochka.kz/16432-kazakhstanskiy-serial-malo-i-skuchno.html>

Qadymiyazov, N. (2015). Teleaqqarat kenistigindegi apparattyq qauipsizdik pen apparattyq sogys // «Qazirgi qazaq telezhurnalistikasynyn ozekti maseleleri men damu tendentsiyalary: ulttyq mydde apparattyq qauipsizdik, kәsibi ushqyrylyq» atty respublikalyq dongelek ustel materialdary, Almaty: Qazaq universiteti, 61-62 bb.

Lowe, Greg F. and Nissen, Christian S. (eds). (2011). Small Among Giants: Television Broadcasting in Smaller Countries. Göteborg, Sweden: NORDICOM, University of Gothenburg.

McDermott, Philip (2011). 'Irish Isn't Spoken Here?' Language Policy and Planning in Ireland, *English Today*, 27(2):25-31.

Olzhabaeva, A. (2016). «Translyatsiya reklamy na zarubezhnykh telekanalakh teper' pod zapretom». [Broadcast advertising on foreign TV channels are now banned]. <https://www.ktk.kz/en/news/video/2016/07/01/70568>

Omashev, N. (2015). Tortinshi bilik [The Fourth Power]. «Qazirgi qazaq telezhurnalistikasynyn ozekti maseleleri men damu tendentsiyalary: ulttyq mydde apparattyq qauipsizdik, kәsibi ushqyrylyq» atty respublikalyq dongelek ustel materialdary, Almaty: Qazaq universiteti, 19-20 bb.

O'Regan, T., & Goldsmith, B. (2006). Making Cultural Policy: Meeting Cultural Objectives in a Digital Environment. *Television & New Media*, 7(1), 68-91.

Poluekhtova, I. (2010). Dinamika Rossiyskoi teleauditorii. [Dynamics of the Russian TV audience] «Sotsiologicheskie issledovaniye», № 1, cc. 66-77.

Straubhaar, J. D. (2008). Global, hybrid or multiple? Cultural identities in the age of satellite TV and the Internet. *Nordicom Review*, 29(2), 11–29.

Steinbeck, Dan (1995). *Triumph and Erosion in the American Media and Entertainment Industries*. Praeger.

Thussu, D. (ed). (2007). *Media on the Move: Global Flow and Contra Flow*. London: Routledge.

Tunstall, Jeremy (2007). *The Media Were American: U.S. Mass Media in Decline*. Oxford: Oxford University Press.

Chernykh O. (2010). Kraudsorsing kak instrument sovremennogo marketinga [Crowdsourcing as an instrument of modern marketing] // *Materialy Vserossiyskoy nauchno-prakticheskoy konferentsii «Problemy massovoy kommunikatsii»*. C. 73.

Tsai, A. (2009). Interv'y u s General'nym produserom TOO «Telekompaniya «Era» Mikhailom Dorofeyevym: «I sed'myye stanut tret'imy». [Interview with Mikhail Dorofeev, General Producer of Era TV Company LLP. «And the seventh will be the third»]. <http://expertonline.kz/a3630/>

FTAMP 19.21.11.

Байгожина Д.О.

журналистика және саясаттану факультетінің PhD докторанты, 1-ші курс
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Астана қ., e-mail: baigozhina777@mail.ru

ТАРИХИ ӨЗГЕРІСТЕРДЕГІ МЕДИАМӘДЕНИЕТ

Автор мақалада медиа мен мәдениеттің үйлесімділігін, қоғамдағы БАҚ мәдениетінің рөлі мен аспектілеріне талдау жасаған. Ақпарат ғасырындағы медиамәдениет қызметі басты феномен ретінде қарастырып, отандық және шетелдік нақты мысалдармен айқындай түскен. Адамдар арасындағы мәдениеттің маңыздылығын ескере отырып, қоғамға мәдениетті медиатеchnологиялар арқылы жеткізудің кемшіліктері мен артықшылықтарын атап өтеді. Медиа кеңістіктегі ұлттық мәдениеттің әрбір мемлекет үшін басты құндылық екенін негізге ала отырып, қоғам санасына ықпал ететін, қоғам қажеттілігін өтейтін немесе психологиялық манипуляция жасайтын, қабілетті сан алуан субъектілері бар ықпалдық күш ретінде талданады. Сондай-ақ, автор шетелдік зерттеушілердің теориялық материалдарын негізге ала отырып, өзіндік қорытынды жасайды. Мәдениеттің этимологиясына сипаттама жасап, мысалдар келтіріледі. Барлық зерттеушілердің тұжырымы сәйкестеніп, мәдениет тарихы тактильді және ауызшадан жазбаша және дыбысты-бейнелілікке дейін коммуникация түрлерінің барлығымен үйлесімді екеніне түсініктеме береді. Әр заманда жаңа мәдениеттің жетекші формаларын қалыптастыратындығын, медиатеchnологиялардың қоғамның қажеттіліктерді тиімді қанағаттандыратындығына талдау жасайды. Яғни утилитарлы функциялардың тұрғысынан, олардың әлеуметтік бағасымен де ең қолайлы болып табылатындығын қарастырады. Бұндай жағдайда әлеуметтік баға коммуникацияға балама болып табылады, өзара түсіністік пен қоғам мүшелерін біріктіру деңгейіне тең келетіндігін сипаттайды.

Түйін сөздер: ақпарат, медиа, медиатизация, медиамәдениет, БАҚ, БҚК.

Baigozhina D.O.

journalism and political science faculty PhD doctoral students, 1 year
L.N. Gumilev Eurasian National University
Kazakhstan, Astana, e-mail: baigozhina777@mail.ru

Mediaculture in historical changes

The author analyzes the relationship between media and culture, as well as the role and aspect of mediaculture in society. Relying on national and foreign specific examples, mediaculture in the information age is seen as a key phenomenon. Considering the importance of culture among people, emphasizes the society's shortcomings and the advantages of culture through media technology. Based on the fact that the national culture in the media space is the main value for each state, which, with the help of various actors with influential power, is influenced or manipulated by the psychological consciousness of society. The author also draws conclusions based on the theoretical material of foreign researchers. Describing the etymology of culture, examples are given. According to the findings of all researchers, explains that the history of culture is tactful and clarified with all types of communication, from oral and written to audio. Each epoch forms new forms of culture, analyzing effectively whether media technology suits the needs of society. That is, from the point of view of utilitarian functions, they are considered to be the most suitable for their social value. In this case, social pricing is an alternative to communication, describing the level of mutual understanding and merging of members of society.

Key words: information, media, mediatization, mediaculture, mass media, mass communications.

Байгожина Д.О.

факультет журналистики и политологии, PhD докторант, 1 курс,
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Казахстан, г. Астана, e-mail: baigozhina777@mail.ru

Медиакультура в исторических изменениях

Автор анализирует в статье взаимосвязь медиа и культуры, а также роль и аспект медиакультуры в обществе. Приводит национальные и зарубежные конкретные примеры, медиакультура в информационной эпохе рассматривается как ключевой феномен. Учитывая важность культуры среди людей, подчеркивает обществу недостатки и преимущества культуры через медиатеchnологии. Основываясь, что национальная культура в медиaprостранстве является главной ценностью для каждого государства, которое с помощью различных субъектов с большой силой влияет или психологически манипулирует сознанием общества. Автор также делает выводы, основанные на теоретическом материале зарубежных исследователей. Описывая этимологию культуры, приводятся примеры. В соответствии с выводами всех исследователей, дает объяснения, что история культуры тактична и проявлена со всеми типами общения, от устных и письменных до аудио. Каждая эпоха формирует новые формы культуры, анализируя эффективность работы и соответствие медиатеchnологий потребностям общества. То есть, с точки зрения утилитарных функций, они считаются наиболее подходящими для их социальной ценности. В этом случае социальное ценообразование является альтернативой коммуникации, описывая уровень взаимопонимания и слияния членов общества.

Ключевые слова: информация, медиа, медиатизация, медиакультура, СМИ, СМК.

Кіріспе

Ақпарат – шексіз. Ақпарат – шексіздігі жер бетіндегі пенденің айтқан дәлелді сөзі бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен байланысу жолдары арқылы өзге адамдарға таратылып, әлемдік ақпаратқа айналып, ақпарат шексіздігін құрайды. Әртүрлі бағытта өрбиді. Бүгінгі ақпараттық шексіздік кезеңінде шетелдік берілімдерге есік-терезені кең ашып, сандығымызды актарып тастаудың қажеті шамалы. Мұндағы қауіп – әр ұлттың өзін жоғалтып алмауына, өзгенің қосағында кетпеуі тиіс. Қазіргі жер беті халықтарының бұқаралық ақпарат құралдарынсыз өмір сүре алмайтындығы баршаға аян. Бүгінде бүкіл әлемдегі БАҚ-тың мақсат-мүддесі айқын ғаламат идеологиялық/манипуляциялық күшке айналып барады. Сондықтан БАҚ-тың халықты лезде елітіп, баурап алуға дайын тұрады десек, оның халыққа тигізер әсері қандай екенін саралап беру қиынға соқпайды. Сол рухани өнімдердің сипаты қазіргі адам тәрбиелеу ісіне әсер етіп отыр. Әрине БАҚ-тың халыққа берер жақсысы да, жаманы да бар. Қазақстанның құрылымдық дамуындағы сапалық өзгерістердің бірі – БАҚ-тың дамуы. Бүгінде БАҚ-тың институттану үдерісі тегеуріні жүріп жатыр. Ол аса маңызды көпсалалы, көпқырлы экономикалық-саяси, ақпараттық, мәдени, қоғамды топтастыру және әлеуметтендіру, танымдық және білім берушілік, қоғамдық пікірді қалыптастыру функцияларын атқаратын, демократиялық, азаматтық

әр алуандылықты білдіретін институт ретінде түзілуде деп айтуға толық негіз бар. Сонымен қатар БАҚ – саяси-экономикалық, мәдени тұрақтылықты бекітудің әлеуметтік инновацияның тегеурінді де, қуатты тетігі. Қазақстандағы қазіргі кезеңде өзінің көп мазмұнды және кең ауқымды функциялары арқылы қоғамдық өмірге етене араласатын БАҚ-тың барлық саланы қамтып отыр. Әр қырынан, әр саладан, әр деңгейден көрінеді. Айтарлық, саяси және әлеуметтік, экономикалық-нарықтық, этносаралық, дінаралық қатынастар, білім, денсаулық, тіл саясаты, төтенше жағдайлар, үлесшілер мүддесі, жарнама, сыртқы-ішкі қатынастар – қазақстандық БАҚ назарынан тыс қалған емес.

Негізгі бөлім

БАҚ бағытының бірі – мәдениет. Мәдениеттің рөлі және БАҚ-пен үйлесімділігін талдамас бұрын, мәдениеттің этимологиясына тоқталсақ. Қазақ халқының түсінігінде мәдениет туралы ұғым сонау VII-VIII ғ. Орхон жазба ескерткіштерінен көрініс тапқан. Сол көне ескерткіштерге шексіз далада мүлгіп қалған меңіреу тастарға бүгінде тіл бітірген зерттеушілеріміз, іргелі ел болып қанат жайған түрк халықтарының бақытты ұрпағына тарих шежіресін баян етуде. Жазбада сол кездегі әскери жорықтар, халыққа үндеу, экономикалық жағдай, мәдениеті мен дәстүрлері, ата-тегі жайындағы әңгімелер тасқа қашалып жазылған. Әбу-Насыр әл-Фарабидің 948 жылы

Мысырда жарыққа шыққан «Қайырымды қала тұрғындары» кітабында ішкі-сыртқы саясат, адамдардың бір-біріне деген қайырымдылығы, тәрбие мәселесі, жалпы мәдениеттілікке жету жолдары сипатталған. Ендігі бір туынды – Жүсіп Баласағұнның 1070 жылы жазып бітірген «Құтты білік» туындысы. Әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтадғұ білік» кітабы өз заманында Ата заң (Конституция) қызметін атқарған, сонымен қатар біртіндеп халықтың ислам дініне келуі, орта ғасыр дәуірінің ғылым, түрлі қоғамдық топқа жататын адамдар арасындағы қатынас, мәдениет, әдептілік мәселелері көтеріледі. Сондай-ақ әлеуметтік мәртебесі әрқилы қоғам мүшелерінің мінез-құлық ережесі, басқарушы мен бағынушы арасындағы қатынас, салауатты/сауатты өмір сүру үшін және қоғамның әдептілік ұстанымдарын сипаттаған. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» атты кітабында Орталық Азия халықтарының XIII-XVI ғасырлардағы тарихы, этнографиясы мен географиясы, әдебиеті мен мәдениеті жайлы баяндалған классикалық тарихи шығарманың бірі. Яғни, аталған шығармаларды бәрі ортағасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсініктермен байланысты. Цицеронның еңбектерінде бұл сөздің мағынасы «жанды жетілдіру» деген ұғымды білдірді. Уақыт келе еуропалық тілдерде мәдениет сөзі «даму», «сыйлау», «қабілеттілік», «сауаттылық» сияқты мағыналарға ие бола бастаған (Борев В., Коваленко А., 1986). Яғни, мәдениет – адамның сауат ашудан бастап, тазалыққа ережелері және өзінің өзгемен қарым-қатынасына дейінгі жасалған іс-әрекеттер. Мәдениет әртүрлі әлеуметтік топтардың, құрылымдардың, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына байланысты қалыптасады. Неміс философы, мәдениет теоретигі, ағартушы И.Г. Гердер: «Салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының анасы», – деген (Гердер И.Г., 1977). Ақпарат дәуірі аталатын бүгінгі заманда мәдениеттің алар орны ерекше. Дәстүрлі медиа (телеарна, радио, мерзімді басылымдар) мен жаңа медиада (әлеуметтік желілер, блогтар, жаңа технологиялар) мәдениет ерекше рөл атқарады, адамдар арасындағы коммуникациялық мәдениетті қалыптастырады. Осыған байланысты америкалық антрополог, кросс-мәдениет зерттеушісі Э. Холлдың «Culture as Communication» («Культура как коммуникация») атты кітабында: «Мәдениет дегеніміз – коммуникация, коммуникация дегеніміз – мәдениет», – деп тұжырым жасаған (Грушевицкая

Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П., 2003). Әлеуметтік-мәдени даму үрдісі тікелей бұқаралық коммуникация арналары арқылы байланысады. Бүгінгі телеарнадағы телебағдарламалар, сөз мәдениеті, экран мәдениеті, жүргізуші мәдениеті көрерменге бейнелік-аудиолық әсер етсе, радионың күші сөз құдіреті мен әуендік мәдениетке байланысты. Тіптен, мерзімді басылымдардың өзінде медиамәдениет сақталуы тиісті, жарияланымдардағы фотосуреттер, фото-репортаждар оқырманның психологиясына әсер ету факторлары мен мәтінге үйлесімділік табуы керек. Қазіргі таңда, жаңа медиадағы мәдениет коммуникация жүйесіндегі жаңа бағыт ретінде зерттеліп жатыр. Мәдениет – қазіргі адамдардың екінші табиғаты, өзін таныстыру факторлары. Мәдениет категориясы – өзін-өзі жүзеге асыратын бағыт, әлеуметтік өзара әрекеттесу мен мінез-құлықтың реттелуі. Кез келген хабарлама сияқты мәдени қарым-қатынаста циклдікке ие: хабарлама жасаушыдан (идея) микротоптарға одан бұқаралық коммуникация құралдары арқылы (мерзімді басылым, фильм, телебағдарлама және т.б.) макротоптарға немесе тұтастай қоғаммен ықпалдасады. Коммуникациялық тәсілді қолдана отырып Ю.М. Лотман мәдениет динамикасы туралы былай жазды: «Бірде-бір мәдениет тілмен ғана қалыптаспайды. Минималды жүйе параллель тілдердің жиынтығын құрайды. Мысалы, ауызша және графикалық». Болашақта мәдениеттің динамикасы семиотикалық коммуникациялардың жиынтығын көбейтуді қамтиды. Коммуникацияның әрекеті бір адамның санасынан келесі адам санасына дейін өздігінен хабар беру ғана емес, сонымен қатар «менің» ойымнан/тілімнің кейбір мәтінінен «сіздің» тілге аудару ретінде қызмет атқарады (Лотман Ю.М., 1998). Ал, В.Ю. Борев және А.К. Коваленко өз жұмыстарында мәдениеттегі бұқаралық қарым-қатынастарды әлеуметтік қажеттіліктермен байланыстыратын объективті тарихи мұра ретінде қарастырады және адамның әлеуметтенуіне және мәдениеттіліктің артуына үлес қосады деп есептейді (Борев В., Коваленко А., 1986, с.115). Заманауи коммуникациялық құралдарын талдау В.И. Михалковичтің «Бұқаралық коммуникация құралдарының көрнекі тілі» кітабында келтірілген. Автордың айтуынша, жаһанданған заманды мықты ақпараттық ағымдарсыз әлемді елестету мүмкін емес, – дейді (Михалкович В., 1986).

Барлық зерттеушілердің тұжырымы сәйкес: мәдениет тарихы тактильді және ауызшадан жазбаша және дыбысты-бейнелілікке дейін коммуникация түрлерінің барлығымен үйле-

сімді. Адамдармен байланыса отырып, коммуникация құралдары бүкіл даму кезеңінде қабылдаушылардың психологиялық қажеттілігін динамикалық түрде іске асыруға тырысты. Кез келген өркениетті қоғам, кез келген дамудың сатысына қарамастан, ойлап шығарған технологиялық әдістер адамға шығармашылық үдерісінде сөйлесуге және эмоцияларын білдіруге деген талпынысын жоққа шығара алмайды. Әр дәуір жаңа мәдениеттің жетекші формаларын қалыптастырады, әр қоғамның қызығушылықтары және қажеттіліктерді тиімді қанағаттандырады, яғни утилитарлы функциялардың тұрғысынан, олардың әлеуметтік бағасымен де ең қолайлы болып табылады. Бұндай жағдайда әлеуметтік баға коммуникацияға балама болып табылады, өзара түсіністік пен қоғам мүшелерін біріктіру деңгейіне тең келеді.

Сонымен қатар, медиамәдениет термині – мәдениеттану теориясындағы заманауи ұғым, ақпараттық қоғамдағы мәдениеттің ерекшелігін, ақпаратпен ықпалдастығын белгілеу үшін енгізілді. Атап өту керек, отандық мәдениеттану және әлеуметтануда «бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)», «бұқаралық коммуникация құралдары (БКҚ)» сияқты ұғымдар жиі кездеседі, ал батыс зерттеулерінде «масс-медиа» термині қолданылады.

Медиа (латынның «media», «medium» – құрал, байланыстырушы деген мағына білдіреді) – XX ғасыр термині, алғашында «бұқаралық мәдениеттің» кез келген көрінісіне сілтеме жасалды, сондықтан зерттеушілер жаңа терминологияны қолдану арқылы мәдениет тарихы мен теориясын қайта қарау мүмкіндігіне ие болды. XX ғасыр өнері (постмодерндік және феминистік сынның ықпалымен) өнер мифін көркем шығармашылықтың дербес саласы ретінде қарастырды, бұл өнер және оның идеалдары қоғамдағы басым идеологиямен, әлеуметтік мифтермен, көркемдік қызметінің экономикалық жағдайымен тығыз байланысты екенін сипаттады. Осылай өнертану мәдениеттану мен әлеуметтің мәдениетімен жақындай түсті.

Батыста медиамәдениет феноменін зерттеуге Р. Арнхейм, А. Базен, Р. Барт, В. Беньямин, М. Фуко, Ж. Деррида, Ж. Делёз, Г. Дебор, Г. Маркузе, Т. Дж. Митчелл, К. Силверман, Ж. Бодрийяр, Г. Полок, М. Маклюэн және т.б. өз үлестерін қосты.

Канадалық ғалым, публицист Г.М. Маклюэн бүкіл мәдениет тарихын, медиа мен мәдениеттің үйлесімділігін қайта қарастырған, алғашқы медиа теоретиктерінің бірі болып саналады. Ол өзі-

нің зерттеулерін мәдениет саласындағы коммуникация арналарын талдауға арнаған, адамның күнделікті өмірін ақпараттық қоғамдағы, әлемдегі ең жаңа БАҚ арқылы зерттеген. Әртүрлі байланыс құралдарына сілтеме жасау үшін, алғаш рет «медиа» терминін қолданған – Г.М. Маклюэн.

М.Маклюэн өзінің ғылым жолын XX ғасырдың ортасында бастаған. Мәдениетке заманауи көзқарас мәтіндік қорытындыға екпін түсіруді қажет етті, сондықтан М. Маклюэеннің қызығушылығы медиадағы тілге, риторикаға және поэтикаға кездейсоқ емес. Бұқаралық мәдениетке деген қызығушылық қоршаған ортаға жағымды әсер етті. Америка өткен ғасырдың басында жаңа әлемнің гипнозында болды, кинематография әлемі, комикстер, жарнама, поп-музыка – символдар мен ақыл әлемі, адамдардың құмарлықтары мен тілектерінің керемет хаосы болды. М.Маклюэн жаңа медиадағы мәдениетті зерттей түсті.

Адам қабілеттеріндегі техникалық экстериоризацияны метафора ретінде қабылдады: «Барлық бұқаралық коммуникация – белсенді метафоралар». Өзге метафоралар сияқты, олар әлемді қайта жазады. Медиа тілі, басқа тілдер сияқты бұл – технология. Адамдар кейбір жағдайда құралдардың ықпалын сезіне бермейді, себебі ол әлемге артқы көрініс айнасы арқылы қарайды: жаңа құралдар ескі құралдардың жалғасы ретінде қабылданады (Маклюэн М., 2003).

Медиа туралы, медианың өзге салалармен ықпалдасу туралы С. Жижектің зерттеулерінен көруге болады. С. Жижек медианы түрлі мысалдарда зерттейді. «Киберкөрініс немесе күнделікті төзгіссіз жабықтық» атты мақаласында ол виртуалды шындық туралы жазады, қазіргі заманауи мәдениетті жалпы медиатизация контекстінде қарастырады. Медиамәдениеттің ықпалына түскен адам, өзінде жаңа медианың өнімі болады, – деп тұжырымдайды. Медиатизацияланған денеде санада өзгереді. Медиатизация терминін түсіндіруде С. Жижек «The Art of motor»: «Медиатизация тұжырымының қажетті түсінік» атты жұмыстағы Пола Вирильоның теориясын қолданады. Бастапқыда бұл тұжырымдама тақырыпты шешуге тікелей және дереу құқығынан айырылған қимылдың пайда болуын білдіреді. Саяси медиатизацияны Наполеонның әрекеттерінен көруге болады, ол жаулап алынған монархтарда биліктің көрінісін қалдырды, алайда олардың мүлдем билікпен қолдануда мүмкіндігі болмаса да (Жижек С., 1998).

Нәтиже

Медиа – БАҚ-тың және бұқаралық коммуникацияның жай ғана жүйесі емес. Бұл кез келген мемлекеттің басты қолдауына айналатын мәдени-ақпараттық монополиялар жүйесі – өте нақты және беделді «матрицаны» жасырып жатқан өте белгісіз тұжырым. Бүгінгі медиамәдениет ақпараттық ағынның қарқындылығымен қоғамды тәрбиелейтін ұғым (бірінші кезекте, аудио-визуалды: теледидар, кино, бейне, компьютерлік графика, Интернетке шығу). Бұл адамның әлеуметтік, моральдық, психологиялық, көркемдік, интеллектуалды аспектілерінде қоршаған әлемді түсіну құралы. Осы айтылғандарға сүйене отырып, біз бұл құбылысқа келесідей анықтама беруге құқылымыз: «Медиамәдениет – бұл қоғамдық сананың қалыптасуына және жеке тұлғаны әлеуметтендіруге ықпал ететін мәдени және тарихи даму барысында жұмыс істеген ақпараттық-коммуникативтік құралдар жинағы». Медианың барлық түрлері (аудиовизуалды, баспа, көрнекі, аудиовизуалды) ақпаратты тарату мәдениетін және оны қабылдау мәдениетін қамтиды; медиамәдениет – бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіндерді талдауға және бағалауға, бұқаралық ақпарат құралдарының шығармашылығымен айналысуға, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жаңа білімдерді игеруге қабілетті тұлғаны дамытудың деңгейлік жүйесі ретінде жұмыс істей алады. Бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы өркениеттің эволюциясы тұрғысынан табиғи болып табылатын, тарихи тұрғыдан реттелетін процесс екенін есте ұстаған жөн.

Ақпараттық-семиотикалық тұрғыдан алғанда медиамәдениет үш негізгі аспектілерді білдіреді: артефактар жүйесі ретінде (латынның *arte* – жасанды және *factus* – жасалынған), символдар мен белгілер жүйесі. Ал, Ю.М. Лотман коммуникацияның мақсатына қызмет ететін барлық жүйе, тіл ретінде анықтама беруі мүмкін деп тұжырымдайды. Ю. Лотман өнер туындысындағы тілді зерттеудегі лингвистика әдістерін қолдана отырып, кез келген мәдени құбылысты мазмұнында ақпарат және мағынасы бар мәтіндер ретінде дәлелдеді (Лотман Ю.М., 1998, с.19). Ю.М. Лотманның көзқарасы бойынша «мәтін» – заманауи медиамәдениет тұрғысынан тек ғана жазбаша хабарламаларды білдірмейді (кітап, газет немесе журналды мақала), кез келген ақпарат тасымалдаушы, – деп тұжырымдайды. Мысалға, кино, теле немесе бейнефильм, телебағдарлама немесе бейнебаян, Интернет сайт және т.б.

Медиамәтін жаппай коммуникацияның барлық жүйесі сияқты өзіндік эволюциялық тарихы бар. Мысалы, М.Маклюеннің адамзат өркениетінің тарихында нышандары бар, демек медиамәдениеттің тарихы да төрт кезеңді ерекшелейді: 1) жазуға дейінгі варварлық кезең; 2) фонетикалық жазудың мыңжылдығы; 3) Губенберг галактикасы – бес жүз жылдық баспа техникасы; 4) Маркони галактикасы – қазіргі заманғы электрондық өркениет. Бесінші пункт ретінде М. Кастельстің «Интернет галактикасын» қабылдауға болады. Сонымен, медиамәдениеттің спецификасы – белгілер және белгілердің жиынтығы («мәтіндер»), онда әлеуметтік ақпарат «шифрланған», яғни мазмұны, мағынасы, ойы енгізілген. Бұдан тұжырымдайтынымыз, мәдениеттің осы немесе басқа феноменін түсіну – оның көзге көрінбейтін субъективті мағынасын «оқып беруді» білдіреді. Тек қоғамның мінез-құлқын, өркениетін білдіретін маңызды мәтін мәдениет фактісі болып табылады. Егер жазу мәдениетінде негізгі жүйелі белгілері ретінде әріп және сөз болса, аудиовизуалды мәдениеттің алғашқы кірпіші кадр қабылданады. Кадрлық мәдениетті фотографиялық, кинематографиялық және телевизиялық формамен ажыратуға болады. Фотографиялық мәдениет шынайы оқиғаның дереу әсерін беретін фотокамераны қолданумен байланысты. Кинематографиялық кадр мәдениеті «монтаж ұяшығы» ретінде пайдаланады, бұл оқиғаның тікелей әсерін жеткізіп қана қоймай, оның мағынасын ашуға мүмкіндік береді. Теледидарлық кадр мәдениеті оқиғалармен байланыстырады, онда көрермен тікелей «оқиғалардың ағынына» қосылысады.

Ойтолқы

Кино кадрдың бейнелік әлеуетін түсіну, монтаждың элементі ғана емес, оның жасушалары ретінде қарастыру керек (С. Эйзенштейн). Кейіннен бұл шындықтың жаңа көрінісіне барынша сәйкес келетін, лезде түсірілім эстетикасын қолдану арқылы таратылатын бейнелі ойлаудың жаңа әдісін қалыптастыруға әкелді. Кадрдың әмбебап тілдік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өнер мен ғылым аясын, беллетристика және «ағымдағы тарих» аясын, шығармашылық және бұқаралық қарым-қатынас аясын түйістіре аласыз, – деп тұжырымдайды Г.К. Пондопуло (Пондопуло Г.К., 1983).

Фотосуреттің жалпы тілдік белгілері, кино мен телеарнада өзінің бастапқы кірпіші кадрдың әмбебаптығымен ғана емес, оқиғалығымен

маңызды. Әрине, кадрдың әмбебаптық белгісі фото, кино, телеарналық шығармашылықта кеңінен пайдаланып, көркемдік бейнелеу ерекшеліктері, драмалық көрініс, бейнелі әңгіме элементі де қолданылады. Бұл процесс оқиғалық деп айқындалады, медиамәдениетті дәстүрлі, классикалық мәдениеттен ерекшелендіреді. Медиамәдениет тұтастай мәдениет сияқты функционалдық құбылыс. Бұл әлеуметтік жүйеде ерекше рөл атқаратындығын білдіреді. Мәдениет функциясының классификациялануы көптеген әлеуметтанушылар, философтар, мәдениеттанушылардың көптеген еңбектерінде сипатталды. Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдары мәдениетті сипаттайтын, әлеуметтік жаңғыруда маңызды факторға айналды. *Ақпараттық функциясы.* Бастапқы функциялардың бірі – ақпараттық функция, өйткені бұқаралық ақпарат құралдары ақпараттық процестің ерекше түрі. Медиамәдениет ақпараттық-коммуникациялық құралдар жиынтығы болғандықтан, біз мәдениетті тасымалдаушы болып табылатын әлеуметтік ақпаратпен айналысуымыз керек. Қоғамдағы медиамәдениеттің ықпалымен әлеуметтік ақпараттың жинақталуы мен көбеюі мүмкін болады. Ю.М. Лотманның айтуынша, қоғамның генетикалық естелігін сақтау немесе «мәдениет бұл – естелік» (Лотман Ю.М., 1994). Медиамәдениеттің ақпараттық функциясының рөлі соңғы онжылдықта компьютерлік техниканың арқасында күшейе түсті, заманауи медиамәдениет қоғамды ақпараттандырудың кепілі болып табылады. Сондай-ақ, медиамәдениеттің ақпараттық компонентін семиотикалық байланыстан тыс елестету қиын, бұдан келесі анықтаманы тұжырымдауға болады: медиамәдениет – адамдардың және символдық белгілер (құралдардың) ықпалымен сақталынған және жинақталатын әлеуметтік ақпарат (Кармин А.С., 2001). *Коммуникативті функция.* Бұл функцияны зерттеушілер ақпаратпен тығыз байланыстырады. Медиамәдениеттегі коммуникациялық функцияның мәні: билік пен қоғам, түрлі мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар, мүмкіндігі шектеулі адамдар және т.б. арасында қарым-қатынас әрекеті. Бұл диалогтық мәдениеттердің күшті катализаторы ретінде әрекет етуге мүмкіндік беретін бұқаралық ақпарат құралдарының коммуникативтік функциясы, соның арқасында тарихи-философиялық және тарихи-әдеби тұрғыда мәдени ақпарат алмасып, әлеуметтік прогресті күшейтеді. Коммуникацияның формалары мен тәсілдерінің дамуы, адамзаттың мәдени қызметіндегі ең маңызды

аспекті. Оның дамуымен қоғам түрлі ақпаратпен алмасуға кең мүмкіндіктер ие болды, бастапқы барабан сигналдарынан заманауи спутниктік телевидение және компьютерден ақпараттандырылады. Баспа (жазбаша) мәдениет адамдарға ғасырлар мен қашықтықты еңсеріп, уақыт пен кеңістікте қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні медиамәдениеттің ғылыми және күнделікті қарым-қатынаста кең таралған түрі – бұқаралық коммуникация құралдары (БҚК). Бұқаралық коммуникация құралдары – баспа, визуалды және аудиовизуальды БАҚ-тардың кең ауқымды жүйесін қамтитын ұғым. Бұқаралық коммуникацияның дамуындағы қуатты фактор – кез келген ақпаратты компьютерлік және интернет желілерімен байланысуын қамтамасыз ету. Қазіргі жағдайдағы парадокс бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қарым-қатынас массасының үлкендігі, әлеуметтік-мәдени және психологиялық мәселелердегі байланыстың болмауы. *Креативтік функция.* Медиамәдениеттің тағы бір іргелі функциясы – әлемді, қоршаған ортаны, мекендеу ортасын дамыту және трансформациялау. Бұқаралық коммуникация құралдары арқылы алынған ақпараттың көмегімен адам өзінің әлем туралы білімдерін кеңейтеді, оны әртүрлі көзқарастардан: философиялық, моральдық, экономикалық, эстетикалық, заңды және т.б. түсінеді; сондай-ақ қызығушылығы, айналасындағы әлемде өзін білуге деген ұмтылысы, табиғат пен адам өмірінің құпиясына ену. Медиамәдениет жеке тұлғаның «тікелей тәжірибесі» шекарасын кеңейтіп, идеологиялық көзқарастарға және жеке тұлғаны қалыптастыруға әсер етеді. Медиамәдениеттің шығармашылық қызметі адамға қазіргі өмірде, қоршаған ортаға бейімделуге, көптеген сұрақтарға жауап алуға, түрлі қарама-қайшылықтар мен катаклизмдерге дайын болуға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқыту мен тәрбиеге ғана емес, сонымен бірге медитацияға, өйткені ол адамның өзіндік сезімін қалыптастыруға, оның өмір сүруіне және жасалуына қалыптасуына ықпал етеді. *Аралық (делдалдық) функция.* Әлеуметтік құрылымдар арасындағы байланыс орнатуда медиамәдениеттің әлеуметтік делдал ретінде рөлі зор. Бұл тұрғыда медиамәдениет қоғамды басқару құралы ретінде ерекше маңызға ие. Рейн газетінің редакциялаған К. Маркс әлі де мемлекет құрылымы мен билеушілер арасында өтетін «үшінші элемент» ретінде баспасөздің маңыздылығына назар аударды. Оның пікірінше, екеуі де (билік пен қоғам) «еркін баспасөзде» пайда болған мәселелерді бірдей шешу керек, «мем-

лекет азаматының басшысы және азаматтық жүрекпен» деген пікір білдірген (Маркс К., Энгельс Ф., 1978). Осыған байланысты БАҚ өкілдері бұрынғы үш заң шығарушы, атқарушы және сот сияқты қуатты функциялары бар «төртінші билік» болып табылады. Жер шарының барлық бұрыштарындағы адамдарға ақпараттың әсері туралы Э. Тоффлер «Билік метаморфозасында» (Тоффлер Э., 2003) атты еңбегінде сипаттаған.

Қорытынды

Медиамәдениет мәдениеттің басқа түрлеріне қарағанда әлеуметтік-басқарушылық функциясын орындайды. С.М. Гуревичтің пікірімен келісуге болатын шығар, «бұқаралық ақпарат құралдары тек билікті емес, өте маңызды, қоғамдық пікірді білдіретін және нақты билікке әсер ететін, тіпті мүмкіндіктерін шектейтін», – деп мәлімдейді (Гуревич С.М., 2004). Бұл жердегі тұжырым: медиамәдениет – қоғам мен мемлекет арасындағы, қоғам мен билік арасындағы делдал. Бұқаралық ақпарат құралдарының делдалдық функциясы де-

мократия мен плюрализм, саяси еркіндік және жариялылық қағидаттарына негізделген азаматтық қоғамды қалыптастыру кезінде күшейтіледі. Медиамәдениетті модернизм дәуірінің феномені ретінде қарастыра отырып, медиамәдениет техникалық революция мен қазіргі заман мәдениетінің синтезі болып табылады. Индустриалды қоғамдағы медиаинновация құралдарының арасында «бұқаралық» баспасөз, фотосурет, телеграф, радио, кино ерекшеленеді. XX ғасырдағы бұқаралық мәдениет тек әлеуметтік модернизация факторы ғана емес, сонымен қатар мифтік шығармашылықтың негізі. Бұл үдеріс тоталитарлық идеологияларда коммунистік және фашистік тепе-теңдік кезеңінде айқын көрінеді. Миф тарихи-саяси билік құралы бола отырып, баспасөз, кинематография, телевизия мифологиясын құрайды. Медиамәдениет – тарихи даму процесінде адамзат әзірлеген ақпараттық және коммуникациялық құралдардың мәдени ақпараттық жиынтығы; бұқаралық ақпарат құралдарында материалдық және интеллектуалды құндылықтардың үйлесімі, қоғамның қалыптасуы үшін тарихи негізделген жүйе.

Әдебиеттер

- Борев В., Коваленко А. (1986). Культура и массовая коммуникация. – М.: Наука. – с.301, стр. 215.
 Гердер И.Г. (1977). Идеи к философии истории человечества. – Москва. – С.703, стр. 252.
 Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П. (2003). Основы межкультурной коммуникации. – М.: Юнити Дана. – С. 253, стр. 54.
 Гуревич С.М. (2004). Газета: вчера, сегодня, завтра. – М.: Аспект Пресс. – С. 288, стр.13.
 Жижек С. (1998). Киберпространство, или Невыносимая замкнутость бытия. // Искусство кино, № 1. – С. 125.
 Кармин А.С. (2001). Культурология. – СПб.: Лань. – С. 464, стр. 24.
 Лотман Ю.М. (1998). Об искусстве. – СПб.: Искусство. – С. 653, стр.115
 Лотман Ю.М. (1994). Беседы о русской культуре. – СПб., – С. 496, стр. 8.
 Маркс К., Энгельс Ф. (1978). Сочинения, Том 1. – С. 415, стр. 206.
 Михалкович В. (1986). Изобразительный язык средств массовой коммуникации. – М.: Наука. – С. 222, стр. 3.
 Маклюэн М. (2003). Понимание медиа: внешние расширения человека. – М. – Жуковский: Канон-пресс-Ц. – С. 464, стр. 356
 Пондопуло Г.К. (1983). О взаимодействии художественных, научных и технических моментов в фото, кино и телевизионном творчестве // Философско-эстетические проблемы киноискусства. – М., с. 199, стр. 95.
 Тоффлер Э. (2003). Метаморфозы власти. – М.: издательство АСТ. – с. 669, стр. 358

References

- Borev V., Kovalenko A. (1986) Kul'tura i massovaya kommunikatsiya [Culture and mass communication]. – Moscow.: Science, vol. 301, p.215.
 Gerder I.G. (1977) Idei k filosofii istorii sheloveshestva [Ideas for the philosophy of the history of mankind] – Moscow.: Science, vol. 703, p. 252.
 Gruweviskaya T.G., Popkov B.D., Sadohin A.P. (2003) Osnovyi mejkul'turnoy kommunikatsyi: ushebnik dlya vuzov [Basics of Intercultural Communication] – Moscow.: Unity-Dana, vol. 253, p. 54.
 Gurevish S.M. Gazeta: vshera, segodnya, zavtra (2004). – Moscow.: Aspect press, vol c. 288, p.13.
 Karmin A.S. (2001) Kul'turologiya [Culturology] – SPb, Lan', vol. 464, p. 24.
 Lotman U.M. (1998) Ob isskustve [About art]. – SPb.: Art, vol. 653, p. 115.
 Lotman U.M. (1994) Besedi o russkoi kul'ture [Conversations about Russian culture] – SPb., vol. 496, p. 8.

- Marks K., Engel's F. (1978), Soshineniya [Compositions], part 1, vol. 415, p. 206.
- Mihalkovich B. (1986) Izbiratel'nyi yazik sredstv massovoi kommunikatsii [Fine language of mass communication]. – Moscow.: Science, vol. 222, p.3.
- Maklue M. (2003) Ponymanie media: vneshnye rasshirenie sheloveka [Media Understanding: external extensions of a person.] – Moscow.: Jukovskii: Canon-press-C, vol. 464, p. 356.
- Jijek S. (1998) Kiberprostranstvo, ili Nevinosimaya zamknutost' bitiya [Cyberspace, or the Intolerable Closedness of Being] // Art of cinema, № 1. – p. 125.
- Pondopulo G.K. (1983) O vzaimodeystvii hudozhestvennykh, nauchnykh i tekhnicheskikh momentov v foto, kino i televizionnom tvorstve [On the interaction of artistic, scientific and technical moments in photography, film and television creativity] // Philosophical and aesthetic problems of motion picture art. – Moscow, vol. 199, p. 95.
- Toffler E. (2003) Metamorfozi vlasti [Metamorphoses of power] – Moscow.: publishing AST, vol. 669, p. 358

Акынбекова А.Б.

PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
журналистика факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: Akunbek75@gmail.com

«ҚЫЗЫЛ ҚАЗАҚСТАН» ЖУРНАЛЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫ

Мақала 1921-1922 жж. Қазақстанда болған ашаршылық мәселесіне арналған. Автор аштық мәселесін «Қызыл Қазақстан» журналында жарық көрген мақалалар арқылы зерттейді. Онда журналдың шығу тарихы, таралымы, қызмет еткен редакторлары жайлы да сөз болады. Автор мұрағат құжаттары, сирек қор материалдары мен мерзімді баспасөз және ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, ашаршылықтың себептері мен зардаптарын көрсетеді. Қазақстан республикасындағы аштықты ауыздықтаудағы ұлт зиялыларының қызметін айқындайды. Ашаршылықпен күрес барысында жүргізген іс-шаралардың нәтижелерін нақтылайды. Оқырмандарға салыстырып отыру үшін мақалада журнал бетінде жарияланған аштық ауданының көлемдері кесте түрінде беріледі. Кесте бойынша берілген мәліметтерде 1921-1922 жылдардағы аштық пен індетке ұшырағандардың тізімге іліккендер мөлшері оның ішіндегі сандар өлгендердің есебін көрсетеді. Автор ғылыми мақаласында келтірілген бұл мәліметтерді «Қызыл Қазақстан» журналының 1922 жылы шыққан сандарынан алып, төте жазудан кирилл қарпіне аударып, оқырмандарға аштық кезеңнің деректік негізін ұсынып отыр.

Түйін сөздер: Қызыл Қазақстан, ашаршылық, жұт, губерния, астық, індет, егіншілік, жәрдем.

Akynbekova A.B.

PhD doctoral student, al-Farabi Kazakh National University,
Faculty of Journalism, Kazakhstan, Almaty, e-mail: Akunbek75@gmail.com

The Theme of Hunger in the Journal “Kyzyl Kazakhstan”

The article deals with the problem of hunger in Kazakhstan in 1921-1922 years. The author studies the problem of hunger through articles, published in the journal “Kyzyl Kazakhstan”. It also tells about the history and editors of the magazine. The author indicates the causes and consequences of hunger, based on archival documents, in the materials of a rare fund, periodicals and scientific research. The author determines the activity of the national intelligentsia during hunger in the Republic of Kazakhstan. It explains the results of measures taken in the fight against hunger. The article presents the table of the spread of hunger by regions, published on the pages of the magazine for comparison by readers. According to the data table in 1921-22, the number of victims of hunger is represented. In a scientific article, the author used information from the magazine “Kyzyl Kazakhstan”, published in 1922, translated into the script “Cyrillic alphabet”, and brought to the attention of readers the history of the tragic event – the famine in the Kazakh steppes.

Key words: Kyzyl Kazakhstan, hunger, drought, province, epidemic, agriculture, assistance.

Акынбекова А.Б.

PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
факультет журналистики, Казахстан, г. Алматы
e-mail: Akunbek75@gmail.com

Тема голода в журнале «Кызыл Казакстан»

Статья посвящена проблеме голода в Казахстане в 1921-1922 годах. Автор изучает тему на примере статей, опубликованных в журнале «Кызыл Казакстан», рассказывает об истории

и редакторах журнала. Раскрывает причины и последствия голода, основываясь на архивных документах, материалах редкого фонда, периодической печати и научных исследованиях. Особое внимание уделяется деятельности национальной интеллигенции во время голода в Республике Казахстан; разъясняются результаты мер, принятых в борьбе с голодом.

В статье представлена таблица распространения голода по областям, опубликованная на страницах журнала для сопоставления читателями, где зафиксировано количество жертв голода. В научной статье автор использовал сведения из журнала «Кызыл Қазақстан», вышедшего в 1922 году, представил вниманию читателей историю трагического события – голода в казахских степях.

Ключевые слова: Кызыл Казакстан, голод, засуха, губерния, эпидемия, сельское хозяйство, помощь.

Кіріспе

Тарих беттерін парактап, салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, 1921 жылы Қазақстанда ғана емес, Ресейдің орталық аймақтарында да азық-түлік жетіспеушілігі сезіліп, үлкен империяның жалауының астына кіретін біраз халық аштықтың зардаптарын тартқаны рас. Бірақ дәл қазақ еліндегідей қырғынға ұшыраған ешқайсысы жоқ.

«Кызыл Қазақстан» журналының материалдарын талдамас бұрын ең алдымен ашаршылыққа себеп болған жағдайларға қысқаша тоқтала кетсек.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Кеңестер елін тағы бір ауыр сынақ күтіп тұрды. 1921-1922 жылдардағы ұзаққа созылған қарсыз қыс, жауынсыз жазға ұласқан кез болған. Қыста қардың, көктем мен жазда жауынның болмауы қатты құрғақшылықты, оның салдары ашаршылық нәубетін әкеледі. 1921 жылдың жазында ол елдің көптеген өңірлерін, әсіресе Еділ бойы аудандарын жайлады. 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша 20 млн астам адам аштыққа ұшыраған екен.

Мұндай ашаршылыққа байланысты РК(б)П Орталық Комитеті 1921 жылғы 17 шілдеде партияның барлық мүшелеріне арнайы үндеу жолдаған. «Ашаршылық, – делінді үндеуде, – тек құрғақшылықтың нәтижесі емес, оның себебі аграрлық сектордың артта қалуында, ауыл шаруашылық білімі деңгейінің төмендігінде, ауыспалы егіс нысандарының ескілігінде, бұл және соғыс пен әскери қоршаудың, сондай-ақ помещиктер мен капиталистердің және олардың итаршыларының бізге қарсы күресінің бәсеңсімей отырғанының да салдары» (<http://www.aktobegazeti.kz>.) Партия құжаттарында көрсетілген себептермен бірге, жаппай ашаршылық халық шаруашылығына, әсіресе ауыл шаруашылығы саласына қатты соққы болып тиген.

Негізгі бөлім

Тарихшы Т. Омарбеков Қазақстандағы бұл ашаршылықтың шығуына ауа-райының қолайсыздығы емес, азамат соғысының тұтануынан шаруашылықтың күйзелуі, яғни большевиктердің біржақты саясат жүргізуінен деп тұжырымдаған (Омарбеков Т., 1997). Ал тарихшы Манаш Қозыбаев 1921-22 жылдардағы аштық турасында: «1921-1922 жылдардағы аштық қазақтарды демографиялық апатқа әкелді. 1922 жылдың наурызында Қазақстанның батыс және солтүстік аймақтарында 2 миллион 350 мың адам аштыққа ұшырады, олардың көбі өлді. Үкімет тарапынан көрсетілген көмек тек қала тұрғындарына жетті, сол уақытта онда қазақтардың екі-ақ проценті орныққан еді, дені ауылдарда болатын», – дей келе, осы жағдайды орталық билік дер кезінде көріп, оған мән бере білмегендігін айтады. Сонымен қатар оның көрсетуінше, Орталықтан келген азық-түлік жинаушы Ф.Э. Дзержинскийдің отрядтары Түркістан өлкесі, Ақмола, Семей губернияларындағы еңбекшілердің қолындағы астықты артық деген желеумен күшпен алып кеткен екен (Қозыбаев М., 1998). Зерттеушілердің аштық турасындағы пайымдауына толықтай қосылуға болады. Не дегенімен де сондай қиын заманда ұлт зиялылары бас көтеріп, халықты ашаршылықтан алып қалудың жолдарын іздестіріп, барынша жұмыла кіріседі.

1921 жылғы ашаршылық тұсында «Аштарға көмек» комиссиясы құрылады. Қазақ ұлтын сақтап қалудың бірден-бір жолы ашаршылыққа қарсы күрес қозғалысы екенін түсінген Міржақып Дулатов бастаған Семейдегі алаш азаматтары бұл науқанға шұғыл кірісіп кетеді. Ашаршылыққа қарсы күрестің ресми емес ұйымдастырушысы міндетін Жүсіпбек Аймауытов атқарады. Алаш қаламгерлері сол уақыттың ащы шындығын, баспасөз беттері арқылы насихаттай бастайды. Кейіннен осы еңбектері үшін жала жабылып, жауапқа тартылатындарын да білеміз.

Жүсіпбек Аймауытовтың тергеу барысындағы соңғы сөздері сол кездегі кеңес «Адамзаттық, адамшылық жүзінен қаралса, бір кісі аштарға жан салып қызмет көрсетсе – мендей-ақ көрсетер еді деп шүкіршілік етемін. Мүмкін, менің еткен еңбегім себеп болып, ондаған, жүздеген аштар ажалдан аман қалған болар, қалмады деп Торғай елі айта алмас. Еңбегім – салауат, ниетім – арам,

жүрегім – қара, қазаққа – зиянды адам болып табылсам, бұ да бір уақыт шығар. Жазаға мойнымды ұсынамын, аштар үшін мен-ақ құрбан болайын. Елімнің заңына көнемін», (Жұртбай Т., 2008) деген жүректен шыққан сөзі кеңес өкіметінің жазалау саясатының бетін қайтармайды.

Оқырмандарға салыстырып отыру үшін кесте түрінде берейік. (1-кесте).

1-кесте

1921 жылдың наурыз айының соңындағы мәліметтер			
Губерниялар	Тұрғындардың жалпы саны	Аштыққа ұшырағандар	Проценті
1. Орынбор	680.271	526.401	80.3
2. Қостанай	1455.598	414.350	74.05
3. Ақтөбе	501.637	361.049	72.0
4. Орал	470.028	446.536	99.0
5. Бөкей	224.028	66.255	29.5
6. Ақмола	1 млн. 021. 164 4	72.000	46.2
Жиыны	3 млн. 353.228	2 млн.286.591	68.2

Екінші кесте бойынша 1921-1922 жылдардағы аштық пен індетке ұшырағандардың (мың есе-

бімен) тізімге іліккендер мөлшері (жақшаның ішіндегі сан – өлгендердің есебін көрсетеді).

2-кесте

Айлары	Орынбор	Орал	Ақтөбе	Ақмола
1921 жыл. Қараша Желтоқсан 1922 жыл.	3044 (210.7) 2.835 (2.022)	112.(39) 947 (481)	1112 (1.010) 749 (1.642)	250 (172) 224 (184)
Қаңтар	2.241 (1.908)	813 (503)	1.050 (981)	438 (350)
Ақпан	770.3 (625)	850 (545)	1.438 (138.9)	105.0 (730)
Наурыз	520.1 (378.5)	868 (428)	712 (602)	103.1 (150.9)
Көкей	433.3 (340.1)	712 (472)	630 (530)	226.0 (149.1)
Мамыр	347.9 (270.0)	536 (418)	548 (474)	704 (502)
Маусым	682 (376)	338 (57)	505 (430)	57 (17)
Жиыны	2.957.8(2.253.5)	5.178 (3.003)	7804 (70.58)	6659 (4955)

Екі кестенің де соңында да: «Бұл толық емес. Аштардың да өлгендердің де саны бұдан әлдеқайда көп», – деп ескерту берілген (Жұртбай Т., 2008). Осыдан-ақ, бұл ашаршылықтың қандай көлемде болғандығын болжап білуге болады.

Ойталқы

Жаңа экономикалық саясатқа көшу кезеңінде қазақтың басынан өткен аштық туралы қазақтың баспасөзі не жазған екен? Халықты аштық меңдеген заманда да де газет-журнал жұмысымен

айналысқан азаматтардың редакторлық қыры мен ерекшеліктері қандай болған? «Қызыл Қазақстан» журналындағы мақалаларды талдамас бұрын журналдың өзіне қысқаша тоқталып өткенді жөн көрдік.

«Қызыл Қазақстан» журналы 1921 жылы 15 сентябрьде РГП(б)-ның Қазақ облыстық комитетінің органы «Қызыл Қазақстан» журналы айына екі рет шыға бастады. Шығарушы: Кирревкомның үгіт-насихат бөлімі. Қол қойған: Редколегия. Ол жалпы қоғамдық-саяси

шаруашылық және мәдениет мәселелерін қамтитын журналы болды.

«Негізгі мақсаты қазақ еңбекшілеріне Совет өкіметінің мәнін, коммунистік партияның саясатын, құрлысын, әшкі жұмыс тәртібін ұғындыру, жұртқа интернационалдық тәрбие беру болды. Осы ниетпен журнал «Жалпы саясат», «Сыртқы хабарлар», «Ішкі хабарлар», «Үкімет істері», «Елден», «Жастар», «Әдебиет» бөлімдерін жүргізді, 20-жылдардың бірінші жартысында оған Е. Алдоңғаров, А. Асылбеков, Н.Нұрмақов, С. Сәдуақасов, О. Жандосов, Ә. Байдилдиндар редакторлық етті» деп журналдың негізгі мақсаты мен бөлімдерін, шығарушы редакторларын атап өткен (Қожакеев Т., 1991). Негізінен журналдың түпнұсқасын қолымызға ұстап қараған кезде онда – Жалпы бөлім, Санитария, Аштық, Әдеби бөлім, Жастар бөлімі, Әйелдер бөлімі, Партия өмірі, Хроника, Аштықпен күресу, Ресми бөлімдері болғанын көрдік. «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы Абдолла Асылбековқа «Ұлтшыл фашист», «халық жауы» деген жала жабылған. Алайда, Абдолла Асылбековтың «Қызыл Қазақстан» журналындағы редакторлық қызметін атап өтпеуге болмас. А. Асылбеков туралы қазақ журналистикасының тарихын зерттеген ғалым Т. Қожакеев «Жыл құстары» еңбегінің екінші тарауының «Алғашқы журналистер» бөлімінде «Тумысынан большевик» деп ерекше тоқталған. «Батыр да бір оқтық». «Ұлтшыл фашист», «халық жауы» деген жалған, саяси айыптармен А. Асылбеков те 1938 жылы атылған. Енді осы жаламен қара таңба басылған азаматтың өмір жолына, революция жеңісіне сіңірген еңбегіне, сол жолдағы көрген қорлық, тартқан азабына, сөйлеген жалынды сөз, жазған пікірлеріне құлақ қойыңыздар» (Қожакеев Т., 1991) деп Абдолла Асылбековтың азаматтығы мен қаламгерлік қызметі жайында жазған. Зерттеуші-ғалым, А. Асылбековтың өмір жолын зерттеп-зерделеу барысында оны қалайша «халық жауы», «ұлтшыл фашист» деді екен деген таңданысын да жасырмайды.

Қазақ журналдарын зерттеу барысында XX ғасырдың басын алып отырғандықтан журналдың 1925 жылға дейінгі аралығын қарастырып отырмын. «Қызыл Қазақстан» басылымының 1921-1925 жылдарында 48 нөмірі жарық көреді. Қағаз, қаржы тапшылығынан кейде оның 3-4 нөмірі біріктіріліп шығады (Бекқожин Х., 1981). Журнал алғаш 2000 тиражбен шығарылып, губерниялық, уездік, аймақтық саяси-ағарту үйлеріне, болыстық клуб, ауылдық қызыл отау, кітапханаларға, мектептерге тегін

жіберіліп тұрған. Кейінірек дүние қымбаттап, оны ақылы етіп, халыққа сүйенбесе болмайтын заман туады. 1923 жылы наурыз айында А. Асылбеков Ақмола, Семей жағына барып, журналдың 1600 данасын таратып қайтқан. Мұнан соң журналға «Әр азамат ескеру керек» деген материал жарияланды. Онда «Қарағанды қазақ кедейлерінің көзі ашылып, өз теңдігіне ие болып, дүниеден хабардар болуы үшін газет-журнал алдырып оқу керек. Үкімет пен ел арасында қатынас беріп тұратын байлам – баспасөз... газет-журнал оқымай көз ашылмайды. Өзінің кім екенін, дүниенің жалпы не жайда, не күйде екенін білмейді. Екі құлағы тығулы, көздері жұмулы, ессіз меңіреу адам сықылды... олардан хабарсыз тұру жансыз денемен бір есеп» деп жазған. Жайшылықта бір-бірінен қонақасы есебінде жеп кететін бір тоқтының пұлынан тартынбай, әрбір ел адамы «Қызыл Қазақстанды» алдыртып тұруы міндет. «Ел еңбекшілері, газет, журналды оқы. Дүниеден хабарсыз тұрма!» – деп оқырмандарына газет-журнал оқып тұруын өтініп, оның пайдасын да ескертті.

1925 жылдары журналға С. Сәдуақасұлы редакторлық еткен екен. Архив қойнауынан табылған «Қызыл Қазақстан журналының сарғайған тігінділерінен С. Сәдуақасұлының осы басылымға 1924 жылдың қараша айы мен 1925 жылдың шілдесі аралығында редакторлық еткендігі мәлім болып отыр (Қамзабекұлы Д., 2009). Сирек қордың журнал тігінділеріндегі С. Сәдуақасұлының редакторлық қызметі «Қызыл Қазақстан» журналында 1924 жылдың №11, №12; 1925 жылдың №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 – сандарынан кездестіреміз. С. Сәдуақасұлы осы жылдар ішінде ұлтқа, қазақ еліне, жеріне қатысты мақалалар жариялайды. «Жаңа жұртшылық негізі – ғылым» («Қызыл Қазақстан», 1925) мақаласына байланысты «Осы журнал Қазақстандағы мерзімді басылымдардың ішінде бірінші болып ұлт оқығандарының қоғамтану ғылымына назар аударуын, төңкеріске дейінгі алаш жұрты басындағы саяси ахуалға қазақтың өз тұрғысынан баға беру керектігін көкейкесті мәселе есебінде күн тәртібіне қойды» деп баға береді (Қамзабекұлы Д., 2009). С. Сәдуақасовтан соң журналға О. Жандосов қол қойды. 1926 жылға қарай журналдың жаңа міндеттері белгіленді. «Кемшілік көп, оның зоры – мезгілмен шығып тұрмайтындығында. Соңғы кезде 3-4 нөмірін жинап, кешіктіріп шығару дағдылы дертке айналды. Екінші зор кемшілік – оқушысын дәл тауып, соған тұрақты бағыт ұстай алмай отырғандығы. Үшінші кемшілік – қаражаттың

тапшылығы, таралымның төмендігі. Тағы бір ақаулық – жазушының аздығы. Расында да журналды шығару қаражатпен қатар жазушылардың болуы да өте маңызды болғандығын байқаймыз. Журнал шыққан соң оны жер-жерге таратудың өзі бір бөлек іс.

Журналдың 4-ші санының мұқабасын оқи отырып, араб қаріптермен «Қызыл Қазақстан» деп жазылғанына, ал екінші жағында орыс тілінде «Красный Киргизстан» деген атаумен беріліп, журналдың мазмұны орыс тілінде жазылған. Осыған байланысты С. Сейфуллин: «Біз «киргиз» деген атты жоғалтып, өзімізді «қазақ» деп атасақ, басқалар да бізді «қазақ» деп, осы атты қолданып кетпек. Біздің бір үлкен кемшілігіміз – осы күнгі басқа жұрттан бұрын өзімізді өзіміз «киргиз» дейміз. Әуелі біздің «Қызыл Қазақстан» журналы орысша «Красный Киргизстан» деп аталады. Бұл біздің едәуір әлсіздігімізді көрсетеді. Егерде біздің қазақ жігіттері бұл қатені түзетеміз десе, оп-оңай түзетіп әкете еді. Біздің әр қазақ жігіті «киргиз» дегенді тастап, «қазақ, қазақ» дегенді жұмсап, басқа жұрттың құлағына сіндіріп үйретуі керек. Қазақстанның орталық үкіметі «киргизді» қойып «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек. Қазақты – қазақ дейік. Тарихи қатені түзейік!»

(«Енбекші қазақ» газеті 1923) деген үндеу тастайды. Мұндай үндеу азаттықты аңсаған халықтың Қазақ Елі боламыз деген арманының асқақтығын білдірсе керек.

Нәтиже

Енді тікелей аштық жайлы мақалаларға көшейік, сонымен 1921 жылы шыққан «Қызыл Қазақстан» журналын парақтай отырып, онда арнайы «Аштық бөлімі» болғанына көз жеткіздік. Онда редактор А. Асылбековтің «Ресейдегі аштық көлемі», «Қырғыздағы аштық мөлшері» деген мақалалары басылған. Ал «Аштықпен күрес» бөлімінде «Шетелден», «Россияда», «Қырғыз Республикасында», «Көрші Республикаларда» деген тақырыптармен материалдар жарияланған. Жарық көрген материалдардан біздің қолымызға түскені «Аштық жайында» деген тақырыпта жарияланған Қазақстандағы және Россиядағы аштық туралы мақала. Онда мынандай құнды деректерді кездестіруге болады. «Аштық ауданы һәм керекті жәрдем Россия құрамы Кеңес мемлекетінде егін өнбей қалып, ашыққан жерлер толып жатыр. Сол жерлердің ішіндегі көбінесе сөз болып хал-жайлары газетке жазылып, қолдан келгенше жәрдем беріліп

тұрған жер – Еділ жағасындағы жерлер – Еділ жағасынан басқа егіні шықпай, астықтың зарын тартқан Ничегорд: Екатеринбург, Пермь, Пенза губерниялары мен Донско облысы һәм Украинаның бұнша жері бұларға жәрдем бермек түгілі, олар туралы дұрыс ойланған жоқ. Егіндік жер мен жан иесіне келсек, Батысы бар, Шығысы бар барлық Россия мемлекетіндегі егіндік жерлер – 36 миллион 988 мың десятина. Бұларға қараған 89 миллион 137 мың жан бар, бұлардан 13 миллион 344 мың десятинаға егін шықпай 25 миллион 889 мың жан ашығып отыр. Мұның үстіне Украинада шыққандары мен егін шықпай қалғандарын қоссақ, барлық егін өнбеген жер – 20 миллион 724 мың десятина (50 миллион десятина жердей), ашыққан жанның саны 37 миллион 201 мың жан (114 миллион 742 жаннан). Россия мемлекетінде егін шығымды, жазығы көп болатын Еділ мен Жайық жағасында теп-тегіс егін бітпей қалып отыр. Ол жерлердегі күн айтылып отырған 20 миллион халық ашығуда. Басқа жерлердегі егіні бар жаққа ертерек орналасқандықтан айтарлықтай ашаршылық көрген жоқ. Бірақ сол жерлердің өз елдері оншама ашаршылық көрген жоқ. Себебі: ел жерлерден аштарға жәрдем үшін азық-түлік, керек-жарақ жинай алмайды. Олар да өздерінен артыларлық болмаған соң ашыққандар үшін нәрсе артылтырып бере алмайды. Еділ жағасындағы елдердің халі көрер көзге өте жаман. Бұл туралы сан рет жазылып та жатыр. Мына кейінгі сандар Еділ бойындағы шыққан губерниялардың астығының кемдігінің, һәл қаншама астық керек екендігін білдіреді.

Аштарға көмек кезінде қаңғып қалған балаларға ерекше назар аударылды. Балалардың тұрмысы мен өмірін жақсарту жөніндегі комиссия Ашыққандарға көмек көрсететін республикалық Орталық комиссияның балалар арасындағы аштықпен күрес жөніндегі арнаулы бөлімі болып қайта құрылды. Республиканың аштық жайлаған барлық губернияларында бөлімнің жергілікті органдары ұйымдастырылды. Осы ұйымдардың жұмысы нәтижесінде 1922 жылдың бірінші жартысында республиканың 5 губерниясында аш және қараусыз балаларды тамақпен және киіммен тегін қамтамасыз ететін 575 балалар үйі мен 9 станция пайда болды. Ресей Федерациясының жағдайы қанағаттанарлық деп есептелген кейбір губернияларына 18 496 қаңғып қалған балалар мен жетім балаларды тиеген 16 әскери-санитарлық поезд жөнелтілді (Чурин Х., Сәрсекөв Ж., 1960) Осы деректердің өзінен байқағанымыз аштық кезінде елдің

жағдайының тіпті мүшкіл екенін байқаймыз. Аштық жайынан берілген ақпараттармен қатар басылым беттерінде жәрдем сұрау нышандары да көрініс тапқан.

Журналдың 1922 жылғы №4 санында «Аш жетімге жәрдем» деген өлең басылады. «Кімнің шуы сардалаңда, Тыңдашы, кім жылаған көл боп ағып көз жасы?» деп сұрау қойды да:

Ол жас жетім, жас балалар жетпеген.

Өмірлері жаңа гүлдеп беттеген.

Жүздеп, мыңдап күтіп отыр өлімін

Жас періште емшек табы кетпеген, –
деп жауап береді.

«Тоқ ағайын, аш бауырды көріңдер!

Барың болса, аш балаға бөліндер! – деп баспасөз арқылы жұртты аш балаларға жәрдем беруге шықырған өлең жолдары да басылады.

Халықтың басына туған қиын уақытты да бас пайдаларына шешіп кеткен ұйымдар да болған секілді. Оған мына деректер негіз болады. Шет мемлекеттерден ашыққандарға жәрдем

беру үшін жасалған «Ара» сияқты ұйымдарға сене беру мүмкін емес және бұл ұйымдардың ашыққан балаларға жәрдем үшін жасалып, һәм сол ашыққан балаларға керекті заттардың жетпей жатқан кемдігін толтырмақшы. Бұл ұйымдардың ерлегенде 1 жарым миллион бала бағуға күші жетеді. Бұл 1 жарым миллион барлық ашыққан балалардың 4-тен яки 5-тен бірі-ақ болса керек. Сол себепті аштарға жәрдем ісінде мықты, зор сүйеніш қорғанымыз жер жүзінің еңбекшілері. Анық хабар болмағанымен де соңғы уақыттағы мағлұматтарға қарағанда 15 октябрьге дейін жәрдемші комитеттер 30 миллион пұл жинаған көрінеді. Ноябрь айында болатын аштарға жәрдем жеткілігі жақсы жүріп барады. Жәрдемші, еңбекшіл комитетінде аштар үшін қайдан да болса қарызға пұл табу мәселесі қаралып жатыр. Бұл ойға алған ашыққандарға жәрдем ісі жақсы орындалып жатты («Қызыл Қазақстан» журналы, №4, 1922 ж.,) – деп ақ қараны ажыратқан хабарламалар да болды.

3-кесте

Аштардың саны											
Губерниялар	Халық саны	Декабрь-январь		Январь-март		Март-май		Май-июнь		Июль-сентябрь	
		Аш-тың саны	Жүзден %	Аш-тың саны	Жүзден %	Аш-тың саны	Жүзден %	Аш-тың саны	Жүзден %	Аш-тың саны	Жүзден %
Бөкей	260,000	176000	80	177000	80	190000	25	190000	25	190000	25
Ақтөбе	474,000	292000	61	292000	61	325000	68	325000	68	325000	28
Қостанай	451000	265000	68	265000	67	301000	67	301000	68	301000	27
Орал	388000	288000	76	388000	76	405000	79	405000	79	405000	79
Орынбор	555000	288000	23	279000	61	317000	66	337000	60	338000	60

1922 жылғы алғашқы айларындағы деректерге сүйенер болсақ, Қазақстанның барлық 4 миллион 854 мың 751 жанынан 1 миллион 465 мың 753 адамды аштық зардабын тартып жатқан еді. «Қызыл Қазақстан» басылымының беттерінде «Аштық декабрь айынан басталатын түрі бар. Және де дұрыс тарқатылмаған себепті, жерлердегі ашыққан кедейлердің халдері өте нашар. Осы жоғарыда айтылған қиыншылықтар 85 миллион пұт киім аз қалды. Қапиясқа қоятын емес. Бұл қайдан табылады?» («Қызыл Қазақстан» журналы, №4, 1922 ж.,) деген ақпараттар таратылып жатты. Басылым бетінде Қазақ Республикасындағы

аштықтың ауданы да сарапталды. Онда Қазақ республикасындағы аштық болуына екі түрлі себебі бар деп түсіндіріледі. «Бірінші, халықтың шаруасы күйзеліп, мал, егіншілік шаруасының төмендеп кетуі. Екінші, биылғы құрғақшылықтан егін, шөптің шықпай қалғандығы. Былтыр халықтың көбі жұтқа шалдығып, қазақ болсын, орыс болсын шаруасы бұзылды. Жазғытұрым халық қолында жұттан қалған малы қырылып, шөп басы таусылып, астық азайып, жүдеп-жадап шықты. Қазақ халқының мал тұқымы азайып жаз күн көретін сүтін ішіп қорек қылатын малдары қысты күні аштастады, қырылды. Крестьяндардың

астығы қазынаға алынды. Сондықтан халықтың қолында тіршілігін сақтарлық артық астық, сауып ішерлік сауын қалмады. Бәрібір биылғы жазғы құрғақшылық болып, егін шөп шықпай қалмағанда да жұрттың көбі аштыққа ұшыраған болар еді. Бұл шаруашылықтың бұзылған қиындығы, тұрмыстың ауырлығының үстіне биыл жаз жұрттың мал бағатын жайлауларында шөп шықпады. Сөйтіп, қысқы жұттың зардабына құрғақшылық қосылып халық зор аштықтың апатына ұшырады. Шаруашылықтың бүлінудің түзету үшін көп уақыт керек. Бүлінген шаруаны түзету орнына бұрын құлақ айтысып, көз көрмеген аштық жағылғанға жұдырық болды» деп себеп-салдарын таратып жазады («Қызыл Қазақстан» журналы, №4, 1922 ж.). Аштық уақытына қарамастан журнал өз жұмысын жалғастырып, міндеттерін айқын атқарып жатты деуге болады. Төмендегі кестеге зер салып қарар болсаңыздар аштардың саны жөніндегі мәліметті мынандай кестеге салып, басылымда жариялаған екен.

Журнал бетінде жарияланған арнайы кестелер кирилл қарпіне тұңғыш рет түсіріліп осы мақалада жариялап отырмыз. 1922 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының 4-ші санында жарияланған аштардың саны жайлы мәлімет, міне, осындай.

Қорытынды

Мақаламызды түйіндей келе, еліміз үшін аштықтың зардабы мен оның нәтижесінің қандай

қорқынышты екендігін ашық жазған деректерді келтіргіміз келеді. «Аш губерниялардың ішермендікке керек астығы 9,575000 пұт, бұған келесі пұт астықты қосқанда 13,20000 пұт болады. Бұл халыққа ең аз мөлшерін бергендегі керекті. Мұны патшалық беруге міндетті. Егер де бұл астық табылмаса халықтың бәрі аштан өліп, құрып таусылмақ. Қазақ Республикасындағы жергілікті халық қазақ халқы мәдениет жүзінде әбден кейін қалған көшпелі жұрт. Далада астық апаратын шойын жол, оларды қарайтын аурухана бастарын қосып бір жерден асырауға жері шалғай бытыранды, аштықтан сол жаққа көшіруге жылы киімі жоқ ауырып аштан қырылып жатыр. Соның үшін қалғанын аман сақтап алып қалу үшін жылдамырақ жәрдем ісіне қатынаспаса қазақ халқынан тарихта бар еді жоқ болды деген қана сөз қалмақ» («Қызыл Қазақстан» журналы, №4, 1922 ж.) деп, ұлттың жойылып кетуінен қауіптеніп, аштықтан шығар жолды баспасөз арқылы қарастырады. Тарихшы ғалым М. Қойгелдиев: «... газет материалдары XX ғасырдың алғашқы жиырмасындағы қазақ қоғамында болып өткен түрлі қоғамдық процестерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректер» (Қойгелдиев М., 1995) – деп өз бағасын берген. Сол секілді біз де өз тарапымыздан «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланған мақалалардың қоғамда орын алған саяси-әлеуметтік мәселелерді жариялаудағы орнын, деректік құндылығын айқындап көрдік.

Әдебиеттер

- Бекқожин Х. (1981). Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. – Алматы: «Мектеп», Б- 95.
 «Енбекші қазақ» газеті 09.02.1923ж.
 Жұртбай Т. (2008). Ұраным-Алаш! 1-том, «Ел-шежіре», Б.92
 Жұртбай Т. (2008). Ұраным-Алаш! 1-том, «Ел-шежіре», Б.101.
 Қамзабекұлы Д. (2009). Смағұл Сәдуақасов: Ғұмырнамалық деректі хикаят. – Алматы: «Қазақстан», Б. 32.
 Қамзабекұлы Д. (2009). Смағұл Сәдуақасов: Ғұмырнамалық деректі хикаят. – Алматы: «Қазақстан», Б.32.
 Қожакеев Т. (1991). Жыл құстары. – Алматы, «Қазақстан». – Б.30.
 Қожакеев Т. (1991). Жыл құстары. – Алматы, «Қазақстан». – Б.123.
 Қозыбаев М. (1998). Тарих зердесі. 1-кітап. – Алматы: “Ғылым”.
 Қойгелдиев М. (1995). Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат. – Б.111.
 «Қызыл Қазақстан», (1925), №2.
 «Қызыл Қазақстан» журналы, №4, 1922 ж.
 Омарбеков Т. (1997). Ашаршылық ақиқаты //Ақиқат. – №5.
 Чурин Х., Сәрсекөв Ж. (1960). Күрес күндерінде. – Алматы. – Б.115–116.
<http://www.aktobegazeti.kz>

References

- Bekkozhin H., *Kazakh baspasozı tarikhynyn ocherki*, (Essay about the history of the Kazakh press). Almaty, «Mektep», 1981, B- 95.
- Churin H., Sarsekov Zh. *Kures kunderinde* (On the days of the fight). A., 1960, B.115-116.
- «Enbekshi kazakh», (Kazakh worker) gazetı 09.02.1923zh.
- Kamzabekuly D., Smagul Saduakasov: *Gumyrnamalyk derekti hikayat*, (Documentary life story).-Almaty: «Kazakhstan», 2009, B.32.
- Kamzabekuly D., Smagul Saduakasov: *Gumyrnamalyk derekti hikayat*, (Documentary life story).-Almaty: «Kazakhstan», 2009, B.32.
- Koigeldiev M. *Alash kozgalisi*, (Alash movement). – Almaty: Sanat, 1995. – Б.111
- Kozhakeev T., *Zhyl kustary*, (Migratory birds), Almaty, «Kazakhstan»1991, B.30.
- Kozhakeev T., *Zhyl kustary*, (Migratory birds), Almaty, «Kazakhstan» 1991, B.123.
- Kozybaev M., *Tarikh zerdesi*, (Mind of History). 1-kitap. – Almaty: “Gylym”, 1998.
- «Kyzyl Kazakhstan», (Red Kazakhstan), 1925, №2
- «Kyzyl Kazakhstan», (Red Kazakhstan) zhurnaly, №4, 1922zh.
- Omarbekov T., *Asharshylyk akikaty*, (The Truth of Hunger) //Akikat. 1997. №5.
- Zhurtbay T., *Uranym-Alazh!*, (My slogan is-Alash!) 1-tom, «El-shezhire», 2008. B.92
- Zhurtbay T., *Uranym-Alazh!*, (My slogan is-Alash!) 1-tom, «El-shezhire», 2008. B.101.
- <http://www.aktobegazeti.kz>

Әнуарбек Ә.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: asel.anuarbek@mail.ru

ОНЛАЙН ХАБАР ТАРАТУ ЖҮЙЕСІНІҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Мақалада телеақпарат кеңістігіндегі онлайн хабар тарату жүйесінің қолданыс аясы, кәсіби деңгейі ғылыми тұрғыдан талданады. Отандық телеақпарат кеңістігіндегі онлайн хабар тарату жүйесі сарапқа салынып, отандық тележурналистикадағы онлайн хабар таратудың шығармашылық сипаты мен проблемалары қарастырылады. Онлайн хабар тарату жүйесінің жұмысын жетілдіру үшін қажетті шаралар тізбектеледі. Дәстүрлі телевизия мен онлайн хабар тарату жүйесінің айырмашылықтары сипатталады. Мақалада онлайн хабар тарату жүйесінде контенттің маңыздылығына баса мән берілетіндігі сөз болады. Сонымен бірге, отандық телеарналардың онлайн хабар таратудағы кемшіліктері айқындалады. Отандық және әлемдік онлайн хабар тарату жүйесінің деңгейі мен жұмыс барысы салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталады. Онлайн хабар тарату жүйесі арқылы телеиндустрияның рейтингін арттыру жолдары да сараланады. Отандық телеақпарат кеңістігіндегі онлайн хабар тарату жүйесінің оперативтілігі мен уақытқа тәуелсіздігі де назардан тыс қалмайды. Бұл мақала онлайн хабар тарату жүйесіндегі кездесетін проблемаларды тізбектей отырып, жаңа жүйенің одан әрі дамуына, келешегіне бағдар жасайды. Әлемде қарыштап дамып үлгерген онлайн журналистика қазақстандық телеақпарат кеңістігінде неге кенже қалып жатқанына да баса назар аударылады.

Түйін сөздер: телеақпарат кеңістігі, онлайн хабар тарату жүйесі, дәстүрлі медиа, онлайн журналистика.

Anuarbek A.

Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: asel.anuarbek@mail.ru

Professional level of online broadcasting: problems and perspectives

This article analyses the professionalism and scope of using online coverage in television. It is investigated the system, the creative form, and the problems of online broadcasting of domestic television. The necessary steps are being taken to improve the functioning of the online broadcasting system. Characterized the differences between traditional TV and online broadcasting systems are described. In article importance of content in the system of online broadcasting is emphasized. One more advantage of online television – existence of huge number of channels of a certain subject. At the same time, there is a lack of online broadcasting on domestic TV channels. The domestic and world level of system broadcasting online is compared, their similarities and distinctions are defined. Ways of increase in rating through system broadcasting online are considered. This article analyses problems which online of broadcasting and further development of system online face in system. The efficiency of system broadcasting online is considered.

Key words: television, online broadcasting, traditional media, online journalism.

Ануарбек А.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: asel.anuarbek@mail.ru**Профессиональный уровень онлайн-вещания: проблемы и перспективы**

Данная статья посвящена изучению профессионализма и масштаба использования онлайн-освещения на телевидении. Были исследованы система, творческая форма и проблемы онлайн-освещения отечественного телевидения. Перечисляются меры, необходимые для совершенствования работы системы онлайн-вещания. Характеризуются различия в системах традиционного телевидения и онлайн-вещания. В статье подчеркивается важность контента в системе онлайн-вещания. Вместе с тем, определяются недостатки онлайн-вещания отечественных телеканалов. Сравнивается отечественный и мировой уровни системы онлайн-вещания, определяются их сходства и различия. В статье дается описание видения развития казахстанских телевизионных медиа в эпоху технологического развития. Рассматриваются способы повышения рейтинга через систему онлайн-вещания, анализируются проблемы, с которыми сталкиваются в системе онлайн-вещания и дальнейшее развитие системы онлайн. Рассматривается оперативность системы онлайн-вещания. В мире активно развивается система онлайн-вещания, а в Казахстане система онлайн-вещания пока что не развита. Но по современным стандартам, все телеканалы ведут трансляцию в режиме онлайн, потому что в настоящее время традиционное вещание не является единственным путем предоставления информации.

Ключевые слова: телевидение, онлайн-вещание, традиционные медиа, онлайн-журналистика.

Кіріспе

Технология қарыштап дамыған қазіргі уақытта ақпарат құралдары мобильділікті арттыруға міндетті. Бүгінгі күні ақпарат құралдарының арасында интернет сайттары мен ғаламтордағы басылымдардың шоқтығы биік болып отыр. Интернет журналистиканың дамуы дәстүрлі медиаға да әсер етпей қоймады. Әлемдік ақпарат кеңістігіндегі технологиялық өзгерістер дәстүрлі медиа түрлерінің, яғни, газет-журнал, телеарна, радионың да ғаламтордағы нұсқаларын әзірлеуді қолға алуына түрткі болды. Ғаламтор әлемді шырмамай тұрған уақытта ақпарат таратудың негізгі көзіне айналған телеарналар да қазіргі уақытта жаңа бағытқа ойысып, хабар таратудың тың әдістерін іздеуге көшті. Бұл ретте телеарналар өздерінің ғаламтордағы нұсқасын ұсынып, заман талабына ілесті деуге әбден негіз бар. Телеарналардың ғаламтордағы нұсқасы көрермендердің қалаған телебағдарламасын өз уақытында тамашалай алмай қалса, кейінірек ғаламтордағы нұсқасын көруге мүмкіндік берді. Бұл аудиторияны толық қамту үшін жасалып отырған әдістің бірі. Уақыт өте келе телеарналар ғаламторда тек мұрағаттық бағдарламаларды ғана ұсынудан бас тартты. Яғни, телеарналар онлайн хабар тарату жүйесіне көше бастады.

Негізгі бөлім

Телевизия – өзіндік құнды құпиялары мол, күрделі әлем. Көгілдір экран адамзат өмірінің

өн бойында елмен бірге есейіп, қалың орман көрерменімен күн сайын сырласып келе жатқан ерекше ақпарат құралы екенін ең қатаң сыншы – уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Ахмет Байтұрсынов бір кездері «Қазақ» газетін «халықтың көзі, құлағы, һәм тілі», – деген болса, бүгінде әрбір үйдің төрінде тұрған көгілдір қобдиша алыс-жақын ауылдар мен қалалардағы көпшілікті ақпарат көзімен сусындатып отырған басты құрал деп айтуға әбден болады. Сондықтан ондағы жасалған әрбір бағдарлама немесе хабар халыққа пайдалы, көрерменіне көзайым бола алса – мақсатқа жету деген осы! (Тұрсын Қ; 2007).

Расымен де, теледидар бір кездері халықты жаңалықтарымен сусындататын басты ақпарат құралы болатын. Бірақ бүгінгі дәуір мұның бәрін өзгертті. Қазір телевизияның жұмысы да, мақсат-міндеті де бөлек.

Онлайн телевизия немесе онлайн телеарна – телевизиялық сигналды интернет-байланыс арқылы сандық тұрғыда жеткізуге бағытталған жүйе. Бірақ онлайн хабар тарату жүйесін кабельдік хабар таратумен салыстыруға келмейді. Қазіргі уақытта онлайн телехабар тарату жүйесі дамудың жаңа сатысына көтерілді. Егер бұған дейін онлайн телевизия кез келген адамға түсінікті болмағанын ескерсек, бүгінде бұл жаңа жүйе ауқымды масштабқа ие. Дәстүрлі телевизияда жүзеге асыру мүмкін болмаған телевизиялық контентті таңдау мүмкіндігіне де көрермендер онлайн телевизия арқылы қол жеткізді. Топтық бейнелер арқылы берілетін бағдарламалардың қаралымын онлайн жүйеде телеарналардың рес-

ми сайттарынан компьютерге арналған арнайы бағдарламалар, смартфондар, телеарнаның IP-адресі көрсетілген база арқылы анықтауға жол ашылады. Кейбір онлайн жұмыс істейтін бағдарламалар (приложения) әлемнің мыңдаған телеарналарының IP-адрес базаларын бір жерге тоғыстырады. Бірақ онлайн телевизия дәстүрлі телеақпарат таратудан суреттердің сапасы және сигналдың тұрақтылығы жағынан кейін қалады (Уикипедия ашық энциклопедиясы).

Телеақпарат кеңістігінде онлайн хабар тарату жүйесінің пайда болуы оның бірден ілгерілеп кеткендігін білдірмейді. Әлі де қазақ телевизиясында онлайн хабар тарату жүйесінің жұмысы жоғары деңгейде жүргізілмейді. Сапасы да көңіл қуантарлықтай емес. Бұл жүйенің телеақпарат кеңістігінде қолданыс аясының тар болуы ақпараттық-технологиялық әдістерді терең меңгерген журналистердің аз болуынан. Оның үстіне, онлайн хабар тарату жүйесі телевизияда өзінің ғылыми-шығармашылық сипатын көрсете алмай отыр. Қазақ телевизиясындағы онлайн хабар тарату жүйесі терең зерттелген жоқ. Бұл тақырыпқа терең бойлап, тележурналистикадағы онлайн хабар таратудың қолданыс аясын саралауға қадам басқан жан жоқ. Тележурналистика саласында бұл тақырыптың қажеттілігін көрермендерге ұғындыру үшін ғылыми зерттеу керек.

Интернет жүйесі арқылы ақпарат таратудың дәстүрлі телеарнадан басты ерекшелігі неде? Алғашқы хабар тарату жүйесі арқылы көрерменнің өзі қалаған уақытта кез келген жерден кіріп, қажетті ақпаратты алуына мүмкіндігі мол. Сонымен қатар, ғаламтордағы онлайн арналардың барлығы дерлік ғаламдық мәртебеге қол жеткізеді. Ал мұндай мүмкіндік дәстүрлі арналарға берілмеген. Дәстүрлі телеарналардың көрерменге ыңғайлы уақытта ол қалаған дүниені көрсете алмайды. Өйткені оның мүмкіндігі шектеулі, уақыты өлшеулі.

Нәтиже

Кез келген телеарнаның ғаламтордағы онлайн нұсқасын әзірлеу арнадан көрсетілген бағдарламалар мен жобаларды жариялап отырумен бітпейтіндігіне баса назар аударған дұрыс. Онлайн жүйенің аудиторияға қызмет көрсетуші ақпараттық ресурстардың бірі екенін есте ұстау шарт. Онлайн арналарда да маңызды рөлді контент атқарады. Ғалым Д. Тереховтің зерттеулеріне назар салатын болсақ, сайтты мазмұндық (контенттік) жағынан толықтыру үшін баса назар аудару қажет бағыттарға мыналар жатады:

Біріншіден, телеконтент қандай аудиторияға арналатындығы және оны қандай мақсатта жасап отырғандығын анықтау қажет.

Екіншіден, интернет кеңістігінің талаптарына сай болу керек. Сондай-ақ, қатар мақсатты аудиторияны айқындау маңызды.

Үшіншіден, әлеуметтік желілер арқылы аудиторияның назарын өзіңізге аударуды меңгеру қажет (Уланова М.А.; 2014).

Әлемде онлайн-телевизияға деген сұраныс күн санап артуда. Оның негізгі себептері – Smart TV-ның және мобильді тұғырнамалардың дамуы. Медиабизнес саласының мамандары тұтынушының сұранысын қанағаттандыруға тырысуда. Онлайн режимде жұмыс істеуге көшіп жатқан компаниялардың саны жылдан жылға артуда. Онлайн тұғырнамалар жоғары сұранысқа ие және оларға сапалы контент өте қажет. Бір жағынан алып қарасақ, қызметтерін ұсынатын студия, продюсер, дистрибьютерлер көп-ақ. Және олар онлайн тұғырнамаларға өнімдерін жариялаудың жолдарын іздейді (<http://kazakh-tv.kz>).

Онлайн телехабар тарату жүйесі мына дүниелерді жүзеге асыруға қабілетті:

1. Әр қолданушының жазылу пакетін басқаруға;
2. Телевизия мазмұнын кез келген деңгейде қорғауға;
3. MPEG-2, MPEG-4 форматында арналарды трансляциялауға;
4. Телевизиялық бағдарламаларды ұсынуға;
5. Телевизиялық бағдарламаларды тіркеуге;
6. Бұрын болып кеткен бағдарламаларды қайта қарауға;
